Г.Ж.Азретбергенова, М.А.Кулбаева, Т.А.Абдрашитова

САЛЫҚ ЖӘНЕ САЛЫҚ САЛУ

Оқу құралы

Түркістан – 2018

ӘӨЖ 336(075)
КБЖ 65.261.3я73
А30

Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті Сенатында бекітілген (Хаттама № 5 14.05. 2018жыл)

Пікір жазғандар:

А.Т.Кенжалиев – экономика ғылымдарының кандидаты, «Түркістан Қ.А.Ясауи» кәсіптік колледжінің директоры;

Б.М.Дандаева – экономика ғылымдарының кандидаты, «Менеджмент және туризм» кафедрасының доценті;

Г.Ж.Азретбергенова .
Салық және салық салу: Оқу құралы. / Г.Ж.Азретбергенова, М.А.Кулбаева, Т.А.Абдрашитова. – Түркістан: Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, 2018. – 160 бет.

ISBN 978-601-7168-73-5

Оқу құралында салықтар негіздері, оның мазмұны, салық жүйесі, салықтардың түрлері және оларды есептеу беріледі. Өткен материалды бекіту үшін тестілер бар. Оқу құралы «Салық және салық салу» 5В050900-қаржы және 5В050800-есеп және аудит мамандықтарының студенттеріне арналған.

ISBN 978-601-7168-73-5

© Г.Ж.Азретбергенова, М.А.Кулбаева, Т.А.Абдрашитова
Түркістан 2018ж.

Кіріспе

«Салық және салық салу» пәні экономика мамандықтарының бакалавриат бағытында оқитын студенттеріне арналады.

«Салық және салық салу» курсының негізгі мақсаты:

- салықтар мен салық салу жүйесінің қызмет етуінің теориялық аспектілерін оқып үйрену, яғни салықтардың экономикалық мазмұнын қарастырумен бірге салықтардың функциялары мен принциптерін, Қазақстан Республикасында салықтар мен салық жүйесінің құрылуы мен тарихи дамуының кезеңдерін, еліміздегі салық реформаларының негізгі концепциялық бағыт-бағдарын ашып қарастырып оқыту;

- салық салудың практикалық есептіліктерін терең қарастырумен қатар, нақты салық түрлерінің практикалық есептелуін жетік меңгеру, салық заңдарын жан-жақты оқып үйренумен бірге салықтық тетіктердің асер етуін оқып-білу. Қазақстан Республикасының салық заңнамасына «бой алдыру».

Курс бағдарламасын оқып-үйренуге негізгі бағыт-бағдарлар:

- Салықтардың қызмет етуі мен дамуының теориялық аспектілері;
- Қазақстан Республикасының салық жүйесінің құрылуы мен дамуының кезеңдері;
- Бюджет жүйесі арасында салықтар мен алымдардың бюджетаралық бөлінуі;
- Қазақстан Республикасының салық жүйесін де салықтардың негізгі топтарының қалыптасуы мен оларды есептеу мен төлеу механизмінің ерекшеліктері;
- Салық төлеушілердің жекелеген санаттарына арнайы салық режимдерін қолдану ерекшеліктері; Қазақстан Республикасындағы салық жүйесіндегі алымдар, баждар мен басқа да міндетті төлемдерді есептеудің ерекшеліктері.

«Салық және салық салу» оқу пәні «Экономикалық теория», «Менеджмент», «Макроэкономика», «Микроэкономика», «Бухгалтерлік есеп және аудит», «Қаржы» (теория және оны ұйымдастыру) сияқты оқу пәндерінің жалғасы болып келеді.

«Салық және салық салу» курсы «Шет мемлекеттер салығы», «Қаржы менеджменті», «Корпоративтік қаржы», «Банк ісі» пәндерімен сабақтас пән болып табылады.

1. Салықтардың экономикалық мәні мен табиғаты

Салықтар – тауарлы өндіріспен бірге, қоғамның топқа бөлінуінің және мемлекеттің пайда болуымен, оған әскер, сот, қызметкерлер ұстауға қаражаттың қажет болуынан пайда болды.

Салықтар барлық елдерде олардың қоғамдық – экономикалық құрылысы мен саяси іс бағытына қарамастан ұлттық мемлекет кірістерінің негізгі көзі, ұлттық табысты қайта бөлудің басты қаржылық тетігі, мемлекеттің кірістерін және бюджеттің кірістерін қалыптастырудың шешуші көзі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 35-бабында: заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің борышы әрі міндеті болып табылады, - жазылған.

Салықтар мемлекеттің өмір сүруінің негізі болып саналады. Мемлекетті ұстау үшін, халықтың ақшалай немесе натуралдық формада тұрақты түрде төлейтін жарналары қажет болады. Адамзаттың даму тарихында салықтың нысандары мен әдістері мемлекеттің сұранымдары мен ажеттеріне қарай бейімделіп, өзгерістерге ұшырап отырады.

Салықтар мемлекеттің құрылуымен бірге пайда болады және мемлекеттің өмір сүріп, дамуының негізі болып табылады. Мемлекет құрылымының өзгеруі, өркендеуі қашан да болса, оның салық жүйесінің қайта құрылуымен, жаңаруымен бірге қалыптасады.

Салықтар тауар-ақша қатынастарынан тыс қолданылады. Натуралды салықтардың мөлшері мен түрі нақты жергілікті жағдайларға бағынған.

Мысалы: бір адамнан 1 құндыз терісі немесе 10 пұт тұз және т.б. алынған.

Тауар-ақша тауарларының нығаюмен натуралды салықтың рөлі айтарлықтай азайды. Дегенмен, олар соңғы уақытқа дейін пайдаланылды (1953 жылға дейін жүн, жұмыртқа, сүт, май өткізілген).

Егер екі мемлекет бір-бірімен соғыс жүргізсе, жеңген мемлекет жеңілген мемлекеттің барлық байлығын тонап алады, болмаса белгілі бір мөлшерде салық салып отырған.

Еліміздегі салық салу жалпыға бірдей және міндетті болып табылады. Жеке сипаттағы салық жеңілдіктерін беруге тиым салынады. Салық салу мәселелерін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер ресми басылымдарда міндетті түрде жариялануға жатады.

Мемлекетке түсетін салық түсімдерінің сипатты ерекшелігі олардың сан алуан қоғамдық қажеттерге кейін иесіз пайдаланылуы болып табылады. Осынысымен салықтардың мемлекет, сондай-ақ басқа жергілікті органдар белгілейтін түрлі міндетті мақсатты жарналардан, төлем аударымдарынан айырмашылығы болады.

Салықтардың мынадай негізгі қызметтері (функциялары) бар:

- реттеушілік;
- фискалдық;
- қайта бөлу.

Фискалдық функция – барлық мемлекеттерге тән негізгі қызмет. Оның көмегімен бюджеттік қор қалыптасады, мұның өзі салықтардың қоғамдық

міндеттерін арттыра түседі. Өйткені салықтар мемлекеттік бюджеттің кірісін толтыра отырып, экономикада әлеуметтік-мәдени шараларды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Салықтардың реттеушілік функциясы мемлекеттің экономикалық қызметінің ұлғаюымен байланысты пайда болады.

Ол ұлттық шаруашылықтың дамуына қабылданатын бағдарламаға сәйкес ықпал етеді. Бұл орайда салықтардың нысандарын таңдау, олардың ставкаларының, алу әдістерінің өзгеруі, жеңілдіктер мен шегерімдер пайдаланылады. Бұл реттеуіштер қоғамдық ұдайы өндірістің құрылымы мен үйлесіміне, қорлану мен тұтыну көлеміне ықпал етеді.

Қазақстан Республикасының президенті Қазақстан халқына «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Салық салу нысандары, әсіресе өндіріс, жаңа технологиялар және біздің еліміздің индустрияландырылу салалары үшін жайлы салық режімін енгізу қажет. Қолданыстағы барлық салық жеңілдіктеріне тексеру жүргізуді, оларды барынша тиімді жасауды тапсырамын»,- деп айқындай келе, ал ақша-кредит саясаты саласында әрбір қазақстандықтың табысын қорғауды қамтамасыз ету маңызды екендігін баса айтқан Елбасы: «Инфляция деңгейін экономикалық өсім үшін қолайлы ұстау қажет. Бұл 2013 жылдан бастап Ұлттық банк пен Үкімет жұмысының басты бағыты», - деп атап көрсетті Н.Назарбаев[1].

Салықтар– бұл заңды негізде мемлекеттің жүзеге асыратын, заңды және жеке тұлғалардан алынатын қайтарусыз сипаттағы міндетті төлемдері мен алымдары болып табылады. Олар заңды және жеке тұлғаларды мемлекеттің қаржылық ресурстарын қалыптастыру барысына қатысуына оң ықпал бере отырып, міндеттейді.

Салық –нарықтық экономиканың қалыптасуына мемлекеттің әсер етуіне жәрдемдесетін негізгі экономикалық тетік болып табылады. Отандық және шетелдік тәжірибе көрсеткендей, салық пен салық жүйесі экономиканы басқарудың аса мобильді қаржылық институты болып танылады.

Қазақстан Республикасында нарықтық экономиканың қалыптасу кезеңінде, кәсіпкерлік қызметке қысым көрсетпейін ұтымды салық жүйесін құру күнннен күнге анағұрлым маңызды мағынаға ие болып келеді.

Салықтық түсімдер негізінде, мемлекеттің қаржы ресурстары қалыптасады

Сонымен қатар, салықтарды экономикалық мәні бір жағынан шаруашылық субъектілер мен азаматтардың, екінші жағынан мемлекеттік қаржыларды қалыптастыру бойынша мемлекеттің өзара ара қатынастарын айқындайды. Сонымен қатар салықтық төлемдердің көздері ұлттық табыстың бір бөлігін құрайды. Ұлттық жиынтық табыс қоғамдық өндірістің барлық қатысушыларының бастапқы ақшалай қаражаттарының негізін құрайды. Жиынтық өнімнің құндылықтарды өзара бөлістірілу үрдісі бастапқы ақшалай қорлардың қалыптасуымен шектелмейді; қоғамдық өндірістің негізгі қатысушыларының ақшалай қаражаттарын мемлекет пайдасы үшін жұмысшылардан – табыс салығы, зейнетақы мен сақтандыру қорларына аударымдарды (егер бұл қорлар мемлекеттік болса), ал шаруашылық

субъектілерінен –пайдаға салынатын салықтармен басқа да төлемдер түрінде бөлістіреді. Кәсіпорындардың ақшалай жинақтары материалдық өндіріс үрдісіндегі қоғамның таза табысын сипаттайды. Олар мемлекеттік бюджеттің кірістерінің негізгі көзі болып табылады. Бюджетпен қаржылық есеп – айырысудан қалғаннан кейінгі қалған ақшалай қаражаттар кәсіпорынның меншікті қаражатында қалады. Осыған сәйкес корпорациялар барлық салықтарды пайда есебінен төлесе, ал жеке тұлғалар болса, өздерінің табысынан төлейді. Салық төлеушілердің жалпы саны- салық жөнінен құзіретті органдарындарға тіркелген заңды тұлғалар, жеке азаматтар, кәсіпкерлердің жалпы жиынтық санымен нақтыланады. Кез келген салынатын салықтар нақты және жеке салықтар болып екіге бөлінеді.

Нақты салықтар дегеніміз бұл мүлікке салынатын салықтарды құрайды. Бұл салықтар кірістен немесе мүліктен алынады. Оның басты ерекшелігі салық салу барысында салық төлеушінің қаржылық жағдайын мүлдем есепке алмайды.

Ал жеке салықтар халықтардың кірістерінен алынып, салық төлеушінің төлем қабілеттілігі ескереді.

«Салық» және «Салық салу» ұғымдарын ажырата білген жөн: бірінші жағдайда – бұл экономикалық және қаржы категориясы, екіншісінде – экономикалық-құқықтық тетіктерді пайдаланып, салық төлемдерін өндіріп алу (есептеу және алу) үдерісі ретінде қарастырылады[2].

Салықтың ұйымдастырушылық нысаны болып табылатындар: салық объектісі – салықтың алыну көзі болып табылады (табыс және мүлік және т.б.);

Әрбір салықтың құрамдас бөліктерін құрайтындар: Салық төлеуші немесе салық субъектісі– салықты және басқа да төлемді төлеуге міндетті заңды және жеке тұлғалар болып табылады. Салық объектісіне жататындар салықтың алыну көзі(табыс, өнім және мүлік т.б.) болып табылады. Салықтың түрі мен саны объектіге байланысты қалыптасады.

Тест сұрақтары

1. Салықтар қай кезде пайда болды?

А) сауданың дамуымен;
Б) мемлекеттің пайда болуымен;
С) өндірістің дамуымен;
Д) тауар-ақша қатынастарының дамуымен;
Е) бюджет жүйесінің дамуымен.

2. Салық дегеніміз не?

А) мемлекетбір жақты тәртіппен заң жүзінде белгілеген, заңды және жеке тұлғалардан белгілі бір мөлшерде қайтарымсыз және өтеусіз сипатта бюджетке төленетін міндетті төлемдер;

Б) мемлекеттік органдар көрсеткен қызметтер үшін төленетін және оны төлеушіге белгілі бір құқық не рұқсат беретін қайтарымды, баламалы міндетті төлем;

С) заңды және жеке тұлғалардың мемлекеттік мүліктерді пайдаланғаны үшін төлейтін алымы;

Д) заңды және жеке тұлғалардың арнайы қорларға төлейтін төлемдері;

Е) мемлекеттік органдардың жеке және заңды тұлғаларға көрсеткен қызметінің белгілі бір түрлері үшін алынатын ақшалай алымы.

3. Салық – бұл:

А) экономикалық категория;

Б) заңды тұлғаның табысы;

С) қаржылық ресурстар;

Д) жиынтық табыс;

Е) әлеуметтік категория.

4. Салықтардың экономикадағы ролі қандай?

А) жоспарлы;

Б) реттеушілік;

С) бағалық;

Д) шаруашылық есеп;

Е) ұдайы өндірістік.

5. Салықтар қандай қызмет атқарады?

А) реттеушілік, фискалдық, ынталандыру;

Б) фискалдық, қайта бөлу, реттеушілік;

С) бақылау, жоспарлау, ұйымдастыру;

Д) бағалау, басқару, бөлу;

Е) бақылау, тексеру, фискалдық.

6. Салықтар қай кезден бастап дами бастады?

А) мемлекетпен бірге;

Б) тауар-ақша қатынастары кезінде;

С) нарықтық қатынастар кезінде;

Д) алғашқы қауымдық қоғам кезінде;

Е) қаржы-бюджет жүйесімен бірге.

7. Түрлі субъектілер табысының бір бөлігі мемлекет пайдасына өтеді. Бұл салықтардың қай қызметі?

А) бақылау;

Б) реттеу;

С) қайта бөлу;

Д) ынталандыру;

Е) қазыналық.

8. Салықтардың экономикалық мәні мынада:

А) олар салық төлеушілер мен мемлекет арасындағы қарым қатынасты анықтайды;

Б) олар мемлекет өз функцияларын жүзеге асыру үшін шаруашылық субъектілер мен азаматтардағы жалпы ішкі өнімнің бір бөлігін орталықтандыру жөніндегі экономикалық қатынастардың белгілі бір бөлігі болып табылады;

С) олар салық төлеушілердің ақшалай табыстарын қайта бөлу жөніндегі экономикалық қатынастардың белгілі бір бөлігі болып табылады;

Д) олар ұлғаймалы ұдайы өндіріс мүмкіндіктерін шектейді;

Е) олар өндірістің бір бөлігі ретінде экономикалық категория болып табылады.

9. Салықтардың фискалды функциясы:

А) мемлекеттік бюджетке жұмылдырылған мемлекеттің ақшалай табыстарының қалыптасуымен тікелей байланысты;

Б) бұл функция біртіндеп тартылатын функция болып табылады;

С) бұл ақшалай табыстарды қайта бөлумен байланысты;

Д) салық төлеушілердің қаржы –шаруашылық қызметін бақылаумен байланысты;

Е) әлеуметтік мақсатты көздейді.

10. Салықтың реттеушілік функциясы мемлекеттің экономикалық функциясының кеңеюімен бірге пайда болды және ол:

А) қабылданған бағдарламаға сәйкес шаруашылықтың дамуына тікелей әсер етеді;

Б) амортизациялық саясатқа, инвестициялық жеңілдік, салық ставкаларын төмендету саясатына сүйене отырып, капиталдың жедел жинақталуына мүмкіндік береді;

С) төлем сұранысы құрылымын және оның көлемін өзгертеді;

Д) салық төлеушілерден орталықтандырылған мемлекеттің қаржы қорына қаражаттар алу;

Е) азаматтардың түрлі категориясы арасындағы қоғамдық табыстарды бөлу.

2. Салық элементтері және салықтардың жіктелуі

Салық субъектісі, объектісі және көзі.

Салық элементтері - салық заңы регламенттелген салықтың қолданылу жағдайын анықтайтын құрамдас бөліктері.

Салықтың бірнеше элементтері бар, атап айтқанда (1-сурет):

- салық субьектісі;
- салық обьектісі;
- салық көзі;
- салық мөлшері;

- салық жеңілдіктері;
- салық ставкасы;
- салық кезеңі;
- салықты есептеу тәртібі;
- салық есептілігі;
- салықты төлеу тәртібі.

Салық субъектісі

Салық субъектісі – заңды немесе жеке тұлға, яғни салықты төлеушілерді атаймыз.

Салықты төлеушілер:

- *қызметкерле**р*** - өз еңбегімен материалдық және материалдық емес игілік жасайтын, сонымен бірге белгілі бір түсім алатындар, яғни жеке тұлғалар;
- *шаруашылық субьектілері* – капитал иелері, яғни заңды тұлғалар.

Салық төлеуші - салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуші болып табылатын тұлға.

Тұлға - жеке тұлға және заңды тұлға болып бөлінеді.

Жеке тұлға - Қазақстан Республикасының азаматы, шет мемлекеттің азаматы, азаматтығы жоқ адам.

Салық тасымалдаушылар - іс жүзінде салық ауыртпалығы түсетін жеке тұлғалар, соңғы салық төлеушілер, яғни мемлекет азаматтары.

Заңды тұлға - Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің заңдарына сәйкес азаматтық, оның ішінде шаруашылық құқықтар мен міндеттер субьектісі ретінде әрекет ететін ұйым (шетелдік заңды тұлға) немесе кәсіпорын. Шет мемлекеттің заңдарына сәйкес құрылған компания, ұйым немесе басқа да корпорациялық құралым.

Заңды тұлғаның өз балансы, елтаңбасы, мөрі және банкіде есеп айырысу шот есебі болады.

Салық кодексінің мақсаттары үшін олар құрылған шет мемлекеттің заңды тұлғасы мәртебесіне ие ме, жоқ па - оған қарамастан дербес заңды тұлғалар ретінде қарастырылады.

Салық объектісі

Салық объектісі – салық есептелетін база, яғни салық не үшін төленетінін қарастырады, мәселен: табыс, мүлік, тауар, мұра, жер және т.б. Осы аталғандардан салық төленеді.

Салық көзі


Салық көзі – салық төлеу үшін белгіленген және қолданылатын ақша қаражаттары, бұл - жалақы, кіріс, дивидендтер, яғни салық неден төленеді.

Салық көзі - салық төлеуге арналған немесе қолданылатын ақша қаржылары.

Салықтың заемдық қаржылар көзі тек мәселенің қысқа мерзімде шешілуін көрсетеді.

Макроэкономикалық деңгейде салық төлеудің негізгі көзі ретінде - ұлттық табыс қатысады.

2.1-сурет Салықтың элементтері



Салық мөлшері және салық жеңілдіктері

Салық мөлшері – салық төлеушінің табысына қарай алынатын салық сомасын білдіреді және ол шекті, жеңілдікпен, орташа, нөлдік болып бөлінеді.

Салықтың шекті мөлшері – табыстың әр қосымша бірлігінен түсетін үстеме салықты білдіреді, мәселен жеке табыс салығы, әлеуметтік салық, жеке тұлғалардың мүлік салығы.

Салықтың жеңілдік мөлшері болады, оны мемлекет өз тарапынан белгілі бір салық төлеушілерге әлеуметтік жағдайын ескере отырып, салық ставкалары бойынша жеңілдік жасайды (мәселен, салықты төлеу мерзімін ұзартады, мүгедектерге немесе жалғыз басты азаматтарға, көп балалы аналарға, мемлекетке еңбек сіңірген азаматтарға және басқа да).

Салықтың орташа мөлшері деп салық төлеушінің табыстарын орта есеппен алады да, сол сомадан салық төлейді. Мысал ретінде патентті алуға болады. Бюджетке түсетін салық түсімдерін есептеу үшін *салықтың орташа мөлшері* қолданылады.

Ал *нөлдік салық мөлшері*, бұл салық төлеуден босатылады (мысалы, қосылған құн салығында нөлдік ставка бойынша салық төлеушілер бар, бұл мәселеге кейін толығырақ тоқталамыз).

Салық жеңілдіктері

Салық жеңілдіктері - төлем қабілетін, қоғамдық өндіріске қатысу және басқа да факторларды ескеріп заңмен қарастырылған жалпы ережеден шығару.

Салық жеңілдіктері - заңға сәйкес салық төлеушіні біртіндеп немесе салық төлеуден түгел босату.

Салық жеңілдіктерін бірнеше белгілер бойынша топтауға болады:

1. Салық субъектілері бойынша жеңілдіктер

Салық төлеушілердің өзіне салық жеңілдіктері беріледі. Жеке тұлғалардың мүлік салығында мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мерзімді қызметтен өту (оқу) кезеңінде салық төлеуден босатылады.

2. Салық объектісі бойынша жеңілдіктер

Бұл жерде салық салу обьектілеріне жеңілдік беріледі. Мысалы: көлік құралдары салығында мамандандырылған медициналық көлік құралдары салық төлеуден босатылған.

3. Салық базасы бойынша жеңілдіктер

Мәселен, жеке табыс салығы бойынша салық базасына мемлекеттік бағалы қағаздармен және агенттік облигациялармен жасалған операциялардан түскен табыс қосылмайды.

4. Салық ставкасы бойынша жеңілдіктер

Корпорациялық табыс салығында салық төлеушілер негізінен 30 пайыздық ставка бойынша салық төлесе, негізгі өндіріс құралы жер болып табылатын салық төлеушілер 10 пайыздық ставка бойынша салық төлейді.

5. Салық кезеңдері бойынша жеңілдіктер

Мәселен, қосылған құн салығы бойынша салық кезеңі – күнтізбелік ай болса, ал ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар үшін салық кезеңі бір жыл болып табылады.

6. Салықты есептеу тәртібі бойынша жеңілдіктер

Шағын бизнес субьектілерінің белгілі бір бөлігі оңайлатылған декларация негізінде салық төлейді.

7. Салық төлеу тәртібі бойынша жеңілдіктер

Мәселен шағын бизнестің кейбір субьектілері салықты бір жолғы талон немесе патент негізінде төлейді.

Сонымен бірге, салық ғылымында мынадай заңдылық бар:

“Неғұрлым салық жеңілдіктері көп болса, солғұрлым салық ставкалары жоғары болады және керісінше, салық жеңілдіктері аз болса, салық ставкалары төмен болады”.

Салық ставкасы және салық кезеңі

Салық ставкасы - салық базасының өлшем бірлігіне салық есептеулерінің шамасын білдіреді.

Салық ставкасы – салық салу объектісіне пайызбен бекітілген салық мөлшері. Салық ставкасы - салық өлшемі ретінде қарастырылады.

Салық ставкасы салық базасының өлшем бірлігіне пайызбен немесе абсалютті сомамен белгіленеді.

Салық ставкасы бірнеше белгілер бойынша жіктеледі:

1. Салық сомасын анықтау тәсілі бойынша:

- тең;
- тұрлаулы (қатаң);
- пайызды.

Тең ставка – кез-келген салық төлеушіге бірдей мөлшерде салық сомасы белгіленеді.

Тұрлаулы ставка – салық салудың әрбір бірлігіне бекітілген салық мөлшері. Мысалы, өндірілген акцизделетін тауарлардың әрбір литріне 1 теңгеден.

Пайызды ставка – салық базасының құндық шамасынан белгілі бір пайыз түріндегі салық мөлшері. Мысалы, адвокаттар мен жеке нотариустардың табыстарына салық салынатын табысына 10 пайыз салық салынады.

2. Салық ставкаларын қолдану сипатына қарай:

- жалпы;
- жоғарылатылған;
- төмендетілген.

Жалпы ставка салық салудың жалпы режимінде көрініс табады. Салықтың барлық түрі бойынша салық ставкаларын қамтиды.

Жоғарылатылған ставка мемлекеттің өндіріс саласында қолданылады. Табысы жоғары қызметтерге жоғары салық ставкасын жүзеге асыру.

Төмендетілген ставка әлеуметтік жағдайларға байланысты реттеліп отырады. Салық салуда салық жеңілдіктері беріледі.

3. Салық ставкасының мазмұнына байланысты:

- маргинальды;
- нақты;
- экономикалық болып бөлінеді.

Маргинальды ставка деп (marginal, латын сөзінің margo – аймақ, шекара) салық заңдылықтарына байланысты бекітілген салық ставкаларын атаймыз.

Нақты ставка төленетін салықтың салық базасына қатынасы ретінде анықталады.

Экономикалық ставка – төленетін салықтың сомасы алынған жалпы табысқа қатынасы ретінде анықталады.

Салық салу процесінде көбіне маргиналды ставка қолданылады, ол салық төлеушілердің салық міндеттемелерінің мөлшерін анықтайды.

Ал нақты және экономикалық ставкалар экономикалық талдаудың мақсаттары үшін қолданылады, яғни салық ауыртпалықтарының деңгейін және салық төлеушілердің алған жалпы табыстарын бөлу параметрлерін анықтауда, мемлекеттің салық саясатының тиімділігін айқындау кезінде және басқа да жағдайларда.

Салық базасы дегеніміз салық салу обьектісі мен салық салуға байланысты обьектінің құн, физикалық немесе өзге де сипаттамалары, олардың негізінде бюджетке төленуге тиіс салық және басқа да міндетті төлемдер сомасы айқындалады.

Салық кезеңдері

Салық базасын анықтап және салық сомасын есептеп, төленуге тиісті салықтарды төлеудің белгілі бір кезеңдері болады.

Салық кезеңі – салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерге қатысты белгіленген уақыт кезеңі, ол аяқталған соң салық базасы айқындалады және бюджетке төленуге тиіс салық және басқа да міндетті төлемдер сомасы есептеледі.

Көптеген салықтар үшін *салық кезеңі - күнтізбелік жыл* болып саналады.

Сонымен қатар мынадай салық кезеңдері бар:

- *бір күндік* - салық кезеңі - күнтізбелік күн болып саналады, бір жолғы талон негізінде салық төлеушілер;
- *он күндік* (декада) - салық кезеңі - күнтізбелік он күн болып табылады, акциз салығында он күн ішінде жасалған операциялар бойынша салықты есептейді;
- *айлық* - салық кезеңі - күнтізбелік ай болып саналады, қосылған құн салығы бойынша кейбір салық төлеушілер, жеке табыс және әлеуметтік салығын төлеушілер, патент негізінде салық төлеушілер;
- *тоқсандық* - салық кезеңі - күнтізбелік тоқсан болып есептеледі, қосылған құн салығын төлеушілер, оңайлатылған декларация негізінде, корпорациялық табыс салығы бойынша аванс төлеушілер;
- *жылдық* - салық кезеңі - күнтізбелік жыл болып саналады, мәселен, корпорациялық табыс салығы, жер салығы, мүлік салығы, көлік құралдары салығын төлеушілер.

Салық жылы - күнтізбелік жыл болып табылады.

Жеңілдік кезеңі - салық бойынша заңмен бекітілген жеңілдік жарайтын уақыт мерзімі.

Салықтарды жіктеудің белгілері

Салықтар бірнеше белгілер бойынша жіктеледі:

1. Өндіріп алу тәсілі немесе салық салу обьектісі бойынша: тікелей және жанама салық;
2. Тікелей салықтар: нақты және дербес салықтар;
3. Объектінің экономикалық белгілері бойынша: тұтынуға және табысқа салынатын салықтар;

4. Салық көлемін анықтау тәсілі бойынша: үйлесімді, үдемелі және кемімелі салық;

5. Салық сомасы түсетін бюджет деңгейіне немесе салықты алатын және оған билік жасайтын органға қарай: республикалық және жергілікті салық;

6. Пайдалану ретіне қарай: жалпы және мақсатты салықтар;

7. Салықтарды төлеуге байланысты: заттай және ақшалай салықтар;

8. Салық субьектілеріне қарай: заңды және жеке тұлғалардың салықтары;

9. Салықтардың қолданылу қызметтеріне орай: жай және төтенше салықтар;

10.Салықты есептеу және төлеу субьектісі бойынша: қызметақылы және қызметақысыз салықтар;

11.Салық базасының пайда болуы және салықты төлеу көзіне қарай: активті және пассивті салық;

12.Салықтарды салық төлеушілердің арасында бөлуге байланысты: үлестірме және санды салықтар;

13.Салықтардың төленуіне қарай: тұрақты және біржолғы салықтар.

Тікелей және жанама салықтар

Өндіріп алу тәсілі немесе салықтарды салу обьектісі бойынша:

- тікелей салық;
- жанама салық.

Тікелей салық – тікелей табыс немесе меншік иеленушілерден алынады. Оған жататындар: корпорациялық табыс салығы, жеке табыс салығы, жер қойнауын пайдаланушылардың салықтары, әлеуметтік салық, жер салығы, мүлік салығы.

Мәселен, жеке тұлғалар бүгін салық төлеуші болмаса да, ол ертеңгі күні міндетті түрде салық төлеуші болып табылады. Себебі ол белгілі бір жұмыс атқарады, табыс табады, мүлік алады.


Жанама салық – тауар бағасына қосылады және тауар сатқанда тұтынушылардан өндіріп алынады. Мәселен: қосылған құн салығы, акциз салығы.

Жанама салықтардың ауыртпалығы тауарларды соңғы тұтынушы – азаматтарға түседі. Жанама салықтарда төлеу көзін мемлекеттің өзі тауар бағасына директивті тәртіппен үстеме бекіту жолымен қалыптастырады. Жанама салықтар – тауарлар мен қызметтердің бағасы арқылы алынады. Олар тауар бағасын арттырады, өйткені тауар бағасына немесе қызметке, тарифке үстеме түрінде қосылады және сатып алушы төлейді.

Жанама салықтар былайша бөлінеді:

- әмбебап жанама салықтар;
- жеке жанама салықтар;
- қазыналық монополия;
- кедендік баж.

Сурет 2.2 Салықтардың жіктелуі



1.Әмбебап жанама салықтар

Бұл берілген жеңілдіктерді қоспағанда, барлық тауарлардан (жұмыс, қызмет) алынады. Мәселен, айналым салығы, сатып алуға салынатын салық, сатуға салынатын салық және қосылған құнға салынатын салық.

Айналым салығы (әмбебеп акциз деп аталады) тауарларды өткізуді жүзеге асыратын ұйымдардан, жеке кәсіпкерлерден жалпы айналым құнынан пайыз түрінде алынады. Бұл бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Германия және Франция мемлекеттерінде пайда болды, кейінірек әлемнің көптеген мемлекеттерінде, соның ішінде КСРО-да қолданылды.

Сатып алуға салынатын салық айналымға салынатын салықтың түрлері болып табылады. Көтерме сауда орындарына тауарды өткізу кезіндегі айналымға салық салынады. Бұл салық түрін Ресей, АҚШ-тың көптеген штаттары, Канада провинцияларының көпшілігі, Жапония елдерінде қолданылып келеді. Салық салу обьектісі – тауарды соңғы тұтынушыға өткізу бойынша айналым болып саналады.

Сатуға салынатын салық тауар бағасынан белгілі бір пайыз түрінде ставка бойынша жүзеге асады.

Қазіргі кезде кең көлемде әлемнің көптеген мемлекеттерінде, оның ішінде Еуропалық Экономикалық Одақтың барлық елдерінде және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы республикаларында *қосылған құнға салынатын салық* қолданылады. Бұл жөнінде арнайы тоқталамыз.

2. Жеке жанама салықтар

Бұл тауардың белгілі бір түрінен алынады. Бұл салық акциз деп аталады. XX ғасырға дейін күнделікті сұраныс тауарларына акциз салынып келді.

3. Қазыналық монополиялық салықтар

Мұнда тауарлардың басым бөлігін мемлекет өндіреді. Әрине, бұл тауарлардың бағасын мемлекет бекітеді. Егер мемлекеттің өзі тауарды өндірсе және өткізсе, онда тауарды өткізуден түскен барлық түсімнен сауда шығындары шегерілген сомаға салық салынады.

Тікелей және жанама салықтардың бірнеше ерекшеліктері бар:

- біріншіден, тікелей салық төлеушілер сияқты, жанама салықтарда заңды тұлғалар салық субьектісі ретінде салық төлеуші болып табылады. Бірақ, бұл жерде салық төлеуші болып тауарды (жұмыс, қызмет) сатушылар саналады. Тауарды тұтынушы мемлекетпен салықтық қарым-қатынаста және салық төлеуші ретінде ешқандай келісімге келмейді. Тауарды тұтынушы тауарды сатушымен келісімге келеді, бірақ бұл салықтық қатынастар болмаса да, тауар-ақша қатынастары болып саналады;
- екіншіден, жанама салықтарда төлем көзі ретінде – сатушының жалпы табысы, яғни өнімді өткізуден түскен түсім қарастырылады. Салық төлеушілер салықты өзінің меншікті қаражаттарынан (салық төлеушілердің меншігі ақша қаражаттарынан) төлейді.

Тікелей және жанама салықтардың салық салу обьектілеріне және басқа да белгілеріне байланысты бірнеше айырмашылықтары бар. Атап айтқанда:

- бірінші, салық обьектісі мен салық бұйымына байланысты. Жанама салықтар кезінде тауарды өткізумен байланысты болады. Мәселен, қосылған

құн салығында салық обьектісі ретінде нақты өткізілген тауарлар, ал салық бұйымы - өткізуден түскен түсім немесе баламалы қосылған құн. Ал акциз салығында салық обьектісі ретінде – нақты өткізілген акцизделетін тауарлар, ал салық бұйымы - өткізілген акцизделетін тауарлардың құны немесе саны. Ал тікелей салықтар кезінде салық обьектісі ретінде – меншік құқықтары (шаруашылық иеліктері, ал салық бұйымы – ақша түріндегі мүліктер (жеке табыс салығы, әлеуметтік салық), болмаса заттар (жер учаскесі, мүліктер, көлік құралдары);

- екінші, салықты төлеу көздерінің қалыптасуына орай. Жанама салықтар кезінде төлем көзін мемлекет тауар бағаларына үстеме ретінде бекітеді. Сондықтан салық төлеушілер тауар өткізгені жөнінде төлемді алған кезде, сонымен қатар түсімнің құрамында төленуге тиіс салық сомасын да алады.

Ал тікелей салықтарда салықтың төлем көзін салық төлеушінің қатысуымен жасалады.

4. Кедендік баж

Бұл - мемлекет кеден мекемелерінің желісі арқылы мемлекеттік шекарадан өткізер кезде тауарлардан, мүліктерден және құнды заттардан алынатын ақшалай төлемдері.

2. Нақты және дербес салықтар

Тікелей салықтар нақты және дербес салықтар болып бөлінеді.

Нақты салықтар деп (ағылшын сөзі, real - мүлік) – мүлікке салынатын салықты атаймыз.

Нақты салықтарда мүмкіндіктер сыртқы белгілеріне қарап алынады, яғни салық салуда салық объекті назарға алынады.

Нақты салықтарға қатыстылар:

- мүлік салығы;
- көлік құралдары салығы;
- жер салығы.

Дербес салықтар (кейде жеке деп аталады) деп салық төлеушілердің табыстарына салынатын салықтарды атауға болады.

Дербес салықтарда тек табысы ғана емес, сонымен қатар салық төлеушінің қаржылық жағдайы да ескеріледі.

Қазақстан Республикасында дербес салықтарға жататындар:

- корпорациялық табыс салығы;
- жеке табыс салығы;
- жер қойнауын пайдаланушылардағы үстеме пайда салығы;
- әлеуметтік салық.

Дербес салықтардың нақты салықтардан айырмашылығы салық төлеушілердің нақты төлем қабілеттігін көрсетеді, яғни салықты төлеудің көзі болып, олардың алған ақша қаражаттары болып саналады.

Сонымен қатар дербес салықтар салық төлеушілердің табыстылығын есептеуге де көмектеседі. Бірақ мұнда салық төлеушілердің салық салынатын обьектілерінен (жер учаскесі, құрылыс, көлік құралдары) алынатын табыстарының орта есебі есепке алынады.

Нақты салықтар мемлекет үшін тиімді болып саналады, яғни жеке салықтарға қарағанда төлемді өндіріп алу және бақылау оңайға соғады. Мәселен, тапқан табыстарды әр түрлі бухгалтерлік жымқырулар арқылы немесе қолма-қол ақша қаражаттарымен жасалған операцияларды есепке алмау жолымен (черная нала) жасыруға болады. Ал енді салық салынатын тұрғын үйді еш жерге жасыра да, тығып қояда алмайсың.

Салықтардың объектілері және субъектілері бойынша жіктелуі

Салықтарды объектінің экономикалық белгілері бойынша былайша бөлуге болады:

- тұтынуға салынатын салықтар;
- табысқа салынатын салықтар.

Тұтынуға салынатын салық – мұнда белгілі бір тауарларға (қызмет көрсету) салық салынады. Көптеген мемлекеттерде тұтыну салығы деп аталады.

Табысқа салынатын салық – салық төлеушілердің әр түрлі табыстарынан түскен ақша қаражаттарына салық салынады.

Салық субьектілеріне қарай немесе салықты төлеушіге байланысты былайша топтауға болады:

- заңды тұлғалардың салықтары;
- жеке тұлғалардың салықтары.

Қазақстан Республикасында *заңды тұлғалардың салықтарына* жататындар:

- корпорациялық табыс салығы;
- заңды тұлғалардың мүлік салығы.

Ал *жеке тұлғалардың салықтарына* мына салық түрлерін жатқызуға болады:

- жеке табыс салығы;
- жеке тұлғалардың мүлік салығы.

Аралас салықтар дегенде болады, яғни салықты әрі заңды тұлға, әрі жеке тұлға ретінде төлейді.

Қазақстан Республикасында аралас салықтарға:

- қосылған құн салығы;
- акциз салығы;
- жер салығы;
- әлеуметтік салық жатады.

Айта кету керек, Қазақстан Республикасында салықтардың басым бөлігін аралас салықтар санаттарына жатқызуға болады.

Салықтардың көлемін анықтау тәсілі, базасы, төлеу көзіне, төлеуге қарай жіктелуі

Салық көлемін анықтау тәсілі бойынша:

а) *үйлесімді салық* – табыс көлеміне қарамастан салық мөлшері өзгеріссіз қалады, яғни табыс қаншама өскенімен салық ставкасы сол күйінде қалады. Мысалы: корпорациялық табыс салығы 30% , қосылған құн салығы 15%.

ә) *үдемелі салық* – салық мөлшері табыстың өсуіне қарай өсіп отырады, мәселен жеке табыс салығын алуға болады 5-20%.

б) *кемімелі салық* – салық мөлшері табыс өскен сайын кеміп отырады. Мұндай салық түрі біздің елімізде қолданысқа енгізілген жоқ. Кейбір мемлекеттерде салық төлеуді ынталандыру мақсатында жиі қолданылады.

Салық базасының пайда болуы және салықты төлеу көзіне қарай салықтарды:

- активті салық;
- пассивті салық болып бөлінеді.

Активті салық салық төлеушінің ағымдағы шаруашылық және өндірістік қызметтерінің нәтижесінде салық салынатын обьект, салық базасы және төлем көзі анықталады.

Мысал ретінде корпорациялық табыс салығын алуға болады. Салық төлеушілер өзінің өндірістік қызметі кезінде, белгілі бір өнім өндіреді, жұмыс атқарады және қызмет көрсетеді. Өнімді (жұмыс, қызмет) өткізу арқылы табыс салады. Одан әрі салық салынатын табыс анықталады. Алынған табыс салық көзі болып саналады.

Активті салықтарға барлық жанама салықтар жатады.

Активті салық деп атауымыздың тағы бір себебі, бұл салық төлеушілердің белсенді жұмыстарының нәтижесі болып табылады.

Пассивті салық кезінде салық обьектілері және салықтық іс-әрекет салық төлеушілердің қызметтеріне және тәртібіне сәйкес емес, яғни салық төлеушілердің белгілі бір қызметтерінің нәтижесінде алынған түсім, табыс, пайдаға байланысты болмайды. Салықты төлеу көзі салық салудың ешқандай обьектілеріне немесе салық базасына сәйкес келмейді. Салық төлеуші салықты төлеу үшін ақшаны қайдан алады және қалай табады – мұнда мемлекеттің еш жұмысы жоқ және қызықпайды да.

Ең бастысы салықты төлеу - салық төлеушінің негізгі міндеті болып саналады.

Пассивті салықтардың обьектілеріне мыналарды жатқызуға болады:

- біріншіден, субьектінің кейбір жағдайларына салық салынады: мәселен некеде болмауы, баладан бас тарту, бойдақ салығы, жеке басқа немесе аз отбасылы азаматтарға салық салу;
- екіншіден, белгілі бір заттарға салық салу. Мұндай заттарға: өндірістік ғимарат, үй, саяжай, құрылыс, экипаж, автокөлік, жануарлар, көлік құралдары, сақал, үй қызметкерлері, құлдар, жер учаскесі және тағы басқалар жатады.

Үлестірме және санды салықтар

Сонымен қатар салықтарды салық төлеушілердің арасында бөлуге байланысты былайша бөлуге болады:

- үлестірме (репартиционды, контингенттеу);
- сандық (үлесті).

Үлестірме салықтың мөлшері ертедегі салық салудың кезінде кең көлемде қолданылған. Мемлекет өзінің қажеттілігі үшін нақты шығындарды жүзеге асырған. Мәселен, тұтқынға түскен патшаны сатып алу, қамалдар салу. Бұл шығындардың сомасы салық төлеушілердің арасында бөлініп отырған (таратылған) – адам басына белгілі бір сомадан белгіленген еді.

Ал *санды салықтар* нақты шығындарды жабудағы қажеттіліктер үшін емес, керісінше, салық төлеушінің мүмкіндіктеріне қарай салық төлейді. Бұл салықтар салық төлеушінің мүліктік жағдайын тікелей немесе жанама есепке алады.

Заттай және ақшалай салықтар

Салықтарды төлеуге байланысты затпен немесе ақшалай салықтар болып бөлінеді.

Заттай салық дегеніміз салықты затпен немесе тауар түрінде төлейді.

Бұл салық түрі көбінесе ауыл шаруашылығы саласында қолданылады. Жиналған өнімнің бір бөлігін салық ретінде төлеп отырады. Заттай салық ертеден қолданылып келеді, яғни ақша пайда болғанға дейін салықты заттай беріп отырған.

Ақшалай салық ақша түрінде төленеді. Қазіргі кезде бұл салық салудың кең қолданылатын нысаны болып саналады.

Қазақстан Республикасының Салық кодексінде “салық ақша түрінде төленсін” деп атап көрсетілген.

Салықтардың төленуіне, пайдалану ретіне, қолданылу қызметтеріне байланысты жіктелуі

Тұрақты және біржолғы салықтар

Салықтар тұрақты (жүйелі, ағымды) және біржолғы болып бөлінеді.

Тұрақты салықтар дегеніміз салық төлеушілердің меншігіндегі мүліктеріне немесе табыс табудағы қызметтеріне белгілі бір мерзім аралығында тұрақты түрде салық салынып отырады.

Ал *біржолғы салықтар* кейбір жағдайларға байланысты туындайды.

Бұл салық түріне мысал ретінде берілген сыйға және мұра салықтарын алуға болады. Мұндай салықтар көптеген мелекеттерде кең тараған және көбірек қолданыста болады.

Салықтарды пайдалану ретіне немесе тәртібіне қарай:

- **жалпы салықтар;**
- **мақсатты салықтар болып бөлінеді.**

Жалпы салықтар - бір қазынаға түсетін және жалпы бір мақсатқа жұмсалатын салықтар.

Көптеген салық түрлері жатады.

Мақсатты немесе арнайы салықтар – бұл, белгілі бір мақсатқа арналған салықтар.

Мәселен: көлік құралдары салығы – жол жөндеуге, әлеуметтік салықтар - әлеуметтік төлемдерге жұмсалады.

Жай және төтенше салықтар

Салықтардың қолданылу қызметтеріне орай:

- жай салықтар;
- төтенше салықтар деп те бөлінеді.

Жай салықтар мемлекеттің күнделікті қызмет барысында қолданылады.

Бұған Қазақстан Республикасындағы барлық салық түрін жатқызуға болады.

Төтенше салықтар мемлекеттік шығындардың деңгейінің көбеюіне орай қосымша табыстарды қажет еткен жағдайда, форс-мажор (төтенше оқиға) кезінде қолданылады.

Мәселен, әскери салықтарды алуға болады. Бұл салықтың түрі соғыс кезінде енгізіледі. Негізінен төтенше салықтар уақытша сипатта болады, яғни белгілі бір кезең аралығында себепті салдарлардың (ауыртпалықтар) жойылғанына дейін қолданылады.

Форс-мажор - өзара шарт талаптарының орындалмау себептері орындаушыға байланысты болмаған жағдайда, әдетте, осы себептерді көрсету үшін пайдаланылатын термин.

Республикалық және жергілікті, жалпы және мақсатты салықтар

Салық сомасы түсетін бюджет деңгейіне немесе салықты алатын және оған билік жасайтын органға қарай:

- жалпы мемлекеттік немесе республикалық салықтар;
- жергілікті салықтар болып бөлінеді.

Салықтарды аймақтық деңгейіне қарай және Қазақстан Республикасының бюджет жүйесіне орай республикалық және жергілікті деп бөлеміз.

Бұл негізінен төрт фактор арқылы анықталады:

- салықты кім бекітеді (орталық және жергілікті орган);
- аталған салықтар қай органға жатқызылады және салық салудың шарттарын кім анықтайды;
- салықтар бюджеттің қай түріне бекітілген (республикалық және жергілікті), яғни мемлекеттік салықтар республикалық бюджетке, жергілікті салықтар жергілікті бюджетке түседі;
- қай бюджеттің табысы болып саналады.

Қазақстан Республикасында салықтардың жалпы мемлекеттік және жергілікті болып бөлінуі 1995 жылы 24 сәуірде Қазақстан Республикасы Президентінің “Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы” Жарлығына сәйкес жүзеге асырылды. Сол кезде 5 мемлекеттік және 6 жергілікті салықтар болды.

Жалпы мемлекеттік салықтар:

1. Заңды және жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы.
2. Қосылған құнға салынатын салық.
3. Акциздер.
4. Бағалы қағаздармен жасалатын операцияларға салынатын салық.
5. Жер қойнауын пайдаланушылардың арнайы салығы мен төлемдері.

Жергілікті салықтар мен алымдар:

1. Жер салығы.
2. Заңды және жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық.
3. Көлік құралдарына салынатын салық.
4. Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғаларды және заңды тұлғаларды тіркегені үшін алынатын алым.
5. Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін алынатын алым.
6. Аукциондардан алынатын алым.

Қызметақылы және қызметақысыз салықтар

Салықты есептеу және төлеу субьектісі бойынша салықтарды:

- қызметақылы;
- қызметақысыз деп бөлуге болады.

Қызметақылы салық кезінде салық органдары салық төлеушіге салық сомасын жекелеп бекітеді және салық сомасы, салық базасы мен салықты төлеу мерзімі көрсетілген салық органдарының өкімдерін, яғни салық хабарламасын алғаннан кейін салық төлеу міндеттеледі.

Мәселен, жер салығын алуға болады. Салық органдары салық төлеушілердің иелігіндегі жер учаскелерін жеке-жеке есептейді және салық сомасы мен төлеу мерзімі көрсетілген салық хабарламасын жібереді.

Қызметақысыз салық салық төлеушілерде өз алдына есептеледі және төленеді. Салық органдары салықты дұрыс есептеуін және дер кезінде төленуіне бақылау жасайды.

Бұған мысал ретінде корпорациялық табыс салығын алуға болады. Мұнда салық төлеушілердің өздері салық салынатын обьектілерді есепке алады, өзі салық базасын есептейді, төлеуге тиіс салық сомасын есептеп және ол соманы төлейді.

Сонымен қатар қызметақысыз салықтарға:

- қосылған құн салығы;
- акциздер;
- заңды тұлғалардың мүлік салығы;
- әлеуметтік салық;
- көлік құралдары салығы;
- заңды тұлғалардың жер салығы жатады.

3. Қазақстан Республикасының салық жүйесі: құрылу кезеңдері мен бүгінгі жағдайына сипаттама

«Салық» ұғымымен «салық жүйесі» ұғымы тығыз байланысты. Мемлекетте алынатын салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлем түрлерінің, оны құру мен алудың нысандары мен әдістерінің, принциптерінің, салық заңдары мен салыққа қатысты нормативті актілердің, салық қызметі органдарының жиынтығы мемлекеттің салық жүйесін құрайды.

Экономикалық жағынан салық жүйесі мемлекеттің, аймақтардың және муниципалды құрылымдардың қызметін қаржылай қамтамасыз етуге байланысты әр түрлі мемлекеттер, мемлекет пен салық төлеуші арасындағы, әр түрлі салық төлеушілер арасындағы, сондай-ақ оған тікелей қатысушы заңды және жеке тұлғалар арасындағы күрделі өзара байланысты әлеуметтік-экономикалық қатынастардың жиынтығын құрайды.

Салық жүйесіне қажетті негізгі талаптар мыналар:

- салық құрамы дәл анықталуы қажет. Ол үшін салық заңдылығында мемлекетте алынатын салықтардың толық тізімі мазмұндалуы керек;
- салық жүйесі салық төлеушілер үшін салықтан жалтару тиімсіз болатындай етіп жасалуы тиіс;

- салық жүйесінің қарапайымдылығы. Бұл әсіресе, салықтың дұрыс төленуі үшін бақылауды жүзеге асыруда маңызды;

- салық жүйесі салық төлеушінің өз қаражатын өндіріске салуына ықпал етуі керек.

Жалпы, салық жүйесі мемлекеттің қаржы көздерін жасақтаудың ең негізгі құралы болуымен қатар, ел экономикасын қайта құруға, өндірістің ұлғайып, дамуына және саяси-әлеуметтік шаралардың толығымен жүзеге асуына мүмкіндік туғызады.

1991 жылға дейін, яғни КСРО ыдырағанға дейін елде көбінесе экономиканы басқарудың әміршіл-әкімшіл жүйесіне, бағаларға қатаң мемлекеттік реттеуге сәйкес келетін салық жүйесі қызмет етті. Бюджеттің басты кіріс көздерінің бірі болған айналым салығы тіркелген бөлшек сауда және көтерме сатып алу бағаларын қолдануға және мемлекеттік реттеп отыруға бағытталған болатын. Қазақстан егемендікке ие болғаннан кейін 1991-1995 жылдары қабылданған бірқатар заңдарға сәйкес республикада жаңа салық жүйесі қалыптасты.

1991 жылдың 25 желтоқсанынан бастап біздің елімізде тұңғыш салық жүйесі қызмет ете бастады. Ол «Қазақстан Республикасындағы салық жүйесі туралы» заңға негізделді. Бұл заң салық жүйесін құрудың принциптерін, салықтар мен алымдардың түрлерін, олардың бюджетке түсу тәртібін белгілеген алғашқы құжат еді. Осы заңға сәйкес Қазақстанда 1992 жылғы қаңтардың 1-нен бастап 13 жалпы мемлекеттік салық, 18 жергілікті салықтар мен алымдар, 11 жалпыға міндетті жергілікті салықтар мен алымдар енгізілді.

Дегенмен, өмірге келген әрбір жаңа құбылыста кездесетін ерекшеліктермен қатар кемшіліктер де бұл заңда да орын алды, яғни ҚР алғашқы салық жүйесінде бірқатар шешімін таппаған мәселелер болды. Атап айтсақ, біз салық жүйесін құрғанда елемізде жиынтықталған ғылыми және практикалық тәжірибе болған жоқ. Салық қызметі де, салық төлеушілер де мұндай жаңа бастамаға психологиялық жағынан дайын еместігі көрінді. Салық жүйесінде дүниежүзілік тәжірибеде қолданылып келген салық салу принциптері сақталмады. Сондықтан бұл салық жүйесінің нарықтық қатынастардың талабына толығымен жауап беруге мүмкіндігі болмады. Ең бастысы, салық жүйесінің өндірісті дамытуға еш ықпал етпеуі, бюджет кірісін құрудағы өз ролін жете атқара алмауы, яғни салық көзі табыс не пайда емес, керісінше тұтыну болды.

Салық санының көптігі, айналымды анықтаудың қиындығы, шектен тыс дәлелсіз берілген салық жеңілдіктері, салық ставкаларының бір салық түрі бойынша бірнеше түрлі болуы, халықаралық салық салу негіздерінің тыс қалуы және т.б. кемшіліктер салық жүйесін одан әрі реформалаудың қажеттігін көрсетті.

ҚР Үкіметі 1995 жылдың басында салық реформасының ұзақ мерзімді тұжырымдамасын қабылдап, онда еліміздің салық жүйесі мен заңнамасын бірте – бірте халықаралық салық салу принциптеріне сәйкестендіру көзделді. Осыған байланысты «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 1995 жылғы сәуірдің 24-нде ҚР Президентінің заң күші бар жарлығы

шықты. Ендібұрынғы 42 салықтар мен алымдар едәуір қысқартылып, олардың саны 11 болып қалды. ҚР Президентінің 1999 жылғы шілденің 16-сындағы № 440-І заңына сәйкес заң мәртебесін алды. Осы уақыт аралықтарында Президент жарлықтарымен және ҚР заңдарымен бұл заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Осы уақыт аралығында Президент жарлықтарымен және ҚР заңдарымен бұл заңға бірнеше рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. 2002 жылға дейін мемлекеттік бюджеттің кірістерін негізінен 17 салықтар мен басқа да міндетті төлемдер құрады.

Бұл әлеуметтік салыққа, амортизация саясатына, айналымнан алынатын салықты жоюға, ҚҚС-ты халықаралық принциптерге сәйкестендіруге қатысты еді. Осы уақыт ішінде экономика, экономикалық қатынастар құрылымы, мемлекет пен салық төлеушілердің өзара қарым-қатынасы, тіпті адамдардың ділі (менталитеті) де айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Мемлекет, бір жағынан, салық саясатының мақсатын, міндеті мен қызметін терең түсінді, екінші жағынан, экономикалық қатынастардың көптеген тұстары қолданыстағы салық заңдылығында қамтылмай қалды. Осы және Қазақстан экономикасында болып жатқан оң өзгерістер жаңа салық заңын талап етті.

1995 жылдың 24 сәуірінде қабылданған ҚР Президентінің «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» заң күші бар жарлығы салық жүйесіне оңтайлы өзгерістер енгізді. Олардың қатарына қолданылып келген салықтар мен салықтар мен алымдар санының 46-дан 11-ге қысқартылуы, салық салу принциптерінің дүниежүзілік тәжірибеге сай өзгертілуі, халықаралық салық салу тәртібінің енгізілуі, салықтардың нышанына, белгілеріне қарай топталуы, сонымен қатар бұл құжаттың көптеген заңдармен тығыз байланыстылығы, салықтық әкімшіліктің жаңа ережелерінің енгізілуі салық жүйесіндегі басқа да түбегейлі өзгерістер жатады. Әрине мемлекттің нарықтық экономикалық қатынас талабына сай дамуы жағдайында салық жүйесінің бір орында, өзгеріссіз қалуы мүмкін емес. Алайда қысқа уақыт аралығында қабылданған шексіз өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі нәтижесі оның әлі де болса жетілмегендігін көрсетеді.

Бүгінгі күні республикада салық заңдарының барлық негізгі кемшіліктері ескерілген, әрі жетілдірілген жаңа Салық кодексі дайындалып, 2001 жылдың 12 маусымында қабылданды.

Уақыт ағымының әсеріне, заман талабына сай қабылданған Салық кодексінде келесідей мәселелерді шешуге басты назар аударылған.

Біріншіден, барлық шаруашылық субъектілеріне салықтандырудың тең жағдайын жасау. Екіншіден, кейбір жекелеген категориядағы салық төлеушілерге берілген жеңілдіктерді жою арқылы салық жүктемесін жеңілдету. Үшіншіден, салық заңдылығы жөніндегі барлық ережелер мен нормаларды тікелей қызмет ететін заң мөлшерінде біріктіру. Төртіншіден, салық заңдылығының тұрақтылығын қамтамасыз ету.

Әрине, салық заңдылығында өзгерістер мен толықтырулар болашақта да жүргізіліп отырылады. Өйткені экономикалық қарым-қатынастар бір орында тұрып қалмайды, ол жаңа даму сатысына көшкен сайын салық заңдылығының да сол экономикалық саясатқа сай өзгертіліп отыруы керек. Сондықтан

өзгерістің енгізілуі де заңды. Бірақ, кодекс бойынша енді жаңадан енгізілген өзгерістер жылына бір рет енгізілуі тиіс. Енгізілген өзгерістер келесі жаңа жылдың басынан бастап күшіне енеді. Бұл ереже біржағынан салық төлеушілерге жаңа енгізулерге алдын ала дайындалып, операциялар мен қаржы шешімдерін жоспарлауға мүмкіндік берсе, екінші жағынан салық қызметкерлерінің жұмысын жеделдетуге және жеңілдетуге көп әсерін тигізеді.

Салық кодексі 2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді. Ол салық салудың ойластырылған құқықтық негізін құрудың түпкілікті міндетін шешуге бағытталған.

Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексінің ерекшеліктері (2018 жылғы 1 қаңтардан қолданыста)

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексі қолданысқа енгізілді. Жаңа салық кодексінің еліміздің аумағындағы ерекшеліктеріне тоқталайық.

2018 жылдың бірінші қаңтарында күшіне енген салық кодексінде біршама жеңілдіктер қарастырылған. Бірінде талаптар күшейтілсе, бірінде керісінше, жұмсарған.

2008 жылы қабылданған Салық кодексі тоғыз жыл ішінде 16 рет өзгертіліп, 3 рет қайта жазылыпты. Әділет министрлігі Заңнама институтының статистикалық талдау деректеріне сүйенсек, 2009 жылдан бастап Салық кодексіне заңмен 130 өзгеріс пен толықтыру енгізілген екен.

Қоғам талабы өзгергенгендіктен биыл тағы жаңа Салық кодексі қабылданды.

Салық түрлері

Тікелей салықтар – тікелей табысқа немесе мүлікке салынады. Оларға мыналар жатады: мүлік, жер, табыс, әлеуметтік, көлік салықтары. Табыс салығы – заңды немесе жеке тұлғалардың табысына салынады.

Жанама салықтар – тауар бағасына салынған түрі. Оларға қосылған құн салығы мен акциз және кеден, баж салығы жатады.

Осы тұста 2018 жылға бір айлық есептік көрсеткіш (АЕК) 2405 теңге болғанын айта кеткен жөн. Ал, жалақының ең төменгі мөлшері – 28 284 теңге.

Жаңа Салық кодексіне өзгертулер 2017 жылдың 1 шілдеге дейін қарастырылды

Егер бизнестен, не басқадан ұтымды ұсыныстар түсіп жатса, ол осы белгіленген аралықта қабылданып, енгізілуі мүмкін. Бұл туралы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің директоры Қайрат Жолмұхамбетов айтты.

– Енгізілген өзгерістерге келіспегендер салық органдарына хабарласа алады. Жаңа кодекстің ерекшелігі – әр ұйым өзіне қажетті ақпаратты соған қатысты тарауға кіріп біле алады. Заңның бәрін шолып шықпай-ақ, өзіне қажетті мәліметті алуына болады. Ескі салық кодексінде 798 бап болатын, қазір 773 баптан тұрады. Сонда 25 бапқа қысқартылып отыр, – дейді ол.

Жаңа салық кодексіндегі өзгерістерге түсінбей, салық төлеуші тарапынан қателік кетсе, Мемлекеттік кірістер комитетіне хат жолдай алады. Мұндай жағдайда арнайы мамандар тексере келе, қосылған өсімпұл мен айыппұлды алып тастайды.

Енді 200.00 (форма) нысанды тапсырылмайды

Оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану үшін салықтық кезең жартыжылдық болып табылады.

Бұл декларацияда көрсетілген салықтарды бюджетке төлеу жеке (корпоративтік) табыс салығы мен әлеуметтік салық түрінде есепті салықтық кезеңнен кейінгі екінші айдың 25 күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Яғни, ай сайын төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы және әлеуметтік төлемдер (МЗЖ (міндетті зейнетақы жарнасы), әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық қамсыздандыруға аударымдар) бойынша міндеттемелер әр ай бойынша жеке көрсетіледі.

Аталған әлеуметтік төлемдерді есепті айдан кейінгі айдың 25-нен кешіктірмей төлеу қажет. 200.00 (форма) нысан тапсырылмайды, 910.00 (форма) нысанды тапсырады.

Түсініктеме бере кетсек:

910.00 (форма) нысан – Оңайлатылған декларация. 200.00 нысан – Қазақстан Республикасының азаматтары бойынша жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларация.

Декларацияны 31 наурыздан кешіктірмей тапсыру керек

Жеке тұлғалардың кірістері, ҚР аумағындағы да, оның шегінен тыс жердегі де мүлкі туралы:

- ҚР Парламентінің депутаттары;
- Соттар;
- Декларация тапсыру міндеті жүктелген жеке тұлғалар әр мекемеге берілген мерзім ішінде тапсырып үлгеруі керек.

Салықтық шегерімдер туралы жеке тарау

Онда салықтық шегерімдердің түрлерін, оларды қолдану тәртібін және растайтын құжаттар көрсетілген.

Мәселен, 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап келесі салық жеңілдіктері белгіленді.

Міндетті зейнетақы жарналары түріндегі салықтық шегерім (төлеп жүрген салықтан азайтылған мөлшер);

1. Зейнетақы төлемдері және жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша салықтық шегерім;
2. Стандартты салықтық шегерімдер (12 ең төменгі жалақы мөлшерінде, Ұлы Отан соғысына қатысушыларына, мүгедектерге, мүгедек балалардың ата-аналарына және т.б. жалпы сомасының жылда шекті мөлшері ең төмен жалақының 75 еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

   Мысалы, ата-ана қамқорлығынсыз қалған жетім балаларды асырап алғандардың табысынан бір жылда ең төменгі жалақының 75 еселенген мөлшері азайтылады. Бір жылда табатын табысынан 10 пайыз зейнетақы жарнасы, 12 жалақының ең төменгі мөлшері, 75 жалақының ең төменгі мөлшері азайтылады. Демек, бір жылда 2 млн табыс табатын болса, зейнетақы жарнасы ретінде 10 пайызын шегереміз. Сонда 1 800 000 теңгеден 339 408 теңгені, 2 121 300 теңгені азайтамыз. Есептеп көрсеңіз, тапқан табысыңыз мүлдем жоқ болып шықты. Сол себепті жеке табыс салығын төлемейсіз.

Ескере кететін тұс: егер тапқан табысыңыздан белгілі бір мөлшер қалған болса, 10 пайыз жеке табыс салығын төлейсіз.

3. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салықтық шегерім;
4. Сыйақылар бойынша салықтық шегерім;
5. Медицинаға арналған салықтық шегерімді қамтиды. Мысалы, сіз ағзаңызды тексерту үшін ҮДЗ (ультрадыбыстық зерттеуден) 2000 теңгеге өтсеңіз, түбіртегіңізді жұмыс орныңыздағы бухгалтерге алып келіңіз. Сол кезде сізден алынатын жеке табыс салығы азайтылатын болады. 100 мың теңге айлық алсаңыз, 10 пайыз зейнетақы жарнасы, бір жалақының ең төменгі мөлшері азайтылады. Сонда 61 816 теңгеден медициналық көмек көрсетілгендегі төлем алынады. Сонда 59816 теңгеден ғана 10 пайыз жеке табыс салығы алынады. Бұл тұсы медициналық қызметке қатысты екені белгілі болып тұр.

Сурет 3.1.



Ипотека алғандарға салықтық шегерім жасалады

– Тұрғын үй құрылысы жинақ банктерінен ипотекаға тұрғын үй алғандар салықтан босатылмайды, тек салығы азайтылады. Жеке тұлғаның табысы сыйақы сомасына азайтылады. Мысалы, ипотека алған тұлғаның табысы 100 мың теңге деп алатын болсақ, 10 пайызы зейнетақы жарнасына кетеді, бір жалақының төменгі мөлшері жеке табыстан азайтылады. Бұл жердегі зейнетақы жарнасы да, бір жалақының төменгі мөлшері де (28 284 теңге) салық шегерімі болып тұр. Сонда 61 716 теңге шығады. Одан сыйақы сомасы алынып тасталады. Оны 2000 теңге деп алайық. 59 716 теңге табыс сомасынан 5971,6 теңге мөлшерінде жеке табыс салығы алынатын болады. Ойланып қарасаңыз,

шегерімдер арқылы жеке табыс салығы азайтылып отыр, – дейді Қайрат Жолмұхамбетов.

Оған қол жеткізу үшін мына құжаттарды тапсыруы керек:

- Тұрғын үй құрылысы жинақ банкімен жасалған ипотекалық тұрғын үй қарызы шарты;
- Сыйақы сомалары бөліп көрсетілген ипотекалық тұрғын үй қарызын өтеу кестесі;
- Осындай қарыз бойынша сыйақының төленгенін растайтын құжат.

Ипотека алғандарға салықтық шегерім жасалады

– Тұрғын үй құрылысы жинақ банктерінен ипотекаға тұрғын үй алғандар салықтан босатылмайды, тек салығы азайтылады. Жеке тұлғаның табысы сыйақы сомасына азайтылады. Мысалы, ипотека алған тұлғаның табысы 100 мың теңге деп алатын болсақ, 10 пайызы зейнетақы жарнасына кетеді, бір жалақының төменгі мөлшері жеке табыстан азайтылады. Бұл жердегі зейнетақы жарнасы да, бір жалақының төменгі мөлшері де (28 284 теңге) салық шегерімі болып тұр. Сонда 61 716 теңге шығады. Одан сыйақы сомасы алынып тасталады. Оны 2000 теңге деп алайық. 59 716 теңге табыс сомасынан 5971,6 теңге мөлшерінде жеке табыс салығы алынатын болады. Ойланып қарасаңыз, шегерімдер арқылы жеке табыс салығы азайтылып отыр, – дейді Қайрат Жолмұхамбетов.

Оған қол жеткізу үшін мына құжаттарды тапсыруы керек:

- Тұрғын үй құрылысы жинақ банкімен жасалған ипотекалық тұрғын үй қарызы шарты;
- Сыйақы сомалары бөліп көрсетілген ипотекалық тұрғын үй қарызын өтеу кестесі;
- Осындай қарыз бойынша сыйақының төленгенін растайтын құжат.

Сурет 3.2.



Егер салық төлеуші салық органының түсіндіруі бойынша әрекет етіп, оның соңында сол позиция өзгеріп кеткен болса, айыппұл, өсімпұл қолданылмайды / Ұлттық экономика министрлігінің графикасы негізінде жасалды.

Тұрғын үй жинақ банкінде ғана емес, сонымен қатар басқа банктерден алынған ипотекалық тұрғын үй заемдары бойынша сыйақы жеке табыс салығын төлегенде табысынан алынып тасталады. Бірақ, бұл өзгеріс жалпыға бірдей декларация кезінен 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап енеді. Сонда аз мөлшерде жеке табыс салығын төлейтін боласыз.

Электронды сауда. Талапты орындағандарға ғана салық азайтылады

Елімізде электронды сауда-саттық енді ғана қарқын алып келе жатқыр. Соңғы он жылда әлемдік технологиялар қоғамға ендеп кіре бастады. Ғаламтор арқылы тауарларды сатып алатындардың қатары көбейді.

Енді сіздің сұранысыңызды жүзеге асырып отырғандарға біршама жеңілдіктер қарастырылып отыр. Атап айтқанда, заңды тұлғалар – корпоративтік табыс салығын, ал жеке кәсіпкерлер жеке табыс салығын төлеуден босатылады. Оған қалай қол жеткізуге болады?

Ол үшін:

- Тауарларды өткізу жөніндегі мәмілелер электрондық нысанда рәсімделуі тиіс;
- Тауарлар үшін ақы төлеу қолма-қол емес, төлем түрінде жүргізіледі;
- Тауарларды сатып алушыға жеткізетін қызметі болуы керек. Мысалы, арнайы қызметкерлері болса, немесе жүктерді тасымалдайтын курьерлік, пошталық қызметті жүзеге асыратын тұлғалармен шарт жасасуы қажет.
- Уақтылы салық органына тіркеліп, тіркеу нөмірін алады. Содан кейін салық төлеуші ретінде қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама беруі қажет.

Электрондық сауда кезінде тауарларды жөнелтуді, тасымалдауды, жеткізу мерзімін салық органы бекітеді. Осы талаптар сақталғанда ғана салық төлемі 100%-ға төмендетіледі. Яғни, қызметін интернет арқылы жүргізетін кәсіпкерлер салық түрлерін төлеуден толығымен босатылады.

Сонымен қатар, жылдық жиынтық кірістің кемінде 90 пайызы электронды саудадан түсу керектігіне де мән берген жөн. Осы шарт орындалмаған жағдайда салық төлеушінің атап өткен жеңілдіктерді қолдануға құқы жоқ.

Демек, талаптардың біреуі жүзеге аспаса, салық мөлшері азайтылмайды. Мысалы, бір жылда 1 млн табыс тапсаңыз, 900 мың теңгесі таза электронды саудадан түссе ғана корпоративті табыс салығы мен жеке табыс салығын төлемейсіз.

Ал егер 1 миллионның 700 мың теңгесі ғана электронды саудадан түскен кіріс болса, жеңілдік қарастырылмайды. Сонымен қатар мекеме балансында тұрған компьютерді сататын болса, салықтан босатылмайды.

ЭШФ (электронды шот фактура) деген не?

– Тіркелген салық төлеуші заңды тұлға болса, күнделікті жасалынған мәмілелерді тоқсан сайын тапсырып отырады. Ал, жеке кәсіпкерлер жыл сайын электронды шот фактураны (ЭШФ) беру арқылы ақпаратты ұсынады.

Егер ЭШФ-ны салық төлеуші компьютер арқылы шығарып алса, Мемлекеттік кіріс комитетіне ақпаратты ұсынбаса да болады. Қандай бағдарламаларды орнатуы керек екенін білгіңіз келсе, арнайы сілтемеге кірсеңіз болады, – дейді Қайрат Жолмұхамбетов. Бұл сілтемелермен осы мақаланың соңында таныса аласыз.

Пәтерді жалға беретіндер патент ашса, 1 пайыз мөлшерінде ғана салық төлейді

– Үйін жалға беріп отырған тұлғаға тіркелмесе де болады. Ондай жағдайда жеке табыстан 10 пайыз аударылады. Салық кодексіне сәйкес, пәтерін жалға беру үшін жеке кәсіпкер ретінде тіркелуіне де болады. Пәтерді жалға беретін тұлға патент ашқан жағдайда, 1 пайыз мөлшерінде салық төлейді. Былтыр 2 пайыз болатын. Ал, оңайлатылған декларация бойынша 3 пайыз мөлшерінде салық салынады. Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер үшін табыс мөлшері жылына 100 млн теңге болса, жұмысшылар саны 30 адамнан аспаса ғана қолдана алады, – дейді Қайрат Жолмұхамбетов.

– Патенттен әлеуметтік салық алынып тасталды. Сауда саласындағы қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалар үшін 2 пайыз мөлшеріндегі мөлшерлеме сақталды. Бұл ретте осындай салық төлеушілермен қолма-қол есепсіз жолмен алынған табыстар 1 пайыз салық салынады. Ол үшін осындай салықтарды бөлу арқылы салық тізілімі жүргізілетін болады. 2020 жылдан бастап қызмет түрлері бойынша қосымша шектеулер енгізіледі, – дейді.

Қанша салық төлейтініңізді осы жолмен, тағы мемлекеттік кірістер комитетінің сайты арқылы білуге болады / Скрин egov.kz сайтынан алынды

Пәтер сатсаңыз, мүлік салығы алушы мен сатушыға енді оңай бөлінеді

– Салық органдары есептеген салықты пәтердің орналасқан мекен жайы бойынша есепті салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 1 шілдесіне дейін кешіктірмей төлеп қоюы керек. Мысалы, 2017 жылдың мүлік салығын 2018 жылдың 1 шілдесіне дейін кешіктірмей төлеу қажет.

– Мысалға келтірер болсақ, 2017 жылдың 1 шілдесінде мүлік салығын төлеп қойдыңыз. Тамыз айында үйіңізді сатсаңыз, салық органдарына барып, төлеген ақшасын қайтарып алуға баратын еді. Осындай жағдайды болдырмау үшін өзгеріс енгізілді. Енді 2018 жылдың 1 қаңтарына дейін ескеріледі

Егер салықтық кезең ішінде салық салу объектісі меншік құқығында он екі айдан аз болса, төленуге жататын мүлік салығының мөлшері Салық кодексінің 532 бабының 2 тармағына сәйкес айқындалады.

Соны он екіге бөліп, меншік құқығында болған айларының санына көбейту арқылы есептей аласыз. Бұл жерде пәтерді сатып алған ай мен сатқан кездегі мерзім жөнінде айтып отырмыз. Айта кететін жәйт, мүлік салығын меншік құқығына ие болған сәттен бастап төлеуіңіз керек.

Енді шығын ескеріледі

Жаңа заң бойынша тағы бір ерекшелік – тіркелген шегерім негізіндегі жаңа арнаулы салық режимі енгізілді. Дәлірек айтсақ, кірістер мен шығыстар режимі. Салық таза тапқан табысына ғана салық салынады. Шекті табыс және жұмысшылардың шекті санының мөлшерлері тиісінше 300 млн теңге және 50 адам.

Бұл жаңа салық режимі бойынша жылдық жиынтық табыс сомасынан 30 пайыз мөлшерінде қосымша тіркелген шегерім қарастырылған. Қосымша шегерімді қолдану кезінде шегерімге апарылатын шығыстардың жалпы сомасы, қосымшаларды қоса алғанда, жылдық жиынтық табыстың 70 пайызынан аспау керек. Еңбекақыны төлеу қорының 100 пайызы мөлшерінде салық салынатын табысты төмендету бойынша норма (ұқсас мөлшерде қолданылатын еңбекақы қорының мөлшеріндегі шегерімнен басқа) қарастырылған.

Қандай жағдайда жеке кәсіпкерлер міндетті түрде мемлекеттік тіркеуден өтуі тиіс

Егер жалдамалы жұмысшылардың еңбегін тұрақты түрде пайдаланса, екіншіден, жылдық кірісі ең төмен жалақының 12 еселенген мөлшерінен асса. Биылға белгіленген ең төменгі жалақы – 28 284 теңгені 12-ге көбейтсек, 339 408 теңге болады. Яғни, жеке кәсіпкер жылдық кірісі осы сомадан аспаса, салыққа тіркелмей-ақ қызметін жасай беруіне болады.

Өзіңіздің шағын және орта бизнесіңіз бар болса, 2020 жылдан бастап төленбеген салықтарды төлеу туралы талап қою мерзімі 5 жылдан 3 жылға қысқартылады, ал басқалары үшін 5 жыл болады. Бұрын төленген салық сомалары қайта қаралып, қосымша есептеледі.

Қандай кәсіпкерге тіркелмеуге болады?

Мынадай кірістерді алған кезде дара кәсіпкер ретінде тіркелмеуге құқылы:

1. Мүліктік кіріс;
2. ҚР шегінен тыс жердегі көздерден түсетін кірістер;
3. ҚР еңбек заңнамасына сәйкес салық агенттері болып табылмайтын тұлғалардан кірістер алатын үй қызметшілерінің кірістері;
4. ҚР тіркелген шет мемлекеттің дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерімен, шет мемлекеттің консулдық мекемелерімен жасалған еңбек шарттары (келісімшарттары) және азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кірістері;
5. ҚР бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес төлем көзінен жеке табыс салығын есептеу, ұстап қалу және аудару жөніндегі міндеттемеден босатылғандар;
6. Халықаралық және мемлекеттік ұйымдармен, шетелдік және қазақстандық үкіметтік емес қоғамдық ұйымдармен, қорлармен жасалған еңбек шарттары (келісімшарттары) болса ҚР азаматтарының кірістері;
7. Резиденттің (бір мемлекетте ұдайы тұратын екінші бір елдің адамы) кірістері;
8. "Медиация туралы" ҚР Заңына сәйкес кәсіпқойларын қоспағанда, медиаторлардың салық агенттері болып табылмайтын тұлғалардан алған кірістері;

9. Есепке алынған жеке қосалқы шаруашылықтан түсетін, салық салуға жататын, жеке қосалқы шаруашылықпен айналысатын тұлғаның салық агентіне анық емес мәліметтер ұсынуына байланысты төлем көзінен жеке табыс салығын ұстап қалу жүргізілмеген кірістер.

Сурет 3.3.



Егер сатушы сайтта көрсетілгенге сәйкес келмейтін тауар жеткізген болса, сатып алушылардың да мүдделері қорғалады / ҚР Ұлттық экономика министрлігінің графикасы негізінде жасалынды

Үшінші топтағы мүгедектер 2017 жылдан бастап меншігіндегі барлық мүліктің жалпы құнынан 1500 АЕК (айлық есептік көрсеткіш) еселенген мөлшері шегінде мүлік салығынан босатылады.

"2020 жылдан бастап жалпылама декларация қабылданады"

Есептер

1 есеп. Әуезов ауданы бойынша салық комитетінің құйып жасалған лауазымды тұлғаларымен ЖШСке сөзсіз бюджетке төлемдері тағы басқалар есептеуді дұрыстық және салықтардың төлеуін кешенді тексеріс жүргізілді. ЖШС тексеріс нәтижелері бойынша (01.02) тексеру акті елестету құйып жасалған және (11.02) 10 күндерден кейін - акт не санмен сол даталанатын тексеру акттері бойынша ескерту. ЖШСы тексеріс нәтижелерімен сәйкес құйып жасалған және шешім осы ескерту шағым арыз беруге қабылдаған болмады. Салық органының ұйғарымы бойынша қызмет етуші банк (23.02) әлі 10 жұмыс

күндерінің өткесіні бойынша дегенмен ЖШСы шығын операцияларын бастапқыда тоқтаттырды құйып жасалған, банк (24.02) ертеңге ЖШСтың хабардар етті салық қарызының сомасының ақша жинау ұйғарым негізінде салық органының олардың банктік есебінен төлету туралы құйып жасалған. Бір уақытта, ЖШСы (24.02) тексеріс нәтижелері бойынша есептелген салық қарызына ықтиярсыз төлетуі туралы салық органының ескертуі арнаулы хатпен алуға құйып жасалған.

Бұзушылықтар неткен туралы үшін құйып жасалған қорғаулар ЖШСы өз кірісуге керек дұрыс айтатын салық органымен мүмкін деген?

2 есеп. «Мақам» ЖШС ағымдағы салық кезеңінің 25 қарашасының заңды тұлғаларының мүлік салығын бюджетке төледі, ағымдағы төлемдердің енгізуісіз. Төлелген салықтың сомасы сәйкесінше 100000 теңге, ағымдағы төлеуді 400000 теңге соманы құрады.

«Мақам» ЖШСтың салық заңының бұзушылығы орынды алады ма? Егер иә болса, онда жауапкершіліктің шаралары осы кәсіпорынға қолдануы керек болған ба?

3 есеп. Осы салық төлеушімен арналған - вариант ЖШС, бірлескен табыс салығының есептеуінде, жиынтық жылдық табыс 48000 мың теңгеге салық есепке алуын мәліметтің 86000 мың теңгеге, шегермелерін құрады. Кәсіпкерліктен салық салынатын табыстың түзетуі және шығындардың тасымалдауы бойынша негіздер кәсіпорындарда болмады.

Жиынтық жылдық табыс Салық комитетінің өткізу барысында тақырыптық салықты тексеру айқындалған мәліметтері бойынша 52000 мың теңгеге 98000 мың теңгеге, шегермелерді құрады.

Вариант ЖШСтың салық заңының бұзушылығы орынды алады ма? Егер иә болса, онда жауапкершіліктің шаралары осы кәсіпорынға қолдануы керек болған ?

4 есеп. ЖШС **«**Радикалы» сәуірінің 6900 мың теңге сомасындағы ағымдағы (ҚҚС бойынша бюджеті бар есептеулер бойынша есепті мерзім - календарлық тоқсаны) салық жылының қаңтарына қосылған құнға салығының бюджетіне төлеуін осы жыл жасады.

«Радикал» ЖШСтың салық заңының бұзушылығы орынды алады ма? Егер иә болса, онда жауапкершіліктің шаралары осы кәсіпорынға қолдануы керек пе?

4. Салық саясаты және оның мемлекетіміздің экономикалық саясатындағы алатын орны. Салық механизмі

Салық механизмі салықтың ұйымдық - құқықтық нормалары мен басқару әдістерінің жиынтығы, бұған әр түрлі салықтық реттеу құралдары да (салық ставкасы, салық жеңілдіктері, салық салу әдістері және т.б.) енеді. Мемлекет өзінің салық механизміне салық заңдылықтары арқылы құқықтық нысан беріп, оны реттеп отырады. Салық механизмі практикалық салық іс-қимылдарының жиынтығы, яғни салық заңдары ережелерін практикада жүзеге асырудың шарттары мен тәртіптерінің жиынтығы. Объективті негізгі бағытталмаған кез-

келген салықтық іс-қимыл ұдайы өндіріс процесіне субъективтік қол сұғу ретінде қарастырылады және олардың нысанының өзгеруіне әкеледі. Салық механизмі салық салуды басқарудың негізі болып табылатын салықтық құқыққа сүйеніп, салық қатынастарын реттеуге мүмкіндік береді.

Салық механизмі - бұл ұйымдық-экономикалық категория ретінде осы ұғымды түсіндіретін салық теориясының аясы, сәйкесінше, ұлттық табыстың бөлігінде өндірісте жасалынған бөлігін қоғамдастыру кезінде қалыптасатын қайта бөлу қатынасы кезіндегі объективті қажетті басқару процесі. Салық салу механизмі салықтарды белгілеудің принциптерінен, нысандары мен әдістерінен, оларды өзгерту мен күшін жоюдан, оларды төлеуді қамтамасыз ету бойынша шаралардан тұрады.

Бұл процесте қалыптасатын қатынастың барлық саласын үш қосалқы жүйемен шектеуге болады: салықтық жоспарлау, салықтық реттеу және салықтық бақылау.

Салық жүйесі және оның қызмет ету механизмі белгілі бір принциптерге сәйкес қызмет етуі керек. Сонда ғана салық жүйесі өз қызметін жан-жақты және тиімді түрде жүзеге асырады.

Салық принциптерінің, жалпы салық салу теориясының негізін қалаушы болып шотландық экономист, әрі философ Адам Смит табылады. А.Смиттің классикалық принциптері төмендегідей:

1) салық салық төлеушінің әрқайсысының табысына сәйкес алынуы тиіс (әділеттілік принципі);

2) салықтың мөлшері мен оны төлеу мерзімі алдын ала және дәл анықталуы керек (анықтылық принципі);

3) әрбір салық салық төлеуші үшін неғұрлым қолайлы уақытта және әдіспен алынуы тиіс. (қолайлылық принципі);

4) салықтан жиналған түсімнен оны жинауға кеткен шығын аз болуға тиіс (үнем принципі).

Бұл принциптерді пайдалану салық салуда зорлық-зомбылықты азайтты, бұл процеске реттемелеуді енгізді. Салық салудың кейінгі даму барысында принциптердің тұжырымдамалары дәлелденді, толықтырылды.

Салық салудың қазіргі халықаралық принциптері мыналар:

- Қарапайымдылық принципі. Салық механизмі салық төлеушіге түсінікті болуы тиіс, ол айқын әрі жеңіл болуы керек. Ол үшін мына шарттар орындалуы қажет:
- салық түрлері өте көп болмай, нақты да дәлелді болуы керек;
- бір салық түріне бірыңғай салық ставкасын белгілеу қажет;
- салық салуобъектісін, салық салынатын табысты немесе айналымды анықтау әдісі барынша жеңіл, қарапайым, қолдануға ыңғайлы және түсінікті болғаны дұрыс;
- салық жеңілдіктері не үшін беріледі, оған қандай негіздер бар екенін дәлелді болуы керек. Салық жеңілдіктерінің мейлінше аз болғаны дұрыс;
- салық төлеуде, салықты табыс көзінен, яғни төлем жүргізілген көзден төлеген ыңғайлы.

- Әділеттілік принципі. Салық жүйесінде әділеттілік принципі тікелей және көлденең екі бағытта сақталуы тиіс.

Тікелей әділеттілік принципі – салық төлеушілердің табыстарына тең жағдайда біркелкі салық салынады;

Көлденең әділеттілік принципі – тиісті жағдайда бірыңғай салық төлеушіге бірдей талап, бірдей шарт қойылуы керек. Салық төлеушілер белгілі бір табыс не қызмет түрінен, мүлкінен бірдей ставкамен салық төлеуі тиіс.

- Салыстыру принципі. Бұл принцип бойынша салық ставкаларын бекіткен кезде, олардың мөлшері басқа елдерде қолданылып жүрген салық ставкаларымен салыстырылып отырылуы қажет.

- Салықтардың анықтылығы – алдын ала белгіленген шарттар мен талаптардың мызғымас теңдігі елдің барлық аумағында және барлық шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін түсіндіру мен қолданудың біркелкілігі.

- Жеңілдіктердің ең аз саны. Жеңілдіктер құндық үйлесімдерді бұрмалайды және салық салу субъектілерін тең емес жағдайларға әдейі қояды.

- Салық салудың экономикалық бейтараптығы. Салықтар экономиканың жұмыс істеуін жақсартуға және инвестициялардың өсуіне кедергі жасамауы тиіс.

Қазақстанның салық заңнамасында сонымен бірге салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеудің міндеттілігі, салық салудың айқындылығы, әділдігі, салық жүйесінің біртұтастығы және салық заңдарының жариялылығы принциптері негізделеді.

Салық төлеуші салық заңына сәйкес салықтық міндеттемелерін толық көлемде және белгіленген мерзімдерде орындауға міндетті.

Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер айқын болуға тиіс. Салық салудың айқындылығы салық төлеушінің салықтық міндеттемелерінің туындауының, орындалуының және тоқтатылуының барлық негіздері мен тәртібін салық заңында белгілеу мүмкіндігін білдіреді.

Еліміздің салық салу жалпыға бірдей және міндетті болып табылады. Жеке сипаттағы салық жеңілдіктерін беруге тиым салынады.

Қазақстанның салық жүйесі оның бүкіл аумағында барлық салық төлеушілерге қатысты бірыңғай болып табылады.

Салық салу мәселелерін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер ресми басылымдарда міндетті түрде жариялануға жатады.

Тест сұрақтары

1 Қ.Р-да салық салу жалпыға бірдей және міндетті болуы салық салудың қай приципі?

А) салық салудың әділдігі:

Б) салық заңдарының жариялылығы;

С) салық салудың жариялылығы;

Д) салық жүйесінің біртұтастығы;

Е) салық салудың міндеттілігі.

2 Заң бойынша салық төлеу міндеті жүктелген тұлға – бұл

А) субъект;

Б) объект;

С) салық ставкасы;

Д) салық квотасы;

Е) салық оклады.

3 Салық объектісі:

А) салық есептелетін база;

Б) салықтың материалдық өрнектелуі

С) салық сипаттамасы;

Д) заңмен бекітілген салық бұйымынын өлшеу параметірі

Е) салықтық базаны өлшеу бірлігіне шаққандағы салықтық есептеулер шамасы.

4 Салық ставкасы дегеніміз не?

А) төленген салық сомасы;

Б) салық салу өлшем бірлігіне есептелген салық мөлшері;

С) барлық салық салу объектісіне салынған салық мөлшері;

Д) объект пен салық сомасының ара қатынасы;

Е) бір салық салу объектісіне төленген салық.

5 Салық ставкасының қандай түрлері бар?

А) Тіркелген, проценттік (пропорционалды, прогрессивті, регрессивті);

Б) пропорционалды, прогрессивті;

С) пропорционалды, регрессивті;

Д) пропорционалды, прогрессивті, регрессивті;

Е) прогрессивті, біркелкі болып келеді.

6 Салықтан босатылатын объектінің ең төменгі бөлігі:

А) салықтық ауыртпалық;

Б) салықтық оклад;

С) салық салынатын салық квотасы;

Д) салық салынбайтын минимум;

Е) салық салынатын минимум.

7 Бул ставкалар мемлекеттің өндіріс немесе басқа да саласына реттеуші әсерін тигізеді:

А) жоғартылған ставка;

Б) жалпы ставка.

С) тең ставка;

Д) тұрлаулы ставка

Е) пайызды ставка.

8 Салық жеңілдіктері кандай жағдайда беріледі?

А) салықты экономикалық реттеу әдісі ретінде қолданғанда;

Б) салықтық төлем бұйымын мемлекет мәжбүрлі турде алғанда;

С) салық төлеуші объектісі барлығын туралы арнайы хабарлағанда;

Д) бір жолғы талон алғанда немесе патент алғанда;

Е) төлем көзінен салықты ұстап қалғанда.

5. Қазақстан Республикасы салық жүйесінің ерекшеліктері

Мемлекеттің қандай да болмасын салық жүйесі негізінен екі қызметті атқарады.

Біріншісі – фискалды қызмет болса, екіншісі реттеуші қызмет. Фискалды қызмет ешкімді де алаңдата ой»майды, себебі кез келген мемелекеттің өмір сүруі үшін қаражаттың қажеттілігі өте маңызды нәрсе. Реттеуші қызмет әркімнің мейлін мелекеттің немесе кәсіпкердің болсын, аса қызықтыратын мәселесі болып табылады. Бәрімізге белгілі таразының екі жағы бар, біріншісі мемлекеттің қажеттілігінен туындаса, ал екіншісі еркін кәсіпкерлікті ұстағандардың мүдделерінен шығады.

Қазақстандағы салықтардың атқаратын реттеуші қызметіне кеңінен тоқталсақ, оның оншалықты өз атына сәйкес келе бермейтінің жақтарын байқауға болады. Негізінен салықтардың реттеушілік ролі мынандай шарттарға жауап беру қажет: мемлекеттің бюджетіне түсетін кіріс мөлшерінің белгілі бір деңгейінде ұстап отыру және кәсіпорындар мен жеке тұлғалар салынатын салықтардың ауыртпалығын реттестіру.

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясында болашақтағы мелекетіміздің негізгі байлық көзі шикізатты, соның ішінде ең біріншіден мұнайды экспорттау болып табылады. Екнші жағынан, салық салынатын базаның кемуінен экспорттаушы емес экономиканың басқа саласындағы қызмет атқарып отырған кәсіпорындарға жүктелетін салық ауыртпалығы арта түсуде. Аталған кемшіліктерді жою үшін, ең алдымен салық заңына жаңадан өзгертулер қажет.Салық төлеушілер үшін салық жүйесінің ең болмағанда үш-бес жылға дейін тұрақты болып дамуды аса маңызды шарт болып табылады. Ал артық табыс мөлшері қазіргі салық заңында кәсіпорындарың ішкі пайда нормаларына сәйкес үстеме пайда салығы арқылы алынып отыр. Бұл аталған салықтың кемшілігі мынада: біріншіден, ішкі пайда нормасын анықтау кезінде оның мөлшеріне әр түрлі себептер мен субъективті жағдайлар әсер етуі мүмкін, екіншіден, пайда нормасын қайта-қайта қарастырып отыру қажет, өйткені шикізаттың әлемдік бағасы күн сайын өзгерістерге ұшырау мүмкін. Сонымен шикізатты экспорттаушыларға қолданылып келген үстеме пайдаға салынатын салықты алып тастап бір ғана прогресситі табыс салығын қолданған дұрыс болар еді.

Қазіргі таңда кәсіпорындарда қызмет атқаратын жеке тұлғалардың жалақыларына әр түрлі: табыс салығы және әлеуметтік салық салынады. Мәселені заңды тұлғалар жалақыны төлейтін жайын қарайтын болсақ, онда жалақы үлестіру барысында кәсіпорындардың қосымша қаржыға

шығындалуын байқаймыз. Жалақы қоры неғұрлым көбейген сайын кәсіпорындар әлеуметтік салықты соғұрлым көп төлейді. Қазақстан салық жүйесінде орын алып отырған әлеуметтік салық компания қожайындарының өз қызметткерлерінің жалақы мөлшерін көбейтуін ынталандыру тұрмақ, керісінше бұл салықтан қалай құтылуды ойлап, бастарын қатыруға итеріп отыр. Тек әлеуметтік ставкасының жоғарлығында ғана болған жоқ, сонымен қатар бұл салық салынатын базада да болып тұрады.

Қазақстанның жалақы алушы азаматтары әлеуметтік салықтың ауыртпалығынан құтылғанымен, жалақы төлеуші компанияларға үлкен ауыртпалық жүктеліп отыр. Себебі жылдың жалпы жалаұқы қоры орташа есеппен алғанда компаниялар пайдасының 40-70 пайызын құрайды, ал осы уақытқа дейін әлеуметтік салық ставкасы 26 пайызды құраған болса, кәсіпорындар.

Кесте 5.1.

Компания қызметкелері	**Төленетін жалақы мөлшері (теңге)**	**45 000-нан астам мөлшер**
1. қызметкер 2. қызметкер 3. қызметкер 4. қызметкер 5. қызметкер 6. қызметкер	50 000 40 000 60 000 20 000 10 000 30 000	5000 15 000 55 000
Барлығы	**300 000**	**75 000**

Таблицадағы көрсетілгендегі компанияның тек үш қызметкері ғана 45 000 тг артық жалақы алады, ал жалақы қоры бойынша компания 75 000 тг әлеуметтік салық төлемейді. Әлеуметтік салықтың салынатын жалақы қоры мөлшерін азайту қажет. Қазіргі таңда республика Президентінің басшылығымен әлеуметтік салық бойынша аталған өзгерістердің нәтижесінде мемлекетке компанияларға, әсіресе еліміздің азаматтарына келер пайда айтарлықтай болар еді.

Осындай объективті және субъективті жақтарды ескере отырып, келесі ұсыныстарды қозғауға болады.

Біріншісі, жеке тұлғаларға қолданылатын шегерімнің мөлшерін өзгерту және оның тек табысы төмендгілерге ғана қолдан, екіншіден, табыс салынған ең төменгі жалақы алушыларды босату. Сондықтан жеке тұлғалардың табыс салығына қолданылатын шегерімнің мөлшеріне кемдеген де ең төменгі жалақы мөлшеріне теңестіру қажет.

Ал орташа жәе жоғары деңгейдегі мөлшерде жалақы алатындар үшін қолданыатын шегерімді қысқарту қажет.

Қорыта айтқанда, жоғарыда аталған ұсыныстарды жүзеге асыру қиынға соқпайды, ал олардан түсетін экономикалық тиімділік айтарлықтай болары анық.

6. Корпоративтік табыс салығы

Мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын немесе Қазақстан Республикасындағы көздерден табыстар алатын резидент емес заңды тұлғалар корпоративтік табыс салығын төлеушілер болып табылады.

Корпоративтік табыс салығын салу объектілері мыналар болып табылады:

- салық салынатын табыс;
- төлем көзінен салық салынатын табыс;
- Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғаның таза табысы.

Салық салынатын табыс түзетулерді ескере отырып жылдық жиынтық табыс пен осы бөлімде көзделген шегерімдер арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Жылдық жиынтық табысқа салық төлеуші табыстарының барлық түрлері:

- өткізуден түсетін табыс;
- құн өсімінен түсетін табыс;
- туынды қаржы құралдары бойынша табыс;
- міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін табыс;
- күмәнді міндеттемелер бойынша табыс;
- банктердің және лицензия негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың құрылған провизияларының (резервтерінің) мөлшерлерін азайтудан түсетін табыс;
- сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдары құрған сақтандыру резервтерін азайтудан түсетін табыс;
- талап ету құқығын басқаға беруден түсетін табыс;
- кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім бергені үшін алған табыс;
- тіркелген активтердің шығып қалуынан түсетін табыс;
- табиғи ресурстарды геологиялық зерттеуге және өндіруге дайындық жұмыстарына арналған шығыстарды, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарын түзетуден түсетін табыс;
- кен орындарын әзірлеу салдарын жою қорына аударымдар сомасының кен орындарын әзірлеу салдарын жою жөніндегі іс жүзіндегі шығыстар сомасынан асып кетуінен түсетін табыс;
- бірлескен қызметті жүзеге асырудан түсетін табыс;
- егер бұрын бұл сома шегерімге жатқызылмаса, негізсіз ұсталып, бюджеттен қайтарылған айыппұлдардан басқа, таңылған немесе борышкер таныған айыппұлдар, өсімпұлдар және басқа санкция түрлері;

- бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;
- өтеусіз алынған мүлік түріндегі табыс;
- дивидендтер;
- депозит, борыштық бағалы қағаз, вексель бойынша сыйақылар, ислам жалдау сертификаты;
- оң бағамдық айырма сомасының халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес анықталған теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі;
- ұтыстар;
- әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыс;
- кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сатудан түсетін табыс;
- сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушы алатын (алынуға жататын), мүлікті сенімгерлікпен басқарудан түсетін таза табыс.

Салық төлеушінің табыс алуға бағытталған қызметті жүзеге асыруға байланысты шығыстары салық салынатын табысты айқындау кезінде шегерімге жатады.

Табыстар немесе шегерімдер мынадай жағдайларда:

-тауарларды толық немесе ішінара қайтарғанда;

-мәміленің шарттарын өзгерткенде;

-сатылған немесе сатып алынған тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін бағаны, өтемақыны өзгерткенде;

-бағадан жеңілдіктер, сатудан жеңілдіктер жасалғанда;

-шарттың талаптарын негізге ала отырып, өткізілген немесе сатып алынған тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін ұлттық валютамен төленуге тиіс сома өзгергенде;

-ол бойынша табысты түзету жүргізілетін талапты есептен шығарғанда түзетуге жатады.

Салық төлеушінің табыстар мен шығыстар сомасына ауыстырылатын залалдары сомасына азайтылған салық салынатын табысы 20 проценттік ставка бойынша салық салуға жатады.

Корпоративтік табыс салығы үшін 1 қаңтар - 31 желтоқсан аралығындағы күнтізбелік жыл салық кезеңі болып табылады.

Корпорациялық табыс салығы, оны төлеушілер және обьектілері. Жылдық жиынтық табыс және оның құрамы, шегерімдер және оған жататындар. Залал ұғымы.

Қазақстан Республикасында корпорациялық табыс салығы салықтардың ішіндегі ең күрделісі және салық сомасы жағынан ең ауқымдысы. Корпорациялық табыс салығы бюджет түсімдерінің 27.2 пайызын құрайды.

Салық кодексі қабылданған кезеңге дейін салықтың бұл түрі заңды тұлғалардың табыстарынан алынатын табыс салығы деп аталды. Кейіннен атауы өзгеріп, қысқартылды да, халықаралық стандартқа сәйкес “корпорациялық табыс салығы” деп аталынды.

Корпорациялық табыс салығын арнаулы салық режимін қолданатындарды қоспағанда, салық салу обьектілері бар заңды тұлғалар төлейді.

Заңды тұлғалар екі топқа бөлінеді:

- коммерциялық ұйымдар;
- коммерциялық емес ұйымдар.

Коммерциялық ұйымдар дегеніміз белгілі бір табыс көзі бар заңды тұлғаларды атаймыз.

Коммерциялық ұйымдардың ішінде арнаулы салық режимдерін қолданатын заңды тұлғалардың табыс салығын төлеуде өзіндік ерекшеліктері бар, бұл мәселеге кейінірек тоқталамыз.

Кіріс түсіру негізгі мақсаты болып табылмайтын және алынған таза кірісті қатысушылар арасында бөлмейтін заңды тұлға *коммерциялық емес ұйым* деп аталады.

Ал коммерциялық емес ұйымдарға салық салу жөнінде алдағы тақырыптарда баяндаймыз.

Корпорациялық табыс салығын төлеушілер:

- Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғалары (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен мемлекеттік мекемелерді қоспағанда);
- Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын немесе Қазақстан Республикасындағы көздерден табыс алатын резидент емес заңды тұлғалар.

Корпорациялық табыс салығы бойынша салық салу обьектілеріне:

- салық салынатын табыс;
- төлем көзінен салық салынатын табыс;
- Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғаның таза табысы жатады.

I. Салық салынатын табыс

Корпорациялық табыс салығын төлеуші заңды тұлғалар ең алдымен салық салынатын табысын есептеп алуы қажет.

Ал, салық салынатын табыс (ССТ) жылдық жиынтық табыспен (ЖЖТ) және түзетулер ескерілген, шегерімдер (Ш $_{түзету}$) арасындағы айырма ретінде айқындалады, яғни:

$$ССТ = ЖЖТ – Ш_{түзету}$$

Ал, енді жылдық жиынтық табысқа тоқталайық.

Резидент заңды тұлғаның жылдық жиынтық табысы салық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасы және одан тыс жерлерден алынуға тиіс табыстардан құралады.

Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғаның жылдық жиынтық табысына алдағы уақытта тоқталамыз.

Жылдық жиынтық табысқа салық төлеуші табыстарының барлық түрлері:

1) өткізуден түсетін табыс;

2) құн өсімінен түсетін табыс;

3) туынды қаржы құралдары бойынша табыс;

4) міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін табыс;

5) күмәнді міндеттемелер бойынша табыс;

6) банктердің және лицензия негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың құрылған провизияларының (резервтерінің) мөлшерлерін азайтудан түсетін табыс;

7) сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдары құрған сақтандыру резервтерін азайтудан түсетін табыс;

8) талап ету құқығын басқаға беруден түсетін табыс;

9) кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе тоқтатуға келісім бергені үшін алған табыс;

10) тіркелген активтердің шығып қалуынан түсетін табыс;

11) табиғи ресурстарды геологиялық зерттеуге және өндіруге дайындық жұмыстарына арналған шығыстарды, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шығыстарын түзетуден түсетін табыс;

12) кен орындарын әзірлеу салдарын жою қорына аударымдар сомасының кен орындарын әзірлеу салдарын жою жөніндегі іс жүзіндегі шығыстар сомасынан асып кетуінен түсетін табыс;

13) бірлескен қызметті жүзеге асырудан түсетін табыс;

14) егер бұрын бұл сома шегерімге жатқызылмаса, негізсіз ұсталып, бюджеттен қайтарылған айыппұлдардан басқа, таңылған немесе борышкер таныған айыппұлдар, өсімпұлдар және басқа санкция түрлері;

15) бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар;

16) өтеусіз алынған мүлік түріндегі табыс;

17) дивидендтер;

18) депозит, борыштық бағалы қағаз, вексель бойынша сыйақылар;

19) оң бағамдық айырма сомасының халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес анықталған теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі;

20) ұтыстар;

21) әлеуметтік сала объектілерін пайдалану кезінде алынған табыс;

22) кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сатудан түсетін табыс;

23) сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысы немесе сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушы алатын (алынуға жататын), мүлікті сенімгерлікпен басқарудан түсетін таза табыс;

24) жоғарыда көрсетілмеген басқа да табыстар.

Шегерімдер

Шегерімдер дегеніміз салық төлеушінің жылдық жиынтық табыс алуымен байланысты жұмсаған шығыстары.

Шегерімдер салық салынатын табысты анықтау кезінде шегеріледі.

Шегерімдерді жылдық жиынтық табысты алуға байланысты шығыстарды растайтын құжаттары болған кезде салық төлеуші жүргізеді.

Бұл шығыстар болашақтағы кезеңдердің шығыстарын қоспағанда, олар нақты жүргізілген салық кезеңінде шегерілуге жатады. Болашақтағы кезеңдердің шығыстары қай салық кезеңіне қатысты болса, сол кезеңде шегерілуге тиіс.

Табиғи монополистер шеккен залалдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгілеген нормалар шегінде шегерілуге жатады.

Егер шығыстардың бірнеше баптарында белгілі бір шығындар көзделсе, салық салынатын кірісті есептеу кезінде көрсетілген шығындар тек бір рет шегеріледі.

Мемлекеттік бюджетке енгізілуге тиістілерін қоспағанда, жылдық жиынтық табыс табуға байланысты салынған немесе танылған айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбы шегеріп тасталуға тиіс.

Шегерімге жататындар:

1. Қызмет бабындағы іссапарлар кезіндегі және өкілдік шығыстар бойынша өтемдер сомаларын шегеру;
2. Сыйақы бойынша шегерімдер;
3. Төленген күмәнді міндеттемелер бойынша шегерімдер;
4. Күмәнді талаптар бойынша шегерімдер;
5. Резервтік қорларға аударымдар бойынша шегерімдер;
6. Ғылыми-зерттеу, жобалау, іздену және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарға жұмсалатын шығыстар бойынша шегерімдер;
7. Сақтандыру сыйлықақылары бойынша шығыстарды шегеру;
8. Әлеуметтік төлемдерге жұмсалған шығыстарды шегеру;
9. Табиғи ресурстарды геологиялық зерттеуге және оларды өндіруге әзірлік жұмыстарына жұмсалған шығыстар бойынша шегерімдер және жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шегерімдері;
10. Теріс бағамдық айырма бойынша шегерімдер;
11. Салықтар шегерімі.

Залалдар

Түзетілген жиынтық жылдық табыстан шегерімдердің асып түсуі кәсіпкерлік қызметтен шегетін *залал* деп аталады.

Залалдарды ауыстыру

Кәсіпкерлік қызметтен шегетін залалдар, сондай-ақ салық төлеушінің кәсіпкерлік қызметінде пайдаланылған үйлерді, құрылыстарды, ғимараттарды өткізуден шеккен залалдар кейінгі салық кезеңдерінің салық салынатын табысы есебінен өтеу үшін үш жылға дейінгі мерзімге, үшінші жылы қоса есептеліп, ауыстырылады.

Төлем көзінен салық салынатын табыстар.Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғаның таза табысы.

Корпорациялық табыс салығы бойынша салық салу обьектісінің екінші түрі төлем көзінен салық салынатын табыстар және оған жататындар:

1) ұтыстар;

2) резидент еместердің Салық кодексінің 192-бабына сәйкес айқындалатын, мұндай резиденттердің тұрақты мекемесімен байланысты емес Қазақстан Республикасындағы көздерден алған табыстары;

3) заңды тұлғаларға төленетін сыйақы жатады.

Мыналар төлем көзінен салық салуға жатпайды:

1) мемлекеттік бағалы қағаздар мен агенттік облигациялар бойынша сыйақы;

2) орналастырылған зейнетақы активтері бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларына, өмірді сақтандыру саласында қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарына, пайлық және акционерлік инвестициялық қорларға қорларға және орналастырылған активтер бойынша Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төленетін инвестициялық табыстар;

3) сыйақы есептелген күні Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімінде болатын борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақы;

4) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның лицензиясы негізінде банктік қарыз операцияларын жүзеге асыратын ұйымдарға төленетін кредиттер (қарыздар) бойынша сыйақы;

5) кредиттік серіктестіктерге төленетін кредиттер (қарыздар) бойынша сыйақы;

6) Қазақстан Республикасының секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес құрылған арнаулы қаржы компанияларына төленетін кредиттер (қарыздар) бойынша сыйақы;

7) резидент банкке төленетін кредит (қарыз), депозит бойынша сыйақы;

8) резидент лизинг берушіге төленетін қаржы лизингі бойынша сыйақы;

9) кәсіби қызметін бағалы қағаздар нарығында жүзеге асыратын ұйымдарға төленетін, репо операциялары және борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақы;

10) микрокредиттік ұйымдарға төленетін микрокредиттер бойынша сыйақы төлем көзінен салық салуға жатпайды.

Төлем көзінен ұсталатын салықты есептеп шығару тәртібі

Салық агенті салық сомасын төлем көзінен салық салынатын, төленіп отырған табыс сомасына 15 пайыздық ставканы қолдану жолымен айқындайды.

Салық агенті төлем көзінен салық салынатын табыстарды төлеу кезінде төлем көзінен ұсталатын салықты табыс төлеу нысаны мен орнына қарамастан ұстап қалуға міндетті.

Депозитарлық қолхат бойынша кірістерді төлеу көзі осындай депозитарлық қолхаттың базалық активінің эмитенті болып табылады.

Төлем көзінен салықты аудару тәртібі

Егер Салық кодексінде өзгеше көзделмесе, салық агенттері төлем жүзеге асырылған ай аяқталғаннан кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей төлем көзінен ұсталған салық сомаларын аударуға міндетті.

Төлем көзінен ұсталған салықтардың сомаларын аудару салық агенті орналасқан жер бойынша жүзеге асырылады.

Төлем көзінен ұсталған салық жөніндегі есеп-қисап

Салық агенттері төлем көзінен ұсталған салық сомалары бойынша есеп-қисапты тоқсаннан кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей табыс етуге міндетті.

Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғаның таза табысы

Корпорациялық табыс салығы бойынша салық салу обьектісінің үшінші түрі Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалардың таза табысы болып табылады және корпорациялық табыс салығының үстіне 15 пайыздық ставка бойынша салық төлейді.

Корпорациялық табыс салығы сомасын есептеп шығару. Корпорациялық табыс салығының ставкалары. Корпорациялық табыс салығын есептеу тәртібі және төлеу тәртібі

Корпорациялық табыс салығы сомасын есептеп шығару

Корпорациялық табыс салығы салық кезеңі үшін 15 пайыздық ставканы ауыстырылатын залалдар сомасына азайтылған салық салынатын табысқа жүргізілген түзетулерді ескере отырып, қолдану жолымен есептеп шығарылады.

Бүгінгі таңдағы корпорациялық табыс салығының ставкалары:

1. Салық төлеушінің табыстар мен шығыстар сомасына және белгіленген тәртіппен ауыстырылатын залалдары сомасына азайтылған салық салынатын табысынан 15 процент.

2. Негізгі өндіріс құралы жер болып табылатын салық төлеушінің табыстар мен шығыстар сомасына және ауыстырылатын залалдары сомасына азайтылған салық салынатын табысынан 10 процент.

3. Резидент еместердің Қазақстан Республикасындағы көздерден алатын табыстарын қоспағанда, төлем көзінен салық салынатын табыстар төлем көзінен 10 процент.

Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғаның таза табысы корпоративтік табыс

Корпорациялық табыс салығы бойынша салық кезеңі. Корпорациялық табыс салығы бойынша салық декларациясын тапсыру

Корпорациялық табыс салығы үшін *күнтізбелік жыл - салық кезеңі* болып табылады.

Егер ұйым күнтізбелік жыл басталғаннан кейін құрылса, оның құрылу күнінен бастап күнтізбелік жылдың аяғына дейінгі уақыт кезеңі ол үшін бірінші салық кезеңі болып табылады. Бұл ретте ұйымның оның уәкілетті органда мемлекеттік тіркеуге алынған күні оның құрылған күні болып саналады.

Егер ұйым күнтізбелік жылдың аяғына дейін таратылса, қайта ұйымдастырылса, жыл басталғаннан бастап тарату, қайта ұйымдастыру аяқталған күнге дейінгі уақыт кезеңі ол үшін соңғы салық кезеңі болып табылады.

Егер күнтізбелік жыл басталғаннан кейін құрылған ұйым осы жылдың аяғына дейін таратылса, қайта ұйымдастырылса, өзінің құрылған күнінен бастап тарату, қайта ұйымдастыру аяқталған күнге дейінгі уақыт кезеңі ол үшін салық кезеңі болып табылады.

Салық декларациясы

Арнайы салық режимін қолданатын заңды тұлғаларды қоспағанда, корпорациялық табыс салығын төлеушілер корпорациялық табыс салығы бойынша декларацияны салық органдарына есепті салық кезеңінен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей табыс етеді.

Корпорациялық табыс салығы жөніндегі декларация декларациядан және корпорациялық табыс салығы бойынша салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілер туралы ақпараттарды ашу жөніндегі қосымшалардан тұрады.

Форма 100

КОРПОРАЦИЯЛЫҚ ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ДЕКЛАРАЦИЯ

1. Салық төлеушінің тіркеу нөмірі
2. Салық кезеңі (жыл) 2007
3. Салық төлеушінің атауы: “Көк-мардан” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
4. ЭҚЖЖ Үлес салмағы
5. Декларация түрі: Кезекті
6. Хабарламаның нөмірі мен күні
7. Валюта коды KZT -теңге
8. Берілген қосымшалар: негізінен қосымшаның 42 түрі бар
9. Резидент емес

I.БӨЛІМ. ЖЫЛДЫҚ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС					
Жол коды	Атауы	млрд.	млн.	мың	
100.00.001	Тауарларды (жұмыс, қызмет көрсету) өткізуден түскен табыс		042	500	000
100.00.002	Үйлерді, ғимараттарды, құрылыстарды, сондай-ақ амортизациялауға жатпайтын активтерді өткізу кезіндегі құн өсімінен түсетін табыс		-	-	-
100.00.003	Міндеттемелерді есептен шығарудан түсетін табыс		-	700	000
100.00.004	Күмәнді міндеттемелер бойынша түсетін табыстар		-	-	-
100.00.005	Мүлікті жалға беруден түсетін табыс		-	920	000
100.00.006	Борышты талап етуді басқаға беруден түсетін табыстар		-	-	-
100.00.007	Кәсіпкерлік қызметті шектеуге немесе		-	-	-

	тоқтатуға келісім үшін алынған табыстар				
100.00.008	Шығып қалған тіркелген активтер құнының ішкі топтың құн балансынан асып түсуінен алынатын табыстар		-	-	-
100.00.009	Кен орындарын игеру зардаптарын жою жөніндегі нақты шығыстар сомасынан кен орындарын игеру зардаптарын жою қорына аударылған соманың асып түсуінен алынатын табыстар		-	-	-
100.00.010	Ортақ үлестік меншіктен түсетін табысты бөлу кезінде алынатын табыстар		-	240	000
100.00.011	Айыппұлдар, өсімпұлдар және санкциялардың басқа да түрлері		-	-	-
100.00.012	Бұрын жүргізілген шегерімдер бойынша алынған өтемақылар		-	120	000
100.00.013	Өтеусіз алынған мүлік, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер		-	-	-
100.00.014	Дивидендтер		-	-	-
100.00.015	Сыйақылар		-	150	000
100.00.016	Оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі		-	-	-
100.00.017	Ұтыстар		-	-	-
100.00.018	Роялти		-	-	-
100.00.019	Әлеуметтік сала обьектілерін пайдалану кезінде алынған табыстардың шығыстардан артығы қамтылады		-	-	-
100.00.020	Басқа да табыстар		-	950	000
100.00.021	*ЖЫЛДЫҚ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС* (100.00.001-100.00.020 жолдардың сомасы)		045	580	000
II. БӨЛІМ. ЖЫЛДЫҚ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫСТЫ ТҮЗЕТУ					
100.00.022	Жылдық жиынтық табысты түзету		-	050	000
100.00.023	*Түзетуден кейінгі жылдық жиынтық табыс* (100.00.021-100.00.022)		045	530	000
III. БӨЛІМ. ШЕГЕРІМДЕР					
100.00.024	Өткізілген тауарлар (жұмыс, қызмет) бойынша шығындар		040	250	000
100.00.025	Сыйақы бойынша шегерімдер		-	800	000
100.00.026	Төленген күмәнді міндеттемелер бойынша шегерімдер		-	-	-
100.00.027	Күмәнді талаптар бойынша шегерімдер		-	-	-
100.00.028	Резервтік қорларға аударымдар бойынша шегерімдер		-	500	000

100.00.029	Ғылыми-зерттеу, жобалау, іздену және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарға жұмсалатын шығыстар бойынша шегерімдер		-	150	000
100.00.030	Сақтандыру сыйлықақылары бойынша шығыстарды шегеру		-	210	000
100.00.031	Әлеуметтік төлемдерге жұмсалған шығыстарды шегеру		-	680	000
100.00.032	Табиғи ресурстарды геологиялық зерттеуге және оларды өндіруге әзірлік жұмыстарына жұмсалған шығыстар бойынша шегерімдер және жер қойнауын пайдаланушылардың басқа да шегерімдері		-	-	-
100.00.033	Теріс бағамдық айырма бойынша шегерімдер		-	-	-
100.00.034	Салықтар шегерімі		-	330	000
100.00.035	Айыппұл, өсімпұл, тұрақсыздық айыптары		-	-	-
100.00.036	Амортизациялық аударымдар, жөндеу шығындары, тіркелген активтер бойынша басқа да шегерімдер		-	990	000
100.00.037	*ШЕГЕРІМДЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ*		043	910	000
IV.БӨЛІМ. САЛЫҚ САЛЫНАТЫН ТАБЫСТЫ ЕСЕПТЕУ					
100.00.038	*САЛЫҚ САЛЫНАТЫН ТАБЫС (ЗАЛАЛ)* (100.00.023-100.00.037)		001	620	000
100.00.039	Салық салуда жеңілдігі бар елден алынған табыстар		-	-	-
100.00.040	*БАРЛЫҚ САЛЫҚ САЛЫНАТЫН ТАБЫС (ЗАЛАЛ)* (100.00.038-100.00.039)		001	620	000
100.00.041	Көшіруге жатпайтын, пайдалануға бірінші рет енгізілген тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдардың шегеріміне жатқызудан залал		-	-	-
100.00.042	Көшіруге жататын залал		-	-	-
100.00.043	Салық салынатын табысты түзету		-	-	-
100.00.044	Бұрыңғы салық кезеңдерінен көшірілген залалдар		-	-	-
100.00.045	ТҮЗЕТҮЛЕР МЕН КӨШІРІЛГЕН ЗАЛАЛДАРДЫ ЕСКЕРІП САЛЫҚ САЛЫНАТЫН ТАБЫС		001	620	000
V. БӨЛІМ. САЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕСІНІҢ ЕСЕБІ					
100.00.046	Есептелген салық сомасы (100.00.045 х		-	486	000

	15%)				
100.00.047	Таза табысқа салынатын салынатын салық сомасы		-	-	-
100.00.048	Жүргізілген есепке алулардың барлығы		-	-	-
100.00.049	*ЕСЕПТЕЛГЕН САЛЫҚТЫҢ БАРЛЫҒЫ*		-	243	000
100.00.050	Төленген аванстық төлемдердің барлығы		-	200	000
100.00.051	*ТӨЛЕНУГЕ ТИІС САЛЫҚТЫҢ БАРЛЫҒЫ*		-	43	000
100.00.052	Артық төленген салық сомасы		-	-	-

Біз осы декларацияда келтірілген мәліметтердің дұрыстығы мен толымдығы үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікте боламыз

Есептер

1 есеп. 2007 жылдағы кәсіпорын 34 678 000 теңге өлшемде жиынтық жылғы табысы болды. 2008 жыл шығындармен аяқтады, сондықтан есепші 2009 жылға БТС бойынша есептеу аванстық төлеу көрсетпеді. Ахуалды түсінік беріңіз.

2 есеп. Серіктестік - резидент ҚРда бірнеше филиалдары болады. Кейбір филиалдарда болғандықтан тұрақты есепші, бастаушы есепке алу жоқ, бас кәсіпорынның табылуын орын-орныменге БТС бойынша сомалардың төлеуін өндіріп алуға шешті. Ахуалды түсінік беріңіз.

3 есеп. Кәсіпорынның жиынтық жылдық табысы 260 700 000 теңгені 2007 жылдар бойы құрады, 2008 жылдар бойы - 368 000 000 теңге. Есепші бойынша есептеу 2009 жылына аванстық төлеу деп көрсетпеді. Ахуалды түсінік беріңіз.

4 есеп. Түзетулерді есепке алуы бар кәсіпорынның жиынтық жылдық табысы 490 700 000 теңгені 2007 жылдар бойы құрады, 2008 жылдар бойы - 368 000 000 теңге. Шегермеге, 2007 жылдағы салық төлеушінің шығындары, жататын жатқызулары 380 450 000 теңге, 2008 жылдарда құрады - 259 477 500 теңге. Аванстық төлеу (2008 жыл) алдыңғы салық кезеңдеріне сомалардың есептеулеріндегі 33 210 370 теңгені құрауға есептелген БТС бойынша сома аванстық төлеу. Дейін БТС бойынша есептеудің ұсыну тәртібі аванстық төлеу түсінік беріңіз және 2009 жылда декларацияның өткізуінен кейін, сома аванстық төлеу есептеп шығарыңыз.

5 есеп. Саламаталардың 2007 жылындағы серіктестік 500 мың теңге мүлік салығы есептеді, 350 мың теңге төледі. Мүлік салығын 2008 жылда 550 мың теңге өлшемде есептеген. Төлеу 2008 жыл ішінде 750 мың теңге өлшемде жасалған. Шегерме мүлік салығы бойынша рұқсат етілетін бірлескен табыс салығы бойынша декларациялар құрастыруда ма?

6 есеп. Есепті мерзімге Данның ЖШСы салық салынатын табыс 1200 мың теңгені құрады. 600 мың теңге сомаға жабдық Бобек қайырымдылық қорына тегін бағытталған. Соманы неткен қаралатын кәсіпорынның салық салынатын табысы түзетеді?

7 есеп. Қазақстан Республикасының Самал, резиденті серіктестік,

Қазақстандық нарықта тауарлардың іске асыруымен шұғылданады. Серіктестіктің көрсеткіштері есеп беру жылдар бойы:

- тауарлық-заттық қорлар:
- 01.01.20 ХХ жылдағы ТМҚ қалдықтар 150000 теңгелерді құрады;
- 31.12.20 ХХ жылдағы ТМҚ қалдықтар 60000 теңгелерді құрады;
- 4200000 теңге сомаға ТМҚ жылдың ішінде алған;
- жалға алған ғимараттың жөндеуіне тамызда 40000 теңге сомаға ТМҚ тауысқан;
- есеп беру жылының сәуірінде 45000 теңге сомаға өткен жылдың желтоқсан жүзеге асырылған тауардың қайтаруы жасалған. Іске асыру қайтарылған тауар партиясының өзіндік құны кезге 35000 теңгені құрады.

Тауарлардың іске асыруынан табыс 5300000 теңгені құрады.

Серіктестік (50000 теңге сома Самалдың серіктестігінің төлем есебіне атап көрсетілген) 50000 теңгені сомада серіктестіктенгі дивидендтерін алды.

Серіктестік 5 компьютерлердің балансында алады. 01.01.20 ХХ жылдағы компьютерлері топтың құн балансы барлық бес компьютерлердің 500000 теңге, баланстық құнын құрайды 600000 теңгені құрайды.

Есеп беру жылының шілдесінде 4 компьютерлер іске асырылды. Іске асырудан табыс 650000 теңгені құрады.

Самал жабдықтаушылардың бірлерінің серіктестіктері (теңге АҚШ =123 1 доллар курс бойынша) 5000 Ақш долдарының сомасындағы есеп беру жылының 1 желтоқсанының тауарына алдын ала төлемді жасалатын шамшырақ ресейлік серіктестік болып табылады.

Тауардың ресейлік жабдықтаушысынан жыл ақырына дейін алынбаған. Теңге АҚШ=125 1 доллар нарықтық курс есепті мерзімді түпкі датаға.

Қалған шығындар (қызметкерлердің еңбекақысы, кеңсенің жалдауы, есептелген сома шек төлелген салықтар) 450000 теңгелерді құрады.

Жоғары көрсетілген мәліметтер негізде есептеуге керек:

- салық салынатын табыс; болып табыл бірлескен табыс салығының сомасын.

7. Жеке табыс салығы

Салық салу объектілері бар жеке тұлғалар жеке табыс салығын төлеушілер болып табылады.

Салық салу объектілері

-төлем көзінен салық салынатын табыстар;

-төлем көзінен салық салынбайтын табыстар түріндегі табыстары жеке табыс салығы салынатын объектілер болып табылады.

Жеке тұлғаның салық салынатын табыстарынан табыстардың мынадай түрлері алып тасталады:

- балаларға және асырауындағы адамдарға алынған алименттер;
- жеке тұлғалардың қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы негізінде банктер мен банк

операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы салымдары бойынша оларға төленетін сыйақылар;

- борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар;
- мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар, агенттік облигациялар бойынша сыйақылар және мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар мен агенттік облигацияларды өткізу кезіндегі құн өсімінен түскен табыстар;
- дивидендтер мен сыйақыларды есебіне жазу күніне Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімінде болатын осындай бағалы қағаздар бойынша дивидендтер мен сыйақылар;
- пайлық инвестициялық қорларды осы қордың басқарушы компаниясы құнын өтеп сатып алған кездегі пай бойынша табыстар;
- әскери қызмет міндеттерін атқарған кезде әскери қызметшілерге берілетін, ішкі істер органдарының, қаржы полициясының, қылмыстық-атқару жүйесі және мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары мен мекемелерінің белгіленген тәртіппен арнаулы атақ берілген қызметкерлері қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты алатын төлемдердің барлық түрі.

Салық төлеушінің табыстарына 10 проценттік ставка бойынша салық салынады.

Қазақстан Республикасындағы және одан тысқары жерлердегі көздерден алынған дивидендтер түріндегі табыстарға 5 проценттік ставка бойынша салық салынады.

агенттерінің төлем көзінен салық салынатын табыстардан жеке табыс салығын есептеуі үшін күнтізбелік ай салық кезеңі болып табылады.

Жеке табыс салығы бойынша декларацияны мына резидент салық төлеушілер:

- дара кәсіпкерлер;
- жекеше нотариустар, жеке сот орындаушылары, адвокаттар;
- мүліктік табыс алған жеке тұлғалар;
- басқа табыстар, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде табыстар алған жеке тұлғалар;
- Қазақстан Республикасынан тысқары жерлердегі шетелдік банктердегі банктік шоттарда ақшасы бар жеке тұлғалар табыс етеді.

Жеке табыс салығын төлеушілер. Жеке табыс салығы бойынша салық салу обьектілері

1. Жеке табыс салығы жеке тұлғалардың ең бірінші кезекте төлейтін салығы болып саналады. Себебі тапқан табыстарынан немесе табыс көздерінің бір бөлігін салық ретінде аударып отырады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев Халыққа арнаған жолдауында жеке табыс салығының ставкаларын төмендетіп, салық төлеу тәртібін оңтайлы етіп, белгілі бір жүйеге келтірді, яғни мұны жеке тұлғаларға халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруына қосқан үлесі ретінде қарауға болады.

Жеке табыс салығы алғашқы салықтардың бірі.

Салық кодексі қабылданғанға дейінгі кезеңде бұл салық түрі “жеке тұлғалардың табыстарына салынатын табыс салығы” деп аталатын. Салық

кодексі қабылданып, бұл атау қысқарып, халықаралық стандартқа сәйкес, “жеке табыс салығы” деп аталды.

Жеке табыс салығын салық салу объектілері бар жеке тұлғалар төлейді.

Резидент емес жеке тұлғалар жеке табыс салығы бойынша салықты есептеп, төлейді және жеке табыс салығы бойынша салық декларациясын табыс етеді.

Жеке табыс салығы бойынша негізінен екі салық салу объектілері бар:

1) төлем көзінен салық салынатын табыстар;

2) төлем көзінен салық салынбайтын табыстар.

Төлем көзінен салық салынатын табыстар және төлем көзінен салық салынбайтын табыстар

Салық төлеушінің төлем көзінен салық салынатын табыстары жеке тұлғалардың ақшалай түрде алған барлық табыстарының жиыны болып табылады және оның құрамына жататындар:

1) қызметкердің табысы;

2) біржолғы төлемдерден алынған табыс;

3) жинақтаушы зейнетақы қорларынан берілетін зейнетақы төлемдері;

4) дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар түріндегі табыс;

5) стипендиялар;

6) жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша табысы жатады.

Салықты есептеу және төлеу тәртібі

Салық агенттері жеке табыс салығын есептеу мен ұстап қалуды төлем көзінен салық салынатын табыс төленетін күннен кешіктірмей жүргізеді. Салық агенттері, төленген кірістер бойынша салықты аударуды төлем төленетін айдан кейінгі айдың 15-іне дейін өзінің орналасқан жері бойынша жүзеге асырады. Салық агенттері тиісті бюджеттерге құрылымдық бөлімшелер бойынша салық төлеуді Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады. Салық агенттері жеке табыс салығы бойынша есеп-қисапты салық органына салық төленетін жер бойынша есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-нен кешіктірмей табыс етеді.

Жеке тұлғалардың салық салынбайтын табыстары

Жеке табыс салығының екінші салық салу обьектісі болып «төлем көзінен салық салынбайтын табыстар» табылады және оның құрамына табыстардың мынадай түрлері жатады:

1) мүліктік табыс;

2) жеке кәсіпкердің салық салынатын табысы;

3) адвокаттар мен жеке нотариустардың табысы;

4) өзге де табыстар.

Адвокаттар мен жеке нотариустардың табысы

Адвокаттар мен жеке нотариустардың табысы дегеніміз заң көмегін, нотариаттық іс-әрекеттер ақысын қоса алғанда, адвокаттық және нотариаттық қызметті жүзеге асырудан түскен табыстардың барлық түрлері, сондай-ақ қорғау мен өкілдікке байланысты шығыстардың орнын толтырудан алынған сомалар.

Адвокаттар мен жеке нотариустардың табыстары бойынша жеке табыс салығының сомасы алынған табыс сомасынан 10 пайыздық ставканы қолдана отырып анықталады және ай сайын есептеліп отырады.

Есепті ай үшін жеке табыс салығының сомасы есепті айдан кейінгі айдың 5-інен кешіктірілмей төленеді.

3. Жеке табыс салығын есептегенде жеке тұлғалардың мынадай табыстарына салық салынбайды, атап айтқанда:

Жеке тұлғалар табыстарының мынадай түрлеріне салық салынуға тиіс емес:

Жеке тұлғаның табысы ретінде қарастырылмайды:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерлерде бюджет қаражаты есебінен төленетін атаулы әлеуметтік көмек, жәрдемақылар мен өтемақылар;

2) жеке тұлғаның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтеу;

3) қызметкерлердің жұмысы жол бойында өтетін, жол жүру сипатына ие, қызмет көрсетілетін учаскелер шегіндегі қызметтік сапарлармен байланысты болатын жағдайларда – оларға осындай жұмыстың әрбір күніне тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 0,35 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі өтемақы төлемдері;

4) қызметтік іссапарлар кезіндегі:

- Қазақстан Республикасының шегінде қырық тәулікке дейін іссапарда болған кезең үшін - тәулігіне тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 6 еселенген мөлшерінен аспайтын тәуліктік өтемақылар;

- Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде қырық тәулікке дейін іссапарда болған кезең үшін - тәулігіне тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 8 еселенген мөлшерінен аспайтын тәуліктік өтемақылар;

5) бюджет қаражаты және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сметасы есебінен қамтылатын мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, мемлекеттік мекемелер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде жүргізетін қызметтік іссапарлар кезіндегі өтемақылар;

6) бюджет қаражаты және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сметасы есебінен қамтылатын мемлекеттік мекемелер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мөлшерлерде және тәртіппен жүргізетін қызметтік іссапарлар кезіндегі өтемақылар;

7) қызметкер жұмыс берушімен бірге басқа жерге жұмысқа ауысқан (не көшкен) кездегі жол жүру, мүлкін көшіру, күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімге үй-жай жалдау бойынша құжатпен расталған шығыстар өтемақысы;

8) жұмыс берушінің табыс алуға бағытталған қызметті жүзеге асырумен байланысты емес және нақты жеке тұлғаларға бөлінбейтін шегерімдерге жатқызылмайтын шығыстары;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде далалық жағдайда геологиялық-барлау, топографиялық-геодезиялық және іздестіру жұмыстарымен айналысатын қызметкерлердің далалық үлесі;

10) жұмыс берушінің вахталық әдіспен жұмыс істейтін адамдардың өндіріс объектісінде болу кезеңінде жұмыстарды орындауы мен ауысымаралық демалысы үшін жағдай жасай отырып, олардың тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін осы тармақтың 4) тармақшасында белгіленген тәуліктік өтемақы шегінде тұрғын үй жалдау бойынша және тамақтануға арналған шығыстары;

11) қызметкерлерді Қазақстан Республикасында тұратын (болатын) жерінен жұмыс орнына дейін және кері қарай жеткізуге байланысты шығыстар;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормалар бойынша берілген арнаулы киімнің, арнаулы аяқ киімнің, басқа да жеке қорғану және алғашқы медициналық көмек құралдарының, сабынның, зарарсыздандыру құралдарының, сүт немесе құны соған тең басқа да емдеу-профилактикалық тамақтануға арналған тамақ өнімдерінің құны;

13) еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде қызметкердің өміріне және денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдері;

14) материалдық нұқсанды өтеудің сот шешімі бойынша тағайындалған сомасы;

15) төлем көзінен осындай салықтың ұсталғанын растайтын құжаттар болған кезде бұрын төлем көзінен жеке табыс салығы салынған дивидендтер, сыйақылар, ұтыстар сомалары;

16) жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша жасасқан сақтандыру сыйлықақыларын (аннуитетті) төлеу үшін өмірді сақтандыру бойынша сақтандыру ұйымдарына жіберген зейнетақы жинағының сомалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен сақтандыру ұйымдарына бағытталған, зейнетақы аннуитетінің шарттары бойынша құнын өтеп сатып алу сомалары;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы ұстамағаны (есебіне жазбағаны) және (немесе) аудармағаны үшін есебіне жазылған өсімпұл сомалары;

18) гуманитарлық көмек түрінде алынған мүліктің құны;

19) мемлекеттік тіркеуге жататын және бір жыл және одан да ұзақ уақыт меншік құқығында болатын механикалық көлік құралы мен тіркемелерді өткізу кезіндегі құн өсімі;

20) меншік құқығын тіркеу кезінен бастап бір жыл және одан да ұзақ уақыт меншік құқығында болатын тұрғын жайларды, саяжай құрылыстарын, гараждарды өткізу кезіндегі құн өсімі;

21) бір жыл және одан да ұзақ уақыт меншік құқығында болатын, осы Кодекстің 180-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген объектілер орналасқан, жеке тұрғын үй құрылысы, жеке қосалқы шаруашылықты жүргізу, саяжай құрылысы және гараж салу үшін берілген жер учаскелерін және (немесе) жер үлестерін өткізу кезіндегі құн өсімі;

22) егер жер учаскесін және (немесе) жер үлесін сатып алуға және иеліктен айыруға арналған құқық белгілейтін құжаттарды жасау күндері арасындағы кезең бір жылды немесе одан да ұзақ уақытты құраса, осы Кодекстің 180-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген объектілер орналаспаған, жеке тұрғын үй құрылысы, жеке қосалқы шаруашылықты жүргізу, бау-бақша шаруашылығы, саяжай құрылысы, гараж салу үшін берілген жер учаскелерін және (немесе) жер үлестерін өткізу кезіндегі құн өсімі;

23) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік мұқтаждар үшін құнын өтеп сатып алынған мүлік құнының өсімі;

24) жалға беруші жеке тұлғаның жалға берілген мүлікті күтіп ұстауға және жөндеуге жұмсаған шығыстарын өтеу немесе жалға алушының жеке тұлғадан жалға алған мүлікті күтіп ұстауға және жөндеуге жұмсаған шығыстары;

25) опционды орындау кезінде опционның базалық активінің нарықтық құнының опционды атқару бағасынан асып түсуі. Опционды жеке тұлғаға беруге негіз болған тиісті құжатта опционның базалық активі бекітілген баға опционды орындау бағасы болып табылады;

26) жеке тұлғаға өтеусіз негізде жарнама түрінде берілген мүліктің тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 2 еселенген мөлшері шегінде құны.

Салық салуға жатпайтын табыстар

Жеке тұлғаның салық салынатын табыстарынан табыстардың мынадай түрлері алып тасталады:

1) балаларға және асырауындағы адамдарға алынған алименттер;

2) жеке тұлғалардың қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы негізінде банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы салымдары бойынша оларға төленетін сыйақылар;

3) борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақылар;

4) мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар, агенттік облигациялар бойынша сыйақылар және мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар мен агенттік облигацияларды өткізу кезіндегі құн өсімінен түскен табыстар;

5) дивидендтер мен сыйақыларды есебіне жазу күніне Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімінде болатын осындай бағалы қағаздар бойынша дивидендтер мен сыйақылар;

6) пайлық инвестициялық қорларды осы қордың басқарушы компаниясы құнын өтеп сатып алған кездегі пай бойынша табыстар;

7) бір мезгілде мынадай талаптар орындалған кезде:

- акцияларды немесе қатысу үлестерін үш жылдан астам иеленсе;

- заңды тұлғаның немесе консорциумның жарғылық (акционерлік) капиталы құнының немесе акцияларының (қатысу үлестерінің) 50 және одан көп проценті дивидендтерді төлеу күніне жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылмайтын тұлғалардың (тұлғаның) мүлкін құраса, резидент заңды тұлғадан алынған дивидендтер;

8) әскери қызмет міндеттерін атқарған кезде әскери қызметшілерге берілетін, ішкі істер органдарының, қаржы полициясының, қылмыстық-атқару жүйесі және мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары мен мекемелерінің белгіленген тәртіппен арнаулы атақ берілген қызметкерлері қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты алатын төлемдердің барлық түрі;

9) тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақының 50 проценті шегіндегі лотерея бойынша ұтыстар;

10) тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінде, қоғамдық жұмыстарды орындауға және кәсіптік оқуға байланысты бюджет және (немесе) гранттар қаражаты есебінен жүзеге асырылатын төлемдер;

11) гранттар қаражаты есебінен төленетін төлемдер (еңбегіне ақы төлеу түріндегі төлемдерден басқа);

12) экологиялық апат немесе ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленетін төлемдер;

13) Ұлы Отан соғысына қатысушылардың және оларға теңестірілетін адамдардың, I және II топтағы мүгедектердің, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы ерен еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдардың, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырға дейін кемінде 6 ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы ерен еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдардың, сондай-ақ бала кезінен мүгедек адамның ата-аналарының біреуінің тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінің бір жылдағы 45 еселенген мөлшері шегіндегі табыстары;

14) III топтағы мүгедектердің тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінің бір жылдағы 27 еселенген мөлшері шегіндегі табыстары;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғадағы немесе консорциумдағы акцияларды және қатысу үлестерін өткізу кезінде құн өсімінен түсетін табыстар.

Егер көрсетілген заңды тұлғаның немесе консорциумның жарғылық (акционерлік) капиталы құнының немесе акцияларының (қатысу үлестерінің) 50 және одан да көп проценті осындай өткізу күніне жер қойнауын пайдаланушылар (жер қойнауын пайдаланушы) болып табылмайтын тұлғалардың (тұлғаның) мүлкін құраса, осы тармақша қолданылады;

16) өткізу күні Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімдерінде болатын бағалы қағаздарды осы қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен өткізу кезіндегі құн өсімінен түсетін табыстар;

17) бюджет қаражаты есебінен төленетін біржолғы төлемдер (еңбегіне ақы төлеу түріндегі төлемдерден басқа);

18) күнтізбелік жыл ішінде әрбір төлем түрі бойынша тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақының 8 еселенген мөлшері шегінде медициналық қызмет көрсетулерге (косметологиялық қызмет көрсетулерден басқа) ақы төлеу үшін, бала туылған кездегі, жерлеуге арналған төлемдер.

Көрсетілген табыстар медициналық қызмет көрсетулерді (косметологиялық қызмет көрсетулерден басқа) алуды және оларды төлеуге жұмсалған нақты шығыстарды растайтын құжаттар, баланың туу туралы куәлігі, қайтыс болғаны туралы анықтама және қайтыс болғаны туралы куәлік болғанда салық салудан босатылады;

19) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын дипломатиялық немесе консулдық қызметкерлердің ресми табыстары;

20) шет мемлекеттің мемлекеттік қызметіндегі, сол елдегі табысы салық салуға жататын шетелдіктердің ресми табыстары;

21) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын және Қазақстан Республикасының шет елдердегі дипломатиялық және соларға теңестірілген өкілдіктерінде қызмет істейтін жеке тұлғалардың бюджет қаражаты есебінен шетелдік валютамен төленетін ресми табыстары;

22) Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдері;

23) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде бюджет қаражаты есебінен төленетін тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасына салымдар бойынша сыйлықақылар (мемлекеттің сыйлықақысы);

24) осы Кодекстің 155-бабы 3-тармағының 4)-6) тармақшаларында көзделген қызметтік іссапарлар кезіндегі өтемақыларды қоспағанда, жұмыс берушінің қызметкерлерді өндірістік қызметіне байланысты мамандық бойынша оқытуға, біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмсаған шығыстары. Осы тармақшаның мақсаты үшін жұмыс берушінің өндірістік қызметімен байланысты қызметкерлерді мамандық бойынша оқытуға, біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға жұмсалатын шығыстарға:

- оқытуға ақы төлеуге жұмсалған нақты шығыстар;

- Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар шегінде тұруға жұмсалған нақты шығыстар;

- оқуға түскен кезде оқу орнына және оқу аяқталғаннан кейін қайтуға жұмсалған нақты шығыстар жатады;

жұмыс беруші:

- қызметкердің Қазақстан Республикасының шегінде оқудан, біліктілігін арттырудан немесе қайта даярлаудан өткен мерзім ішінде - тәулігіне тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 6 еселенген мөлшері;

- қызметкердің Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде оқудан, біліктілігін арттырудан немесе қайта даярлаудан өткен мерзім ішінде - тәулігіне тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 8 еселенген мөлшері шегінде қызметкерге төлеуге арналған ақша сомасы жатады;

25) жұмсалған, оқытуға бағытталған шығыстар;

26) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдер;

27) білім беру ұйымдарында оқитындарға Қазақстан Республикасының заңнамасында мемлекеттік стипендиялар үшін белгіленген мөлшерде төленетін стипендиялар;

28) жеке тұлға басқа жеке тұлғадан сыйға немесе мұраға алған мүліктің құны. Осы тармақшаның ережелері дара кәсіпкердің қызметін жүзеге асыру мақсатында алған мүлкіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалған, жинақтаушы зейнетақы қорлары төлейтін зейнетақы жинақтарына қолданылмайды;

29) қайырымдылық және демеушілік көмек түрінде алынған мүліктің құны;

30) он алты жасқа толмаған балалар үшін балалар лагерьлеріне жолдамалардың құны;

31) шарттың қолданылу кезеңінде басталған сақтандыру оқиғасымен байланысты, сақтандырудың кез келген түрі кезінде төленетін сақтандыру төлемдері;

32) жұмыс беруші өз қызметкерлеріне міндетті және жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша төлейтін сақтандыру сыйлықақылары;

33) сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша жүзеге асырылатын сақтандыру төлемдері;

34) жинақтаушы зейнетақы қорларына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшердегі ерікті кәсіби зейнетақы жарналары;

35) қызметкер өз жұмыс берушісінен алған қарыз (кредиттік) қаражатты пайдаланғаны үшін сыйақыны үнемдеуден түсетін материалдық пайда;

36) сенімгерлікпен басқарушы болып табылатын резидент жеке тұлғадан алынған, сенімгерлікпен басқару шарты бойынша сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушының сенімгерлікпен басқарудан түсетін таза табысы;

37) банк пен клиент арасында жасалған шартта белгіленген процентсіз кезең ішінде төлем карточкасын ұстаушыға банктік қарыз берілген кезде алынған, сыйақыны үнемдеуден түсетін материалдық пайда;

38) эмитент банк төлем карточкасын пайдалана отырып, қолма-қол жасалмайтын ақша төлемдерін жүзеге асырған кезде эмитент банктің қаражаты есебінен төлем карточкасын ұстаушының есебіне жатқызылатын сома;

39) резидент емес заңды тұлғадан алынған, пайдадан немесе оның бір бөлігінен бөлінген, Қазақстан Республикасындағы жеке табыс салығы салынған дивидендтер.

Жеке табыс салығының ставкалары. Жеке табыс салығы бойынша салық декларацияны табыс ету тәртібі

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев 2006 жылы 1 наурызда Халыққа арнаған «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» Жолдауында «2007 жылдан бастап, барлық жеке тұлғалар үшін табыс салығының орнына 10 пайыздық белгіленген мөлшерлемесі енгізілсін. Еңбекақысы аз жұмысшылар санатының табыс деңгейін сақтау мақсатында айлық есептік көрсеткіштің орнына олардың салық салынатын табысынан ең аз жалақы мөлшерін алып тастауды ұсынамын» деп атап көрсетті.

2009 жылдан бастап Салық ставкалары

1. Салық төлеушінің табыстарынан 10 процент.

2. Дивидендтер түріндегі табыстарға 5 процент.

Жеке табыс салығы бойынша декларацияны мына резидент салық төлеушілер:

1) дара кәсіпкерлер;

2) жекеше нотариустар, адвокаттар;

3) мүліктік табыс алған жеке тұлғалар;

4) басқа табыстар, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде табыстар алған жеке тұлғалар;

5) Қазақстан Республикасынан тысқары жерлердегі шетелдік банктердегі банктік шоттарда ақшасы бар жеке тұлғалар табыс етеді.

Декларацияны табыс ету мерзімдері

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, жеке табыс салығы бойынша декларация тұрғылықты жердегі салық органына есепті салық кезеңінен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірілмей табыс етіледі.

Есептер

1 есеп. «Одақ» ЖШС 25 қызметкерлердің штатында алады. (қаржы директоры) қызметкер Т.А.ұқыптыға келісім шартының жеке Трудовоесімен сәйкес жалаки бойынша еңбекақы 110000 теңге көлемінде есептеседі және 25%-ші өлшемдегі ай сайынғы сый ақы ескерілген.

Қызметкерге ай қаңтардың ішінде (заңмен қойылған нормалардың шектеріндегі) келесі төлеулер өндіріп алды:

1) қолданылмаған демалысқа өтем - 90000 теңге;

2) қызметтік іссапар бойынша өтем - 42000 теңге;

3) мамандық бойынша мамандықты жоғарылату курстері - 30000 теңге;

4) (12 жылдар) бөпеге лагерьге жолдама - 40000 теңге.

Қаңтар, әлеуметтік салыққа қызметкердің табыстарымен жеке табыс салығын есептеп шығарыңыз. Беруге табысты анықтаңыз. Жеке табыс салығы және әлеуметтік салықты бюджетке салық есеп беруінің ұсыну мерзімдері және төлеу мерзімдерді анықтаңыз.

2 есеп. «Одақ» ЖШС 25 қызметкерлердің штатында алады. (экспедитор) қызметкер А.П.Осетровқа келісім шартының жеке Трудовоесімен сәйкес жалаки бойынша еңбекақы 50000 теңге көлемінде есептеседі және размере15%ке ай сайынғы сый ақы ескерілген.

Қызметкерге ай қаңтардың ішінде (заңмен қойылған нормалардың шектеріндегі) келесі төлеулер өндіріп алды:

1) юбилейлік мерзіммен сый ақы байланысты - 20000 теңге;

2) жүріп-тұру сипатындағы жұмыста төлеу - 12000 теңге;

3) мамандықтардың қосарлануына ақы - 10000 теңге;

4) (өтініш бойынша, растайтын құжаттарсыз) материалдық көмек - 15000 теңге.

Қаңтар, әлеуметтік салыққа қызметкердің табыстарымен жеке табыс салығын есептеп шығарыңыз. Беруге табысты анықтаңыз.

8. Әлеуметтік салық

Төлеушілер

- дара кәсіпкерлер;
- жекеше нотариустар, жеке сот орындаушылары, адвокаттар;
- Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғалары;
- Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекемелер арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалар әлеуметтік салық төлеушілер болып табылады.

Резидент заңды тұлғаның шешімі бойынша оның құрылымдық бөлімшелері әлеуметтік салық төлеушілер ретінде қарастырылуы мүмкін.

Резидент заңды тұлғаның шешімі бойынша әлеуметтік салықты дербес төлеушілер болып танылған құрылымдық бөлімшелер мақсаттары үшін жеке табыс салығы жөніндегі салық агенттері болып танылады.

Мемлекеттік органның шешімі бойынша оның құрылымдық бөлімшелері және (немесе) аумақтық органдары өздеріне бағыныста мемлекеттік мекемелер үшін төленуге жататын әлеуметтік салықты төлеушілер ретінде қарастырылуы мүмкін.

Жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша оның құрылымдық бөлімшелері және (немесе) аумақтық (төмен тұрған) органдары өздеріне бағыныста мемлекеттік мекемелер үшін әлеуметтік салықты төлеушілер ретінде қарастырылуы мүмкін.

Осы бапта белгіленген тәртіппен әлеуметтік салық төлеушілер деп танылған мемлекеттік мекемелер осы Кодекстің 19-тарауының мақсаттары үшін жеке табыс салығы бойынша салық агенттері болып танылады.

Жұмыс берушінің табыс түрінде резидент қызметкерлерге, табыс түрінде резидент емес қызметкерлерге төлейтін шығыстары, шетелдік персоналдың табыстары салық салу объектісі болып табылады.

Егер күнтізбелік ай үшін салық салу объектісі Республикалық Бюджет туралы Заңда белгіленген және осындай күнтізбелік айдың соңғы күні қолданыста болған жалақының ең төменгі мөлшерінен төмен болса, әлеуметтік салық салу объектісі жалақының ең төменгі мөлшері негізінде айқындалады.

Әлеуметтік салық 11 проценттік ставка бойынша есептеледі.

Күнтізбелік ай әлеуметтік салықты есептеу үшін салық кезеңі болып табылады.

Әлеуметтік салықтың пайда болу тарихы. Әлеуметтік салықты төлеушілер және салық салу объектілері

Әлеуметтік салық Қазақстан Республикасындағы негізгі салықтардың бірі болып табылады. Ол 1999 жылдан бері бұған дейін қолданылып келген әлеуметтік қорларға: зейнетақы қоры, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, міндетті медициналық сақтандыру қоры, халықты жұмыспен қамту қорларына аударылатын сақтық жарналары аударымдарының орнына енгізілген еді. Әлеуметтік салықтан түсетін түсімдер мемлекеттік бюджеттің 15-16 пайызын құрайды.

Әлеуметтік салықты төлеушілер:

1) дара кәсіпкерлер;

2) жекеше нотариустар, адвокаттар;

3) егер осы баптың 2-тармағында өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғалары;

4) Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекемелер арқылы жүзеге асыратын резидент еместер әлеуметтік салық төлеушілер болып табылады.

Әлеуметтік салықтың салық салу обьектілері:

1) Қазақстан Республикасының резиденті - заңды тұлғалар, Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекемелер, филиалдар мен өкілдіктер арқылы жүзеге асыратын резидент еместер және заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелері үшін:

- жұмыс беруші материалдық, әлеуметтік игіліктер немесе өзге де

материалдық пайда түрінде берген табыстарды қоса алғанда, жұмыс беруші төлейтін ақшалай және заттай нысандағы кез-келген табыстар, сондай-ақ өтемді қызметтер көрсету шарттары бойынша жеке тұлғаларға төлемдер (жеке кәсіпкерлерге төлемдерді қоспағанда) түріндегі оның қызметкерлерге төлейтін шығыстары;

2) жеке кәсіпкерлер және жеке нотариустар мен адвокаттар үшін олардың өздерін қоса алғанда:

- қызметкер саны.

Әлеуметтік салық салынбайтын табыстар. Әлеуметтік салықтың ставкалары және оның ерекшеліктері

Жоғарыда аталған жеке тұлғалардың салық салынбайтын табыстарынан және төменде белгіленген төлемдерден әлеуметтік салық алынбайды:

1) мемлекеттер, мемлекеттердің үкіметтері және халықаралық ұйымдар желілері арқылы берілетін гранттар қаражаты есебінен жасалатын төлемдер;

2) Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін мемлекеттік сыйлықақылар, стипендиялар;

3) спорт жарыстарында, байқауларда, конкурстарда жүлделі орындар үшін белгіленетін ақшалай наградалар;

4) ұйым таратылған немесе жұмыс берушінің қызметі тоқтатылған, қызметкерлердің штат саны қысқартылған немесе қызметкер әскери қызметке шақырылған жағдайларда жеке еңбек шарты бұзылған кезде Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мөлшерлерде төленетін өтемдер;

5) пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін жұмыс берушінің қызметкерлерге төлейтін өтемдері;

6) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорларына қызметкерлердің міндетті зейнетақы жарналары.

Әлеуметтік салықты есептеу және төлеу тәртібі. Әлеуметтік салық жөніндегі декларация

Салық кодексі қабылданған кездегі әлеуметтік салықтың ставкасы:

- Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғалары, сондай-ақ қызметін Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент еместер 21 пайыз бойынша;
- 2004 жылы әлеуметтік салықтың ставкасы 21 пайыздан 20 пайызға төмендетілген еді.
- Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев 2006 жылы 1 наурызда Халыққа арнаған «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» Жолдауында «2008 жылдан бастап әлеуметтік салық шамамен 30 пайызға азайтылып, ол жұмыс берушілерді жұмысшылар жалақысын өсіруге ынталандыруы керек» деді.
- Қазіргі кезде әлеуметтік салық 11 проценттік ставка бойынша есептеледі.
- Арнаулы салық режимдерін қолданатындарды қоспағанда, дара кәсіпкерлер, жекеше нотариустар, адвокаттар өзі үшін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік

көрсеткіштің екі еселенген мөлшерінде және әрбір қызметкер үшін айлық есептік көрсеткіштің бір еселенген мөлшерінде әлеуметтік салық төлейді.

- Тірек-қимыл мүшесі бұзылған, есту, сөйлеу, көру қабілетінен айрылған мүгедектер жұмыс істейтін мамандандырылған ұйымдар 4,5 процент ставка бойынша әлеуметтік салық төлейді.

Әлеуметтік салықты төлеу тәртібі

Әлеуметтік салықты төлеу салық төлеушінің тіркеу есебіне алынған жері бойынша есепті айдан кейінгі айдың 15-інен кешіктірілмей жүргізіледі. Құрылымдық бөлімшелер бойынша төленуге тиіс әлеуметтік салық сомасы осы құрылымдық бөлімше қызметкерлерінің табыстары бойынша есептелген әлеуметтік салық негізге алына отырып есептеледі. Төлеушілер құрылымдық бөлімшелер үшін өздерінің орналасқан жерлері бойынша тиісті бюджеттерге әлеуметтік салық төлеуді жүзеге асырады. Мемлекеттік мекемелердің есепті айға есептелген әлеуметтік салық сомасы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, жүктілігі мен босануына, жұмысқа уақытша жарамсыздығына байланысты берілетін әлеуметтік жәрдемақылар, ұл бала немесе қыз бала асырап алған әйелдерге (еркектерге) төленген әлеуметтік жәрдемақылар сомасына кемітіледі. Жоғарыда аталған әлеуметтік жәрдемақылардың төленген сомасы есепті айда есептелген әлеуметтік салық сомасынан асып кеткен жағдайда, асып кеткен сома келесі айға ауыстырылады.

Әлеуметтік салық жөніндегі декларация

Әлеуметтік салық жөніндегі декларация салық органдарына есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-інен кешіктірілмей тоқсан сайын тапсырылып отырады. Құрылымдық бөлімшелері бар төлеушілер әлеуметтік салық бойынша декларацияны беру мерзімінен кешіктірмей өзінің тіркелген жеріндегі салық органдарына құрылымдық бөлімшелер бойынша әлеуметтік салық есеп-қисабын тапсырады. Құрылымдық бөлімшелер бойынша әлеуметтік салық есеп-қисабының тиісті қосымшалары есеп-қисапты беру үшін белгіленген мерзім күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен салық органдарына беріледі.

Есептер

1 есеп. Кәсіпорынның қызметкерінің жалакиі 125 000 теңгені құрайды. Есепші 2009 жылдың қаңтарына еңбекақы бойынша міндеттемелердің есептеуін жасады. Зейнетақы бөліп шығарулары 12 500 теңгелерді құрады. Ипн - 11 148 теңге. Әлеуметтік салық - 12 162 теңге. Әлеуметтік аударымдар - 3 041 теңге.

Тиісті салықтар, әлеуметтік аударымдарды сома дұрыс анықталған ба?

2 есеп. Ұйымға келісім шарты Жұмыс Кодексіне сәйкес, айға күн сайынғы еңбекте 2 сағат ішінде 5 000 теңге өлшемдегі еңбекақы ескерілген техничканың жұмысқа алған.

ЖТС, әлеуметтік салық және әлеуметтік аударым қалай осы жағдайда есеп айырысады?

3 есеп. Қызметкерде қараудағы кәсіпорындары бала жасынан мүгедек жұмыс істемейтін әйел және (тууды 1981 жыл) ұл болады. Қызметкер оның жеке табыс салығының төлеуінен босау туралы өтініш бухгалтерияға АМСКтың мәліметтің көшірмесінің оның әйелі жұмыс істемейтін растайтын онына басылып көрсетті, ұлдың растайтын жарымжандығы, және мәліметтің көшірмесін. Оған бас есепші осы қызметкердің табыстары, бала жасынан мүгедекпен ЖТС кәмелетке толған бетін қайтарып ұстап қалды, қызметкердің жылғы еңбек ақысы 600 мың теңге асып, және салық заңына сонымен бірге айдағандығы. Бас есепші құқықтар ма?

9. Жер салығы

Салық салу мақсатында барлық жерлер олардың нысаналы мақсатына және мынадай санаттарға:

1) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге;

2) елді мекендер жерлеріне;

3) өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы емес мақсаттағы жерлерге (бұдан әрі - өнеркәсіп жерлері);

4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлеріне, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлерге (бұдан әрі - ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлері);

5) орман қорының жерлеріне;

6) су қорының жерлеріне;

7) босалқы жерлерге тиесілігіне қарай қарастырылады.

Жердің қандай да болсын санатқа тиесілігі Қазақстан Республикасының жер заңнамасында белгіленеді. Елді мекендер жерлері салық салу мақсаты үшін мынадай екі топқа бөлінген:

1) тұрғын үй қоры, соның ішінде олардың жанындағы құрылыстар мен ғимараттар орналасқан жерлерді қоспағанда, елді мекендер жерлері;

2) тұрғын үй қоры, соның ішінде олардың жанындағы құрылыстар мен ғимараттар орналасқан жерлер.

Жердің мынадай санаттары:

1) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері;

2) орман қорының жерлері;

3) су қорының жерлері;

4) босалқы жерлер салық салуға жатпайды.

Жер салығы:

- меншік құқығын, тұрақты жер пайдалану құқығын, өтеусіз уақытша жер пайдалану құқығын куәландыратын құжаттар;

- жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган әр жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша берген жерлердің мемлекеттік сандық және сапалық есебінің деректері негізінде есептеледі.

Төлеушілер:

1) жеке меншік құқығындағы;

2) тұрақты жер пайдалану құқығындағы;

3) бастапқы өтеусіз уақытша жер пайдалану құқығындағы салық салу объектілері бар жеке және заңды тұлғалар жер салығын төлеушілер болып табылады.

Егер осы бапта өзгеше көзделмесе мыналар:

1) шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимі қолданылатын қызметте пайдаланылатын жер учаскелері бойынша бірыңғай жер салығын төлеушілер;

2) мемлекеттік мекемелер;

3) уәкілетті мемлекеттік органның қылмыстық жазаларды атқару саласындағы түзеу мекемелерінің мемлекеттік кәсіпорындары;

4) Ұлы Отан соғысына қатысушылар және соларға теңестірілген адамдар, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағы ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағы ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар, мүгедектер, сондай-ақ бала жасынан мүгедектің ата-анасының біреуі:

тұрғын-үй қоры, соның ішінде, оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар орналасқан жер учаскелері;

үй маңындағы жер учаскелері;

өзіндік (қосалқы) үй шаруашылығын жүргізу, бағбандық үшін берілген және құрылыс алып жатқан жерлерді қоса алғанда, саяжай құрылысына арналған жер учаскелері;

гаражға арналған жер учаскелері бойынша;

5) «Ардақты ана» атағына ие болған, «Алтын алқа» алқасымен наградталған көп балалы аналар:

тұрғын үй қоры, соның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар орналасқан жер учаскелері бойынша;

үй маңындағы жер учаскелері бойынша;

6) жеке тұратын зейнеткерлер:

тұрғын үй қоры, соның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар орналасқан жер учаскелері бойынша;

үй маңындағы жер учаскелері бойынша;

7) діни бірлестіктер жер салығын төлеушілер болып табылмайды.

Салық салу объектісі

Жер учаскесі (жер учаскесіне ортақ үлестік меншік кезінде - жер үлесі) салық салу объектісі болып табылады.

Мыналар салық салу объектісі болып табылмайды:

1) елді мекендердің ортақ пайдалануындағы жер учаскелері.

Алаңдар, көшелер, өткелдер, жолдар, жағалаулар, саябақтар, скверлер, гүлзарлар, су айдындары, жағажайлар, зираттар және халықтың мұқтаждарын қанағаттандыруға арналған өзге де объектілер (су құбырлары, жылу құбырлары, электр беру желілері, тазарту құрылғылары, күл-қоқыс құбырлары, жылу трассалары және басқа да ортақ пайдаланудағы инженерлік жүйелер)

алып жатқан және соларға арналған жерлер елді мекендердің ортақ пайдалануындағы жерлерге жатады;

2) ортақ пайдаланудағы мемлекеттік автомобиль жолдарының желісі алып жатқан жер учаскелері.

Бөлінген белдеудегі ортақ пайдаланудағы мемлекеттік автомобиль жолдарының желісі алып жатқан жерлерге жер алаптары, жол тарамдары, өткерме жолдар, жасанды құрылғылар, жол бойындағы резервтер мен өзге де жол қызметін көрсету жөніндегі құрылғылар, жол қызметінің қызметтік және тұрғын үй-жайлары, қардан қорғайтын және әсемдік екпелер орналасқан жерлер жатады;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша консервацияланған объектілер орналасқан жер учаскелері;

4) жалға берілетін үйлерді күтіп-ұстау үшін сатып алынған жер учаскелері.

Жер салығын айқындау үшін жер учаскесінің алаңы салық базасы болып табылады.

Салықты есептеу әрбір жер учаскесі бойынша жеке салық базасына тиісті салық ставкасын қолдану арқылы жүргізіледі.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіруші заңды тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтері үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер салықты есептейді.

Бюджетке жер салығын төлеу жер учаскесінің орналасқан жері бойынша жүргізіледі.

Салық жылы ішінде елді мекенді қоныстың бір санатынан басқа санатына ауыстыру кезінде салық төлеушілерден ағымдағы жылғы жер салығы - осы елді мекендер үшін бұрын белгіленген ставкалар бойынша, ал келесі жылы қоныстардың жаңа санаты үшін белгіленген ставкалар бойынша алынады.

Елді мекен таратылған және оның аумағы басқа елді мекеннің құрамына қосылған кезде, таратылған елді мекеннің аумағында жаңа ставка тарату іске асырылған жылдан кейінгі жылдан бастап қолданылады.

Салық төлеушілер орналасқан жер учаскелері бонитетінің балдарын анықтау мүмкін болмаған жағдайда, жер салығының мөлшері шектесіп орналасқан жерлердің бонитет балы негізге алына отырып айқындалады.

Ортақ үлестік меншіктегі салық салу объектілері бойынша салық олардың осы жер учаскесіндегі үлесіне барабар есептеледі.

Жеке тұлғалардың салықты есептеу тәртібі және төлеу мерзімдері

Жеке тұлғалар (осы тармақтың екінші бөлігінде аталған тұлғаларды қоспағанда) төлеуге жататын жер салығын есептеуді салық органдары тиісті салық ставкалары мен салық базасын негізге ала отырып, 1 тамыздан кешіктірмей жүргізеді.

Салық кезеңі

Жер салығын есептеу мен төлеу үшін салық кезеңі айқындалады.

Салық төлеушілер (патент негізінде арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлерді қоспағанда) декларацияны салық салу объектілері орналасқан жердегі салық органдарына есепті салық кезеңінен кейінгі жылдың

31 наурызынан кешіктірмей, сондай-ақ ағымдағы төлемдердің есеп-қисабын осы бапта белгіленген мерзімдерде табыс етеді.

Патент негізінде арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер декларацияны салық салу объектілері орналасқан жердегі салық органдарына есепті салық кезеңінен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей табыс етеді.

Жеке тұлғалар салық органдары есептеген жер салығы бойынша ағымдағы төлемдердің есеп-қисабын және декларацияны табыс етпейді.

Жер салығы бойынша ағымдағы төлемдердің есеп-қисабы ағымдағы салық кезеңінің 15 ақпанынан кешіктірілмей табыс етіледі.

Жер санаттары

Салық салу мақсатында барлық жерлер олардың нысаналы мақсатына және мынадай санаттарға:

1) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге;

2) елді мекендер жерлеріне;

3) өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы емес мақсаттағы жерлерге (бұдан әрі - өнеркәсіп жерлері);

4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлеріне, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлерге (бұдан әрі - ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлері);

5) орман қорының жерлеріне;

6) су қорының жерлеріне;

7) босалқы жерлерге тиесілігіне қарай қарастырылады.

Жердің қандай да болсын санатқа тиесілігі Қазақстан Республикасының жер заңнамасында белгіленеді. Елді мекендер жерлері салық салу мақсаты үшін мынадай екі топқа бөлінген:

1) тұрғын үй қоры, соның ішінде олардың жанындағы құрылыстар мен ғимараттар орналасқан жерлерді қоспағанда, елді мекендер жерлері;

2) тұрғын үй қоры, соның ішінде олардың жанындағы құрылыстар мен ғимараттар орналасқан жерлер.

Жердің мынадай санаттары салық салуға жатпайды:

1) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері;

2) орман қорының жерлері;

3) су қорының жерлері;

4) босалқы жерлер.

Аталған жерлер (босалқы жерлерді қоспағанда) тұрақты жер пайдалануға немесе бастапқы өтеусіз уақытша жер пайдалануға берілген жағдайда, салық салуға жатады.

Жер салығының мөлшері жер иеленушілер мен жер пайдаланушылардың шаруашылық қызметінің нәтижелеріне байланысты болмайды.

Жер салығы:

1) меншік құқығын, тұрақты жер пайдалану құқығын, өтеусіз уақытша жер пайдалану құқығын куәландыратын құжаттар;

2) жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган әр жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша берген жерлердің мемлекеттік сандық және сапалық есебінің деректері негізінде есептеледі.

Жер салығын төлеушілер және оны төлеуден босатылатындар

2. Жер салығын төлеушілер:

1) жеке меншік құқығындағы;

2) тұрақты жер пайдалану құқығындағы;

3) бастапқы өтеусіз уақытша жер пайдалану құқығындағы салық салу объектілері бар жеке және заңды тұлғалар.

4) Заңды тұлғаның шешімі бойынша оның құрылымдық бөлімшелері.

Жер салығын төлеуден босатылатындар:

1) шаруа қожалықтары үшін арнаулы салық режимі қолданылатын қызметте пайдаланылатын жер учаскелері бойынша бірыңғай жер салығын төлеушілер;

2) мемлекеттік мекемелер;

3) уәкілетті мемлекеттік органның қылмыстық жазаларды атқару саласындағы түзеу мекемелерінің мемлекеттік кәсіпорындары;

4) Ұлы Отан соғысына қатысушылар және соларға теңестірілген адамдар, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағы ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағы ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар, мүгедектер, сондай-ақ бала жасынан мүгедектің ата-анасының біреуі:

- тұрғын-үй қоры, соның ішінде, оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар орналасқан жер учаскелері;
- үй маңындағы жер учаскелері;
- өзіндік (қосалқы) үй шаруашылығын жүргізу, бағбандық үшін берілген және құрылыс алып жатқан жерлерді қоса алғанда, саяжай құрылысына арналған жер учаскелері;
- гаражға арналған жер учаскелері бойынша;

5) тұрғын үй қоры, соның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар орналасқан жер учаскелері және үй маңындағы жер учаскелері бойынша – «Ардақты ана» атағына ие болған, «Алтын алқа» алқасымен наградталған көп балалы аналар;

6) тұрғын үй қоры, соның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар орналасқан жер учаскелері бойынша - жеке тұратын зейнеткерлер;

7) діни бірлестіктер жер салығын төлеушілер болып табылмайды.

Жоғарыда аталған салық төлеушілер пайдалануға немесе жалға берілген жер учаскелері бойынша салық төлеуден босатылмайды.

Жекелеген жағдайларда төлеушіні айқындау

Егер жер учаскелерін иелену немесе пайдалану құқығын растайтын құжаттарда немесе тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, пайлық инвестициялық қор активтерінің құрамына кіретін жер учаскесін қоспағанда, бірнеше тұлғаның ортақ меншігіндегі (пайдалануындағы) жер учаскесі бойынша осы тұлғалардың әрқайсысы жер салығын төлеуші болып табылады.

Пайлық инвестициялық қор активтерінің құрамына кіретін жер учаскесі бойынша осы пайлық инвестициялық қордың басқарушы компаниясы жер салығын төлеуші болып табылады.

Жер учаскесіне сәйкестендіру құжаттары болмаған жағдайда, пайдаланушыны жер учаскесіне қатысты жер салығын төлеуші ретінде тану үшін осындай учаскені оның нақты иеленуі және пайдалануы негіз болып табылады.

Лизинг алушы қаржы лизингінің шартына сәйкес жылжымайтын мүлік объектісімен бірге қаржы лизингіне берілген (алынған) жер учаскесі бойынша жер салығын төлеуші болып табылады.

Салық салу объектілері мен ставкалары

*Салық салу объектісі - ж*ер учаскесі (жер учаскесіне ортақ үлестік меншік кезінде - жер үлесі).

Салық салу объектісі болып табылмайды:

1) *елді мекендердің ортақ пайдалануындағы жер учаскелері*: Алаңдар, көшелер, өткелдер, жолдар, жағалаулар, саябақтар, скверлер, гүлзарлар, су айдындары, жағажайлар, зираттар және халықтың мұқтаждарын қанағаттандыруға арналған өзге де объектілер (су құбырлары, жылу құбырлары, электр беру желілері, тазарту құрылғылары, күл-қоқыс құбырлары, жылу трассалары және басқа да ортақ пайдаланудағы инженерлік жүйелер) алып жатқан және соларға арналған жерлер елді мекендердің ортақ пайдалануындағы жерлерге жатады;

2) *ортақ пайдаланудағы мемлекеттік автомобиль жолдарының желісі алып жатқан жер учаскелері*. Бөлінген белдеудегі ортақ пайдаланудағы мемлекеттік автомобиль жолдарының желісі алып жатқан жерлерге жер алаптары, жол тарамдары, өткерме жолдар, жасанды құрылғылар, жол бойындағы резервтер мен өзге де жол қызметін көрсету жөніндегі құрылғылар, жол қызметінің қызметтік және тұрғын үй-жайлары, қардан қорғайтын және әсемдік екпелер орналасқан жерлер жатады;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша консервацияланған объектілер орналасқан жер учаскелері;

4) жалға берілетін үйлерді күтіп-ұстау үшін сатып алынған жер учаскелері.

Жекелеген жағдайларда салық салу объектісін айқындау

Темір жолдар, оқшаулау белдеулері, темір жол станциялары, вокзалдар орналасқан жер учаскелерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен темір жол көлігі ұйымдарының объектілеріне берілген жер учаскелері темір жол көлігінің ұйымдары үшін салық салу объектісі болып табылады.

Электр беру желілерінің тіректері мен кіші станциялар алып жатқан жер учаскелерін қоса алғанда, балансында электр беру желілері бар энергетика және электрлендіру жүйесінің ұйымдары үшін осы ұйымдарға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен берілген жер учаскелері салық салу объектісі болып табылады.

Мұнай құбырлары, газ құбырлары алып жатқан жер учаскелерін қоса алғанда, балансында мұнай құбырлары, газ құбырлары бар, мұнай мен газ

өндіруді, тасымалдауды жүзеге асыратын ұйымдар үшін осы ұйымдарға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен берілген жер учаскелері салық салу объектісі болып табылады.

Байланыс желілерінің тіректері алып жатқан жер учаскелерін қоса алғанда, балансында радиорелелік, әуе, кабельдік байланыс желілері бар байланыс ұйымдары үшін осы ұйымдарға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен берілген жер учаскелері салық салу объектісі болып табылады.

Салық базасы - жер салығын айқындау үшін жер учаскесінің алаңы салық базасы болып табылады.

Салық ставкалары

1. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге салынатын базалық салық ставкалары

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге салынатын жер салығының базалық ставкалары бір гектарға есептеліп белгіленеді және топырақтың сапасы бойынша сараланады.

Далалық және қуаң далалық аймақтардың жерлеріне бонитет балына барабар түрде жер салығының мынадай базалық салық ставкалары белгіленеді:

2. Шөлейтті, шөлді және тау бөктеріндегі шөлді аймақтардың жерлеріне бонитет балына барабар түрде жер салығының мынадай базалық салық ставкалары белгіленеді:

3. Жеке тұлғаларға берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге салынатын базалық салық ставкалары

Жеке тұлғаларға қора-қопсы салынған жерді қоса алғанда, өзіндік (қосалқы) үй шаруашылығын, бағбандық және саяжай құрылысын жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге базалық салық ставкалары мынадай мөлшерде белгіленеді:

1) көлемі 0,50 гектарға дейін қоса алғанда - 0,01 гектар үшін 20 теңге;

2) көлемі 0,50 гектардан асатын алаңға - 0,01 гектар үшін 100 теңге.

Ауыл шаруашылығына арналмаған, ауыл шаруашылығы мақсаттары үшін пайдаланылатын жерлерге салынатын салық ставкалары

Елді мекендер, өнеркәсіп, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, орман және су қорлары жерлерінің құрамына кіретін, ауыл шаруашылығы мақсаттарына пайдаланылатын жер учаскелеріне осы Кодекстің 387-бабының 1-тармағының талаптары ескеріле отырып, 378-бабында белгіленген базалық ставкалар бойынша салық салынады.

Елді мекендердің жерлеріне (үй іргесіндегі жер учаскелерін қоспағанда) салынатын базалық салық ставкалары

Елді мекендердің жерлеріне (үй іргесіндегі жер учаскелерін қоспағанда) салынатын базалық салық ставкалары алаңның бір шаршы метріне шаққанда мынадай мөлшерде белгіленеді:

Кесте 9.1.

Рет №	Елді түрі	мекеннің	Тұрғын үй қоры, соның ішінде оның	Тұрғын үй қоры, соның ішінде оның іргесіндегі

		құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерлерді қоспағанда, елді мекендердің жерлеріне салынатын базалық салық ставкалары (теңге)	іргесіндегі құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерлерге салынатын базалық салық ставкалары (теңге)
1	2	3	4
1.	Қалалар:		
2.	Алматы	28,95	0,96
3.	Астана	19,30	0,96
4.	Ақтау	9,65	0,58
5.	Ақтөбе	6,75	0,58
6.	Атырау	8,20	0,58
7.	Қарағанды	9,65	0,58
8.	Қызылорда	8,68	0,58
9.	Көкшетау	5,79	0,58
10.	Қостанай	6,27	0,58
11.	Павлодар	9,65	0,58
12.	Петропавл	5,79	0,58
13.	Талдықорған	9,17	0,58
14.	Тараз	9,17	0,58
15.	Орал	5,79	0,58
16.	Өскемен	9,65	0,58
17.	Шымкент	9,17	0,58
18.	Алматы облысы:		
19.	облыстық маңызы бар қалалар	6,75	0,39
20.	аудандық маңызы бар қалалар	5,79	0,39
21.	Ақмола облысы:		
22.	облыстық маңызы бар қалалар	5,79	0,39
23.	аудандық маңызы бар қалалар	5,02	0,39
24.	Облыстық маңызы бар басқа қалалар	облыс орталығы үшін белгіленген ставканың 85 проценті	0,39
25.	Аудандық маңызы бар басқа қалалар	облыс орталығы үшін белгіленген ставканың 75 проценті	0,19
26.	Кенттер	0,96	0,13

27.	Селолар (ауылдар)	0,48	0,09

Үй іргесіндегі жер учаскелеріне салынатын базалық салық ставкалары

Елді мекендердің тұрғын үйге қызмет көрсетуге арналған және тұрғын үй қоры, оның ішінде ондағы құрылыстар мен ғимараттар орналаспаған жерлеріне жататын жер учаскесінің бір бөлігі үй іргесіндегі жер учаскесі болып есептеледі.

Үй іргесіндегі жер учаскелері мынадай базалық салық ставкалары бойынша салық салынуға жатады:

1) Астана, Алматы қалалары және облыстық маңызы бар қалалар үшін:

- көлемі 1000 шаршы метрге дейін қоса алғанда - 1 шаршы метрі үшін 0,20 теңге;

- көлемі 1000 шаршы метрден асатын алаңға - 1 шаршы метрі үшін 6,00 теңге.

Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша 1000 шаршы метрден асатын жер учаскелеріне салық ставкалары 1 шаршы метрі үшін 6,0 теңгеден 0,20 теңгеге дейін төмендетілуі мүмкін.

2) қалған елді мекендер үшін:

- көлемі 5000 шаршы метрге дейін қоса алғанда - 1 шаршы метрі үшін 0,20 теңге;

- көлемі 5000 шаршы метрден асатын алаңға - 1 шаршы метрі үшін 1,00 теңге.

Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша 5000 шаршы метрден асатын жер учаскелеріне салық ставкалары 1 шаршы метрі үшін 1,00 теңгеден 0,20 теңгеге дейін төмендетілуі мүмкін.

Елді мекендерден тыс орналасқан өнеркәсіп жерлеріне салынатын базалық салық ставкалары

Елді мекендерден тыс орналасқан өнеркәсіп жерлеріне салынатын базалық салық ставкалары бір гектарға шаққанда бонитет балына барабар мынадай мөлшерде белгіленеді:

Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес басқа да жер пайдаланушылар уақытша пайдаланатын жерлерді қоспағанда, қорғаныс мұқтажы үшін берілген жерлер осы баптың 1-тармағында белгіленген ставкалар бойынша салық салуға жатады.

Қорғаныс мұқтажы үшін берілген, қорғаныс мұқтажы үшін уақытша пайдаланылмайтын және ауыл шаруашылығы мақсаттары үшін басқа да жер пайдаланушыларға берілген жерлер Салық кодексінің 387-бабы 1-тармағының талаптары ескеріле отырып, 378-бабында белгіленген ставкалар бойынша салық салуға жатады.

Магистральды темір жолдарды бойлай қорғаныштық екпе ағаштар алып жатқан темір жол көлігі кәсіпорындарының жерлеріне Салық кодексінің 387-бабы 1-тармағының талаптары ескеріле отырып, 378-бабында белгіленген ставкалар бойынша салық салынады.

Елді мекендер шегінде орналасқан өнеркәсіп жерлеріне салынатын салық ставкалары

Елді мекендер шегінде (осы баптың 3-тармағында аталған жерлерді қоспағанда) орналасқан өнеркәсіп жерлеріне (шахталарды, карьерлерді қоса алғанда) және олардың санитариялық-қорғаныштық, техникалық және өзге де аймақтарына Салық кодексінің 387-бабы 1-тармағының талаптары ескеріле отырып, 381-бабында белгіленген базалық ставкалар бойынша салық салынады.

Елді мекендер шегінде, бірақ селитебті аумақтан тыс (осы баптың 3-тармағында аталған жерлерді қоспағанда) орналасқан өнеркәсіп жерлеріне (шахталарды, карьерлерді қоса алғанда) және олардың санитариялық-қорғаныштық, техникалық және өзге де аймақтарына базалық ставкалар жергілікті өкілді органдардың шешімдерімен төмендетілуі мүмкін. Салық кодексінің 387-бабының 1-тармағында белгіленген төмендетуді ескере отырып, аталған жерлерге салық ставкасын жалпы төмендету базалық ставканың 30 процентінен аспауға тиіс.

Елді мекен шегінде орналасқан, аэродромдар алып жатқан өнеркәсіп жерлеріне Салық кодексінің 387-бабы 1-тармағының талаптары ескеріле отырып, 383-бабында белгіленген базалық ставкалар бойынша салық салынады.

Елді мекен шегінде орналасқан, аэродромдар алып жатқан жерлерді қоспағанда, әуежайлар алып жатқан өнеркәсіп жерлеріне осы Кодекстің 387-бабы 1-тармағының талаптары ескеріле отырып, 381-бабында белгіленген базалық ставкалар бойынша салық салынады.

Салық кодексінің мақсаттары үшін әуе кемелерінің ұшуын, қонуын, бұрылуын, тұрағын қамтамасыз ету және оларға қызмет көрсету үшін арнайы дайындалып, жабдықталған жер учаскесі аэродром деп түсініледі.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың, орман қоры мен су қорының жерлеріне салынатын салық ставкалары.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың, орман қоры мен су қорының ауыл шаруашылығы мақсаттарында пайдаланылатын жерлеріне Салық кодексінің 387-бабы 1-тармағының талаптары ескеріле отырып, 378-бабында белгіленген базалық ставкалар бойынша жер салығы салынады.

Жеке және заңды тұлғаларға ауыл шаруашылығы мақсаттарынан басқа өзге де мақсаттарға пайдалануға берілген ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың, орман қоры мен су қорының жерлері Салық кодексінің 387-бабы 1-тармағының талаптары ескеріле отырып, 383-бабында белгіленген ставкалар бойынша салық салуға жатады.

Автотұрақтар, автомобильге май құю станциялары үшін бөлінген, казино орналасқан жер учаскелеріне салынатын салық ставкалары

Елді мекендердің автотұрақтар мен автомобильге май құю станциялары үшін бөлінген жерлері тұрғын үй қоры, соның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерді қоспағанда, Салық кодексінің 381-бабында елді мекендер жерлеріне белгіленген базалық ставкалар бойынша он есе ұлғайтылған салық салуға жатады.

Автотұрақтар мен автомобильге май құю станциялары үшін бөлінген басқа санаттағы жерлер тұрғын үй қоры, соның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерлерді қоспағанда, жақын жатқан елді мекендердің жерлері үшін осы Кодекстің 381-бабында белгіленген базалық ставкалар бойынша он есе ұлғайтылған салық салуға жатады.

Салықты есептеу кезінде жерлеріне базалық ставкалар қолданылатын елді мекенді жергілікті өкілді орган айқындайды.

Жергілікті өкілді органның шешімі бойынша салық ставкасы кемітілуі мүмкін, бірақ ол Салық кодексінің 381-бабында белгіленгеннен кем болмауға тиіс.

Елді мекендердің казино орналасқан жерлері осы Кодекстің 381-бабында белгіленген елді мекендердің жерлеріне арналған базалық ставкалар бойынша он есе ұлғайтылған салық салуға жатады.

Казино орналасқан басқа да санаттағы жерлер тұрғын үй қоры, соның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар орналасқан жерлерді қоспағанда, жақын жатқан елді мекендердің жерлері үшін Салық кодексінің 381-бабында белгіленген елді мекендердің жерлеріне арналған базалық ставкалар бойынша он есе ұлғайтылған салық салуға жатады.

Елді мекеннің жерлеріне салықты есептеу кезінде қолданылатын базалық ставкаларды жергілікті өкілді орган белгілейді.

Жергілікті өкілді органның шешімі бойынша салық ставкасы төмендетілуі мүмкін, бірақ ол Салық кодексінің 381-бабында белгіленгеннен кем болмауға тиіс.

Базалық салық ставкаларын түзету

Жергілікті өкілді органдардың Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жүргізілетін жерлерді өңірлерге бөлу жобалары (схемалары) негізінде жер салығының ставкаларын Салық кодексінің 378, 379, 381, 383-баптарында белгіленген, автотұраққа, автомобильге май құю станцияларына бөлінген (бөліп шығарылған) және казино орналасқан жерлерді қоспағанда, жер салығының базалық ставкаларының 50 процентінен аспайтындай етіп төмендетуге немесе жоғарылатуға құқығы бар.

Бұл ретте жекелеген салық төлеушілер үшін жер салығының ставкаларын жеке-дара төмендетуге немесе жоғарылатуға тыйым салынады.

Мынадай төлеушілер салықты есептеген кезде тиісті ставкаларға 0,1 коэффициентті қолданады:

1) балаларды сауықтыру мекемелері;

2) діни бірлестіктерді қоспағанда, Салық кодексінің 134-бабында айқындалған заңды тұлғалар;

3) Салық кодексінің 135-бабының 2-тармағында айқындалған заңды тұлғалар;

4) қызметінің негізгі түрі ормандарда өртке қарсы жұмысты ұйымдастыру, өртке, орман зиянкестері мен ауруларына қарсы күрес, табиғи биологиялық ресурстарды ұдайы молайту және ормандардың экологиялық әлеуетін арттыру жөніндегі жұмыстарды орындау болып табылатын мемлекеттік кәсіпорындар;

5) балықты ұдайы молайту мақсатындағы мемлекеттік кәсіпорындар;

6) ғылыми кадрларды мемлекеттік аттестаттау саласындағы функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорын;

7) психоневрологиялық және туберкулез мекемелері жанындағы емдеу-өндірістік кәсіпорындар.

Салық кодексінің 135-бабының 3-тармағында айқындалған заңды тұлғалар салықты есептеу кезінде тиісті ставкаларға 0 коэффициентін қолданады.

Осы баптың 2-тармағында аталған жер салығын төлеушілер жер учаскесін немесе оның бір бөлігін (ондағы үйлермен, құрылыстармен, ғимараттармен бірге не оларсыз) жалға, өзге де негіздерде пайдалануға беру немесе коммерциялық мақсаттарда пайдалану кезінде салықты 0,1 коэффициентті қолданбай, Салық кодексінің 55-тарауында белгіленген тәртіппен есептейді.

Арнаулы экономикалық аймақтардың аумақтарында қызметін жүзеге асыратын ұйымдар жер салығын Салық кодексінің 151-бабының 3-тармағының 1) тармақшасында белгіленген ережелерді ескере отырып есептейді.

Салықты есептеу және төлеу тәртібі

Салықты есептеу әрбір жер учаскесі бойынша жеке салық базасына тиісті салық ставкасын қолдану арқылы жүргізіледі.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтері үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер салықты Салық кодексінің 451-бабында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып есептейді.

Жер учаскесін иелену құқығы немесе пайдалану құқығы тоқтатылған жағдайда, жер салығы жер учаскесін пайдаланудың нақты кезеңі үшін есептеледі.

Бюджетке жер салығын төлеу жер учаскесінің орналасқан жері бойынша жүргізіледі.

Салық жылы ішінде елді мекенді қоныстың бір санатынан басқа санатына ауыстыру кезінде салық төлеушілерден ағымдағы жылғы жер салығы - осы елді мекендер үшін бұрын белгіленген ставкалар бойынша, ал келесі жылы қоныстардың жаңа санаты үшін белгіленген ставкалар бойынша алынады.

Елді мекен таратылған және оның аумағы басқа елді мекеннің құрамына қосылған кезде, таратылған елді мекеннің аумағында жаңа ставка тарату іске асырылған жылдан кейінгі жылдан бастап қолданылады.

Салық төлеушілер орналасқан жер учаскелері бонитетінің балдарын анықтау мүмкін болмаған жағдайда, жер салығының мөлшері шектесіп орналасқан жерлердің бонитет балы негізге алына отырып айқындалады.

Ортақ үлестік меншіктегі салық салу объектілері бойынша салық олардың осы жер учаскесіндегі үлесіне барабар есептеледі.

Заңды тұлғалардың салықты есептеу тәртібі мен төлеу мерзімдері

Заңды тұлғалар жер салығының сомаларын салық базасына тиісті салық ставкасын қолдану арқылы дербес есептейді.

Заңды тұлғалар салық кезеңі ішінде жер салығы бойынша ағымдағы төлемдерді есептеуге және төлеуге міндетті.

Ағымдағы төлемдердің сомасы ағымдағы жылдың 25 ақпанынан, 25 мамырынан, 25 тамызынан, 25 қарашасынан кешіктірілмей тең үлестермен төленуге жатады.

Жаңа құрылған салық төлеуші құрылған күннен кейінгі кезекті мерзім ағымдағы төлемдерді төлеудің бірінші мерзімі болып табылады.

Ағымдағы төлемдерді төлеудің соңғы мерзімінен кейін құрылған салық төлеушілер ағымдағы салық кезеңі үшін салық сомасын осы баптың 9-тармағында көзделген мерзімдерде төлейді.

Ағымдағы төлемдердің мөлшері салық кезеңінің басында болған салық салу объектілері бойынша салық базасына тиісті салық ставкаларын қолдану арқылы айқындалады.

Жер салығын төлеу бойынша салық міндеттемелері туындаған күннен кейінгі, осы баптың 3-тармағында белгіленген кезекті мерзім салық міндеттемелері туындаған кезде салық кезеңі ішінде салықтың ағымдағы сомаларын төлеудің бірінші мерзімі болып табылады.

Салық кодексінің 373-бабы 3-тармағының 3), 7) тармақшаларында аталған заңды тұлғалар салық салу объектілерін пайдалануға немесе жалға берген кезде салық салу объектілерін пайдалануға немесе жалға беру күнінен кейінгі кезекті мерзім салықтың ағымдағы сомасын төлеудің бірінші мерзімі болып табылады.

Ағымдағы төлемдерді төлеудің соңғы мерзімінен кейін салық міндеттемелері туындаған кезде түпкілікті есеп айырысу және салық сомасын төлеу осы баптың 9-тармағында көзделген мерзімдерде жүргізіледі.

Салық кезеңі ішінде жер салығы бойынша міндеттемелер өзгерген жағдайда, ағымдағы төлемдер салық міндеттемелерінің өзгеру сомасына жер салығын төлеудің алдағы мерзімдері бойынша тең үлестермен түзетіледі.

Салық салу объектілеріне құқықтар салық кезеңінің ішінде берілген жағдайда, салық сомасы жер учаскесіне иелік етудің нақты кезеңі үшін есептеледі.

Осы құқықтарды беретін тұлғаның жер учаскесіне іс жүзінде иелік еткен кезеңі үшін төлеуге жататын салық сомасы құқықтарды мемлекеттік тіркеуге дейін немесе тіркеген кезде бюджетке енгізілуге тиіс. Бұл ретте бастапқы төлеуші ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан бастап өзі жер учаскесін беретін айдың басына дейін салық сомасын есептейді. Одан кейінгі төлеуші өзінің жер учаскесіне құқығы пайда болған айдың басынан басталатын кезең үшін салық сомасын есептейді.

Жер учаскесіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу кезінде салықтың жылдық сомасын бюджетке тараптардың бірі (келісім бойынша) енгізуі мүмкін. Жер учаскесіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу кезінде төленген салық сомасы кейіннен қайта төленбейді.

Салық төлеуші салық кезеңі үшін декларацияны табыс ету мерзімі басталғаннан кейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей түпкілікті есеп айырысуды жүргізіп, жер салығын төлейді.

Жекелеген жағдайларда салықты есептеудің ерекшеліктері

Бірнеше салық төлеушілердің пайдалануындағы үйлер, құрылыстар мен ғимараттар орналасқан жер учаскелеріне жер салығы олардың бөлек

пайдалануындағы үйлер мен құрылыстардың алаңына барабар әр салық төлеуші бойынша жеке есептеледі.

Салық кодексінің 373-бабы 3-тармағының 3), 7) тармақшаларында аталған заңды тұлғалар үйдің, құрылыстың және ғимараттың бір бөлігін жалға берген кезде жер салығы осы жер учаскесінде орналасқан барлық үйлердің, құрылыстар мен ғимараттардың жалпы алаңындағы жалға берілген үй-жай алаңының үлес салмағына қарай есептелуге жатады.

Тұрғын үй қорының құрамындағы жылжымайтын мүлікті заңды тұлға сатып алған жағдайда, жер салығы тұрғын үй қоры, соның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерлерді қоспағанда, елді мекендердің жерлеріне салынатын салықтың Салық кодексінің 381-бабында белгіленген базалық ставкалары бойынша есептелуге жатады.

Жеке тұлғалардың салықты есептеу тәртібі және төлеу мерзімдері

Жеке тұлғалар (өз қызметінде пайдаланатын жер учаскелері бойынша - дара кәсіпкерлерді, жекеше нотариустарды, адвокаттарды қоспағанда) төлеуге жататын жер салығын есептеуді салық органдары тиісті салық ставкалары мен салық базасын негізге ала отырып, 1 тамыздан кешіктірмей жүргізеді.

Жеке тұлғалар (өз қызметтерінде пайдаланатын жер учаскелері бойынша дара кәсіпкерлерді, жекеше нотариустарды, адвокаттарды қоспағанда) бюджетке жер салығын ағымдағы жылдың 1 қазанынан кешіктірмей төлейді.

Салық міндеттемелері ағымдағы жылдың 1 қазанынан кейін туындаған кезде, салық сомасын төлеу салық салу объектісіне меншік құқығы мемлекеттік тіркелгеннен кейін отыз жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Салық кезеңі

Жер салығын есептеу мен төлеу үшін салық кезеңі – күнтізбелік жыл.

Салық есептілігі

Заңды тұлғалар (мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), дара кәсіпкерлер, жекеше нотариустар, адвокаттар декларацияны салық салу объектілерінің орналасқан жері бойынша салық органдарына есептік салық кезеңінен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей, сондай-ақ ағымдағы төлемдердің есеп-қисабын осы бапта белгіленген мерзімдерде табыс етеді.

Жер салығы бойынша ағымдағы төлемдердің есеп-қисабы ағымдағы салық кезеңінің 15 ақпанынан кешіктірілмей табыс етіледі.

Салық кезеңі ішінде жер салығы бойынша салық міндеттемелері өзгерген кезде, ағымдағы төлемдердің есеп-қисабы салық салу объектілері бойынша 1 ақпандағы, 1 мамырдағы, 1 тамыздағы және 1 қарашадағы жағдай бойынша тиісінше ағымдағы салық кезеңінің 15 ақпанынан, 15 мамырынан, 15 тамызынан және 15 қарашасынан кешіктірілмей табыс етіледі.

Есептер

1 есеп. Жеке тұлға келесі объекттер меншік құқығы және иелікте алады:

- 3 760 000 теңге Алматы қаласындағы тұрғын үй, құнмен;
- 2 400 000 теңге Павлодар қаласындағы тұрғын үй, құнмен;
- 4 200 000 теңге Ресей Федерациясының Омбы қаласында, құнмен пәтерге;

- 340 000 теңге Павлодар қаласындағы гараж және қоймалық бөлмелері, құнмен;

- 776 000 теңге құнмен Алматы қаласындағы екі қабатты саяжайды.

Келесі шарттар бойынша тиісті бюджеттерде мүлік салығының сомасы, жататын төлеуді есептеп шығару.

2 есеп. Павлодар қаласында ортақ тұрақты жер пайдалануды құқықта тұрғын үйлердің меншік иелеріне тұрғын үйлердің жалпы ауданы м 1 500 шаршыны құрайды м 9 000 шаршыны құрауға тәуелді жер телімінің ауданы м 1 000 шаршы ауқыммен жер телімінде орналасуға орналасқан тұрғын тоғыз қабатты үй.

Жерде жер салықты соманы, бос емес тұрғын үйді, үйдің алдындағы жер телімін есептеп шығару.

Жер салықты соманы неткен молар 32 шаршы ауқымды бір бөлмелі пәтердің иесі төлейді; м 65 шаршы ауқымды үш бөлмелі пәтердің иесі.

3 есеп. «Тұлпар» ЖШС Павлодар қаласындағы келесі жер телімдері баланста бос емес алады:

- 2 000 шаршы ауқыммен автотұраққа
- 1 400 шаршы ауқыммен жанармай құятын станцияға.

Жер салықты соманы, бюджетке жататын төлеуді есептеп шығару.

4 есеп. Жеке тұлға келесі жер телімдері меншікте алады:

- 0,25 га жалпы ауданмен тұрғын үймен және шаруашылық құрылымдарының астында;
- 600 шаршы ауқыммен үйдің алдындағы жер телімі;
- 16 шаршы ауқымның гаражымен;
- 800 шаршы ауқымды бағбаншылық және саяжай құрылыстың жүргізулері үшін.

Келесі шарттар бойынша жер салықты соманы, бюджетке жататын төлеуді есептеп шығару:

- жеке тұлға Алматы қаласында дәурен сүреді.;
- жеке тұлға Павлодар қаласында дәурен сүрер еді) жеке тұлға аудан мәннің қаласында дәурен сүреді;
- жеке тұлға павлодар ауданының Ленинский ауылында дәурен сүреді;
-жеке тұлға кейіпкердің ананың атағы лайықтаған, Павлодар қаласында дәурен сүреді
- жеке тұлға ауғандық соғыстың қатысушысы болып табылады, Павлодар қаласында дәурен сүреді.

5 есеп. Кәсіпорын келесі жер телімдері баланста алады, бос емес:

- 2 300 шаршы ауқыммен Алматы қаласында кеңсемен;
- 1 100 шаршы ауқыммен Атырау қаласында филиалмен;
- 1 700 шаршы ауқыммен Көкшетау қаласында филиалмен;
- Атырау қала сызығы, қоныстанатын (қоныстану аумағы - елді мекеннің тұрғын үй қорды орналастыру, қоғамдық ғимарат және имараттар үшін қолайлы аумақтың бір бөлігі сонымен бірге санитарлық қорғаныш аймақтарының құрылым талап етпейтін жеке коммуналдық және өндірістік

объекттер) аймақтағы 20-ші бонитеттің баллы бар 1,25 гасы аудандарға өндірістік ғимаратпен;

- 1,5 га ауқым қоныстанатын аймақта Алматы қаласында қоймалық бөлмелермен;

- 45-ші бонитеттің баллымен площадью36 700 шаршы Алматы қала сызығына өнеркәсіптік объекттермен

- Алматы облысының ауылшаруашылық тағайындауы топырақтарында көмекші шарушылықпен - (I аймақ) 40-ші бонитеттің баллы бар 0, 8 гасы.

Тиісті бюджеттерде жер салықты соманы, жататын төлеуді есептеп шығару.

10. Мүлік салығы

Салық салу объектілері бар заңды тұлғаның шешімі бойынша оның құрылымдық бөлімшелері дербес салық төлеушілер ретінде қарастырылады.

Салық төлеушілер мүлік салығын осы тарауда заңды тұлғалар үшін белгіленген тәртіппен есептейді және төлейді.

Мүлік салығын төлеушілер болып табылмайды:

- өз ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, сақтау және қайта өңдеу процесінде тікелей пайдаланатын, меншік құқығында бар салық салу объектілері бойынша бірыңғай жер салығын төлеушілер.

Өз ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, сақтау және қайта өңдеу процесінде тікелей пайдаланбайтын салық салу объектілері бойынша бірыңғай жер салығын төлеушілер мүлік салығын осы бөлімде белгіленген тәртіппен төлейді;

- мемлекеттік мекемелер;

- уәкілетті мемлекеттік органның қылмыстық жазаларды атқару саласындағы түзеу мекемелерінің мемлекеттік кәсіпорындары;

- діни бірлестіктер.

Меншік иесі салық салу объектісін сенімгерлікпен басқаруға берген кезде салық төлеуші айқындалады.

Бұл ретте сенімгерлікпен басқарушының салық төлеуі салық салу объектісі меншік иесінің салық міндеттемесін орындауы болып табылады.

Егер салық салу объектісі пайлық инвестициялық қор активтерінің құрамына кіретін салық салу объектілерін қоспағанда, бірнеше тұлғаның ортақ үлестік меншігінде болса, осы тұлғалардың әрқайсысы салық төлеуші деп танылады.

Бірлескен ортақ меншіктегі салық салу объектілері бойынша осы салық салу объектілерінің меншік иелерінің бірі олардың арасындағы келісім бойынша салық төлеуші бола алады.

Қаржылық лизингке берілген объектілер бойынша лизинг алушы салық төлеуші болып табылады.

Пайлық инвестициялық қор активтерінің құрамына кіретін салық салу объектілері бойынша пайлық инвестициялық қордың басқарушы компаниясы салық төлеуші болып табылады.

Салық салу объектісі

Дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін Қазақстан Республикасының аумағындағы:

- техникалық реттеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген сыныптамаға сәйкес осындайларға жататын және негізгі құралдар құрамында есепке алынатын ғимараттар, құрылыстар немесе қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін жылжымайтын мүлікке инвестициялар;

- концессия шартына сәйкес концессия объектілері болып табылатын ғимараттар, құрылыстар салық салу объектісі болып табылады.

Салық салу объектілері болып табылмайды.

- жер салығын салу объектісі ретіндегі жер;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша консервацияда тұрған ғимараттар, құрылыстар;

- ортақ пайдаланылатын мемлекеттік автомобиль жолдары мен олардағы жол құрылыстары:

бұрылу белдеуі;

жолдардың конструкциялық элементтері;

жол жағдайы мен оны абаттандыру;

көпірлер;

өткерме жолдар;

виадуктар;

жол тарамдары;

тоннельдер;

қорғаныш галереялары;

жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыруға арналған құрылыстар мен құрылғылар;

су бұрғыш және су өткізгіш құрылыстар;

жол бойындағы орман алаптары;

желілік тұрғын үйлер және жол пайдалану қызметінің кешендері;

- аяқталмаған құрылыс объектілері.

Салық базасы

Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, бухгалтерлік есептің деректері бойынша айқындалатын салық салу объектілерінің орташа жылдық баланстық құны дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың салық салу объектілері бойынша салық базасы болып табылады.

Концессия объектілерінің орташа жылдық баланстық құны болмаған жағдайда бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен айқындалған осындай объектілердің құны салық базасы болып табылады.

Салық салу объектілерінің орташа жылдық баланстық құны ағымдағы салық кезеңінің әр айының бірінші күні мен есепті кезеңнен кейінгі кезең айының бірінші күніндегі салық салу объектілерінің баланстық құнын қосу кезінде алынған соманың он үштен бірі ретінде айқындалады.

Егер жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт талаптарында салық салу объектілерін демонтаждау және жою жөніндегі міндеттемелерді орындау көзделген болса, онда халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалған осындай міндеттемелерді бағалау салық салу объектілерінің баланстық құнына кірмейді.

Заңды тұлғалар (осы баптың 2, 3-тармақтарында аталғандарды қоспағанда) мүлік салығын салық базасының 1,5 % ставкасы бойынша есептейді.

Мүлік салығын салық базасының 0,5 % ставкасы бойынша мына салық төлеушілер:

1) дара кәсіпкерлер;

2) оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын заңды тұлғалар есептейді.

Төменде аталған заңды тұлғалар мүлік салығын салық базасының 0,1 % ставкасы бойынша есептейді:

1) діни бірлестіктерді қоспағанда, заңды тұлғалар;

2) заңды тұлғалар;

3) негізгі қызмет түрі кітапханалық қызмет көрсету саласындағы жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) болып табылатын ұйымдар;

4) ғылыми кадрларды мемлекеттік аттестаттау саласындағы функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындар;

5) мемлекеттік меншіктегі және бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын су қоймаларының, су тораптарының және табиғат қорғау мақсатындағы басқа да су шаруашылығы құрылыстарының объектілері бойынша заңды тұлғалар;

6) ауыл шаруашылығы тауарларын өндіруші заңды тұлғалардың және шаруа немесе фермер қожалықтарының жерін суландыру үшін пайдаланылатын гидромелиорациялық құрылыс объектілері бойынша заңды тұлғалар;

Салықты есептеу мен төлеу тәртібі

Салық төлеушілер салықты есептеуді салық базасына тиісті салық ставкаларын қолдану арқылы дербес жүргізеді.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіруші заңды тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтері үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер салықты есептейді.

Салықтың ағымдағы төлемдерінің сомасын, патент негізінде арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлерді қоспағанда, салық төлеуші салық кезеңіндегі 25 ақпаннан, 25 мамырдан, 25 тамыздан және 25 қарашадан кешіктірмей тең үлестермен енгізеді.

Салық төлеушінің құрылу күнінен (салық салу объектілерін пайдалануға, сенімгерлікпен басқаруға немесе жалға беру күнінен) кейінгі кезекті мерзім жаңадан құрылған салық төлеушілер мен заңды тұлғалар бойынша ағымдағы төлемдерді төлеудің бірінші мерзімі болып табылады.

Салық кезеңі

Мүлік салығын есептеу және төлеу үшін салық кезеңі айқындалады.

Салық есептілігі

Патент негізінде арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлерді қоспағанда, салық төлеушілер салық салу объектілерінің орналасқан жері бойынша салық органдарына ағымдағы төлемдер сомаларының есеп-қисабын және декларацияны табыс етуге міндетті.

Патент негізінде арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер салық салу объектілерінің орналасқан жері бойынша салық органдарына декларацияны табыс етуге міндетті.

Заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің мүлік салығын төлеушілер және оны төлеуден босатылатындар

Салық төлеушілер:

1) Қазақстан Республикасының аумағында меншік, шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару құқығында салық салу объектісі бар заңды тұлғалар;

2) Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығында салық салу объектісі бар дара кәсіпкерлер;

3) концессия шартына сәйкес концессия объектісі болып табылатын салық салу объектісін иеленуге, пайдалануға құқығы бар концессионер.

4) салық салу объектілері бар заңды тұлғаның шешімі бойынша оның құрылымдық бөлімшелері.

Осы баптың 2-тармағында аталған салық төлеушілер мүлік салығын осы тарауда заңды тұлғалар үшін белгіленген тәртіппен есептейді және төлейді.

Мыналар мүлік салығын төлеуден босатылатындар:

1) өз ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, сақтау және қайта өңдеу процесінде тікелей пайдаланатын, меншік құқығында бар салық салу объектілері бойынша бірыңғай жер салығын төлеушілер.

Өз ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, сақтау және қайта өңдеу процесінде тікелей пайдаланбайтын салық салу объектілері бойынша бірыңғай жер салығын төлеушілер мүлік салығын осы бөлімде белгіленген тәртіппен төлейді;

2) мемлекеттік мекемелер;

3) уәкілетті мемлекеттік органның қылмыстық жазаларды атқару саласындағы түзеу мекемелерінің мемлекеттік кәсіпорындары;

4) діни бірлестіктер.

Салық салу объектілері мен ставкалары

Жекелеген жағдайларда салық төлеушіні айқындау

Меншік иесі салық салу объектілерін сенімгерлік басқаруға берген кезде салық төлеуші Салық кодексінің 35, 36-баптарына сәйкес айқындалады.

Бұл ретте сенімгерлік басқарушының немесе жалға алушының салық төлеуі салық салу объектісі меншік иесінің есепті кезең үшін салық міндеттемесін орындауы болып табылады.

Егер салық салу объектісі пайлық инвестициялық қор активтерінің құрамына кіретін салық салу объектілерін қоспағанда, бірнеше тұлғаның ортақ

үлестік меншігінде болса, осы тұлғалардың әрқайсысы салық төлеуші деп танылады.

Бірлескен ортақ меншіктегі салық салу объектілері бойынша осы салық салу объектілерінің меншік иелерінің бірі олардың арасындағы келісім бойынша салық төлеуші бола алады.

Қаржылық лизингке берілген объектілер бойынша лизинг алушы салық төлеуші болып табылады.

Пайлық инвестициялық қор активтерінің құрамына кіретін салық салу объектілері бойынша пайлық инвестициялық қордың басқарушы компаниясы салық төлеуші болып табылады.

Салық салу объектісі - заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер үшін негізгі құрал-жабдықтар немесе жылжымайтын мүлікке инвестициялар болып табылатын, Қазақстан Республикасының аумағындағы ғимараттар, құрылыстар, тұрғын үй құрылысы, үй-жайлар, сондай-ақ жермен берік байланыстағы өзге де құрылыстар.

Салық салу объектісіне жатпайды:

1) Салық кодексінің 375 және 376-баптарына сәйкес жер салығын салу объектісі ретіндегі жер;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша консервацияда тұрған ғимараттар;

3) ортақ пайдаланылатын мемлекеттік автомобиль жолдары мен олардағы жол құрылыстары: бұрылу белдеуі; жолдардың конструкциялық элементтері; жол жағдайы мен оны абаттандыру; көпірлер; өткерме жолдар; виадуктар; жол тарамдары; тоннельдер; қорғаныш галереялары; жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыруға арналған құрылыстар мен құрылғылар; су бұрғыш және су өткізгіш құрылыстар; жол бойындағы орман алаптары; желілік тұрғын үйлер және жол пайдалану қызметінің кешендері;

4) аяқталмаған құрылыс объектілері.

Салық базасы

Бухгалтерлік есептің деректері бойынша айқындалатын салық салу объектілерінің орташа жылдық баланстық құны заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің салық салу объектілері бойынша салық базасы болып табылады.

Салық салу объектілерінің орташа жылдық баланстық құны ағымдағы салық кезеңінің әр айының бірінші күні мен есепті кезеңнен кейінгі кезең айының бірінші күніндегі салық салу объектілерінің баланстық құнын қосу кезінде алынған соманың он үштен бірі ретінде айқындалады.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім шартқа сәйкес айқындалған бағалау міндеттемелері (қайта монтаждаудың есептік құны, активті жою және учаскені қалпына келтіру) салық салу объектілерінің баланстық құнына кірмейді.

Салық кодексінің 394-бабы 4-тармағының 3) тармақшасында аталған заңды тұлғалардың салық салу объектілері бойынша салық базасы пайдалануға немесе жалға берілген осы салық салу объектілерінің үлесін негізге ала отырып айқындалады.

Салық салу объектілерін сатып алу құны патент негізінде арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлердің салық салу объектілері бойынша салық базасы болып табылады.

Осындай құн болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес бағалаушы мен салық төлеуші арасындағы шарт бойынша өткізілген бағалау деректері бойынша нарықтық құн салық базасы болып табылады.

Салық ставкалары

- Заңды тұлғалар мүлік салығын салық салу объектілерінің орташа жылдық құнының 1,5 процент ставкасы бойынша есептейді.

- Оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар мүлік салығын салық салу объектілерінің орташа жылдық құнының 0,5 процент ставкасы бойынша есептейді.

- Төменде аталған заңды тұлғалар мүлік салығын салық салу объектілерінің орташа жылдық құнының 0,1 процент ставкасы бойынша есептейді:

1) діни бірлестіктерді қоспағанда, Салық кодексінің 134-бабында айқындалған заңды тұлғалар;

2) Салық кодексінің 135-бабында айқындалған заңды тұлғалар;

3) негізгі қызмет түрі кітапханалық қызмет көрсету саласындағы жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) болып табылатын ұйымдар;

4) ғылыми кадрларды мемлекеттік аттестаттау саласындағы функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындар;

5) мемлекеттік меншіктегі және бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын су қоймаларының, су тораптарының және табиғат қорғау мақсатындағы басқа да су шаруашылығы құрылыстарының объектілері бойынша заңды тұлғалар;

6) ауыл шаруашылығы тауарларын өндіруші заңды тұлғалардың және шаруа қожалықтарының жерін суландыру үшін пайдаланылатын гидромелиорациялық құрылыс объектілері бойынша заңды тұлғалар;

7) ауыз сумен қамту объектілерін пайдаланатын заңды тұлғалар.

Салық кодексінің 135-бабының 3-тармағында айқындалған тұлғаларды қоспағанда, осы баптың 3-тармағында аталған заңды тұлғалар пайдалануға немесе жалға берілген салық салу объектілері бойынша мүлік салығын осы баптың 1-тармағында белгіленген салық ставкасы бойынша есептейді және төлейді.

Арнаулы экономикалық аймақтардың аумақтарында қызметін жүзеге асыратын ұйымдар мүлік салығын Салық кодексінің Салық кодексінің 151-бабы 3-тармағының 2) тармақшасында белгіленген ережелерді ескере отырып есептейді.

Салықты есептеу және төлеу тәртібі.

Салық төлеушілер салықты есептеуді салық базасына тиісті салық ставкаларын қолдану арқылы дербес жүргізеді.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтері үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық

төлеушілер салықты Салық кодексінің 451-бабында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып есептейді.

Ортақ үлестік меншіктегі салық салу объектілері бойынша әрбір салық төлеуші үшін мүлік салығы мүлік құнындағы оның үлесіне барабар есептеледі.

Патент негізінде арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлерді қоспағанда, салық төлеушілер салық кезеңі ішінде мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдерді төлеуге міндетті, олар салық кезеңінің басындағы бухгалтерлік есепке алу деректері бойынша айқындалған салық салу объектілерінің баланстық құнына тиісті салық ставкасын қолдану арқылы айқындалады.

Бюджетке салық төлеу салық салу объектілерінің орналасқан жері бойынша жүргізіледі.

Салықтың ағымдағы төлемдерінің сомасын, патент негізінде арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлерді қоспағанда, салық төлеуші салық кезеңіндегі 25 ақпаннан, 25 мамырдан, 25 тамыздан және 25 қарашадан кешіктірмей тең үлестермен енгізеді.

Салық төлеушінің құрылу күнінен (салық салу объектілерін пайдалануға немесе жалға беру күнінен) кейінгі кезекті мерзім осы Кодекстің 394-бабы 4-тармағының 3) тармақшасында аталған жаңадан құрылған салық төлеушілер мен заңды тұлғалар бойынша ағымдағы төлемдерді төлеудің бірінші мерзімі болып табылады.

Ағымдағы төлемдерді төлеудің соңғы мерзімінен кейін құрылған салық төлеушілер мен Салық кодексінің 394-бабы 4-тармағының 3) тармақшасында аталған заңды тұлғалар ағымдағы төлемдерді төлеудің соңғы мерзімінен кейін салық салу объектілерін пайдалануға немесе жалға берген кезде салық сомасын ағымдағы салық кезеңі үшін осы баптың 7-тармағында көзделген мерзімдерде төлейді.

Салық кезеңі ішінде салық салу объектілері келіп түскен жағдайда, мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдер салық кезеңінің соңына дейін салық салу объектілері келіп түскен айдан кейінгі айдан бастап ағымдағы салық кезеңі айларының санына көбейтілген, келіп түскен күніне бухгалтерлік есеп деректері бойынша айқындалған, келіп түскен салық салу объектілерінің бастапқы құнының 1/13-іне салық ставкасын қолдану жолымен айқындалатын сомаға ұлғайтылады. Ағымдағы төлемдер ұлғаюға жататын сома осы баптың 5-тармағында белгіленген мерзімдер бойынша тең үлестермен бөлінеді, бұл ретте салық салу объектілері келіп түскен күннен кейінгі кезекті мерзім ағымдағы төлемдерді төлеудің бірінші мерзімі болып табылады.

Салық кезеңі ішінде салық салу объектілері шығып қалған жағдайда, мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдер салық салу объектілері шығып қалған айдан бастап салық кезеңінің соңына дейінгі ағымдағы салық кезеңі айларының санына көбейтілген, салық кезеңінің басына бухгалтерлік есеп деректері бойынша айқындалған, шығып қалған салық салу объектілерінің бастапқы құнының 1/13-іне салық ставкасын қолдану жолымен айқындалатын сомаға азайтылады. Ағымдағы төлемдер азайтылуға жататын сома ағымдағы төлемдерді төлеудің қалған мерзімдеріне тең үлестермен бөлінеді.

Салық төлеуші салық кезеңі ішінде декларацияны табыс ету мерзімі басталғаннан кейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей түпкілікті есеп айырысуды жүргізеді және мүлік салығын төлейді.

Патент негізінде арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер мүлік салығын салық кезеңі ішінде декларацияны табыс ету мерзімі басталғаннан кейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей төлейді.

Жекелеген жағдайларда салықты есептеу және төлеу

Дара кәсіпкер кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын салық салу объектілері бойынша салықты осы тарауда белгіленген ставкалар бойынша және тәртіппен есептейді және төлейді.

Салық кезеңі

Мүлік салығын есептеу және төлеу үшін салық кезеңі – күнтізбелік жыл.

Салық кодексінің 394-бабы 4-тармағының 3) тармақшасында аталған заңды тұлғалар үшін салық кезеңі салық салу объектілерін пайдалануға немесе жалға берген кезден бастап мұндай пайдаланудың аяқталу кезіне дейін айқындалады.

Салық есептілігі

Патент негізінде арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлерді қоспағанда, салық төлеушілер салық салу объектілерінің орналасқан жері бойынша салық органдарына ағымдағы төлемдер сомаларының есеп-қисабын және декларацияны табыс етуге міндетті.

Патент негізінде арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер салық салу объектілерінің орналасқан жері бойынша салық органдарына декларацияны табыс етуге міндетті.

Салық кодексінің 394-бабы 4-тармағының 3) тармақшасында аталған заңды тұлғалар пайдалануға немесе жалға берілген салық салу объектілері бойынша салық есептілігін осы бапта белгіленген тәртіппен табыс етеді.

Мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдер сомаларының есеп-қисабы есепті салық кезеңінің 15 ақпанынан кешіктірілмей табыс етіледі.

Жаңадан құрылған салық төлеушілер ағымдағы төлемдер сомаларының есеп-қисабын салық органдарына тіркеу есебіне қойылған айдан кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей табыс етеді.

394-бабы 4-тармағының 3) тармақшасында аталған заңды тұлғалар пайдалануға немесе жалға берілген салық салу объектілері бойынша ағымдағы төлемдер сомаларының есеп-қисабын объектілерді пайдалануға немесе жалға берген айдан кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей табыс етеді.

Салық кезеңі ішінде мүлік салығы бойынша салық міндеттемелері өзгерген кезде, ағымдағы төлемдердің есеп-қисабы салық салу объектілері бойынша 1 ақпандағы, 1 мамырдағы, 1 тамыздағы және 1 қарашадағы жағдай бойынша тиісінше ағымдағы салық кезеңінің 15 ақпанынан, 15 мамырынан, 15 тамызынан және 15 қарашасынан кешіктірмей табыс етіледі.

Декларация есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірілмей табыс етіледі.

Жеке тұлғалардың мүлік салығы

Салық төлеушілер - салық салу объектісі бар жеке тұлғалар.

Салық төлеуден босатылатын тұлғалар:

- мерзімді қызметті өткеру (оқу) кезеңіндегі мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер;

- меншік құқығындағы барлық салық салу объектілерінің жалпы құнынан тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 1000 еселенген мөлшері шегінде - Кеңес Одағының Батырлары, Социалистік Еңбек Ерлері, «Халық қаһарманы» атағын алған, үш дәрежелі Даңқ орденімен және «Отан» орденімен наградталған адамдар, «Ардақты ана» атағын алған, «Алтын алқа» алқасымен наградталған көп балалы аналар, жеке тұратын зейнеткерлер;

- меншік құқығындағы барлық салық салу объектілерінің жалпы құнынан тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 1500 еселенген мөлшері шегінде - Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен оларға теңестірілген адамдар, I және II топтағы мүгедектер;

- меншік құқығындағы барлық салық салу объектілерінің жалпы құнынан тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 1500 еселенген мөлшері шегінде - Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар.

Жоғарыда аталған адамдар пайдалануға немесе жалға берілген салық салу объектілері бойынша салықты осы тарауда белгіленген тәртіппен есептейді және төлейді;

- кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын салық салу объектілері бойынша дара кәсіпкерлер.

Жекелеген жағдайларда салық төлеушіні айқындау

Меншік иесі салық салу объектілерін сенімгерлік басқаруға берген кезде, салық төлеуші Салық кодексінің 35, 36-баптарына сәйкес айқындалады.

Егер салық салу объектісі бірнеше тұлғаның ортақ үлестік меншігінде болса, осы тұлғалардың әрқайсысы салық төлеуші деп танылады.

Бірлескен ортақ меншіктегі салық салу объектілері бойынша өздерінің арасындағы келісіммен осы салық салу объектісі меншік иелерінің бірі салық төлеуші бола алады.

Салық салу объектісі

Жеке тұлғаларға меншік құқығымен тиесілі Қазақстан Республикасының аумағындағы тұрғын үй-жайлар, саяжай құрылыстары, гараждар және өзге де құрылыстар, ғимараттар, үй-жайлар және аяқталмаған құрылыс объектілері қоныстану, пайдалану кезінен бастап оларға мүлік салығын салу объектісі болып табылады.

Салық базасы

Әрбір жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді тіркеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілейтін, мынадай тәртіппен айқындалған салық салу объектілерінің құны жеке тұлғалар үшін тұрғын үй-жайлар, саяжай құрылыстары немесе аяқталған құрылыс объектілері бойынша салық базасы болып табылады:

Қ = Қ б х S х К таб х К функц х К айм х К аек. өзг, мұнда:

Қ - салық салу мақсаты үшін мүліктің құны,

Қ б - тұрғын үй-жайдың, саяжай құрылыстарының немесе аяқталмаған құрылыс объектісінің бір шаршы метрінің базалық құны,

S - тұрғын үй-жайдың, саяжай құрылыстарының немесе аяқталмаған құрылыс объектісінің шаршы метрмен пайдалы ауданы,

К таб - табиғи тозу коэффициенті,

К функц - функционалдық тозу коэффициенті,

К айм - аймақтау коэффициенті,

К аек. өзг - айлық есептік көрсеткіш өзгерісінің коэффициенті.

Тұрғын үй-жайдың, саяжай құрылыстарының немесе аяқталмаған құрылыс объектісінің теңгемен көрсетілген бір шаршы метрінің базалық құны (Қб) елді мекеннің түріне байланысты мынадай мөлшерде айқындалады:

Кесте 10.1.

№	Елді мекеннің түрі	Базалық құн, теңгемен
1	2	3
	Қалалар:	
1.	Алматы	30000
2.	Астана	30000
3.	Ақтау	18000
4.	Ақтөбе	18000
5.	Атырау	18000
6.	Қарағанды	18000
7.	Қызылорда	18000
8.	Көкшетау	18000
9.	Қостанай	18000
10.	Павлодар	18000
11.	Петропавл	18000
12.	Талдыкорган	18000
13.	Тараз	18000
14.	Орал	18000
15.	¤скемен	18000
16.	Шымкент	18000
17.	Облыстық маңызы бар қалалар	12000
18.	Аудандық маңызы бар қалалар	6000
19.	Кенттер	4200

20.	Селолар (ауылдар)	2700

Әрбір жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша жылжымайтын мүлікке және олармен жасалатын мәмілелерге құқықтарды тіркеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган мынадай формула бойынша есептеген осындай объектінің құны тұрғын үйлердің салқын жапсаржайлары, шаруашылық (қызметтік) құрылыстары, шығыңқы ірге қабаттары, жертөлелері, гаражы бойынша салық базасы болып табылады:

Қ = Қ б х S х К таб х К аек өзг. х К айм, мұнда:

Қ – салық салу мақсаты үшін құн,

Қ б - осы баптың 2-тармағында белгіленген базалық құнның мынадай мөлшерінде айқындалған бір шаршы метрдің базалық құны:

- тұрғын үйлердің салқын жапсаржайлары, шаруашылық (қызметтік) құрылыстары, шығыңқы ірге қабаттары, жертөлелері бойынша – 25 процент,

- гараж бойынша – 15 процент,

S - тұрғын үйлердің салқын жапсаржайларының, шаруашылық (қызметтік) құрылыстарының, шығыңқы ірге қабаттарының, жертөлелерінің, гаражының шаршы метрмен жалпы ауданы,

К таб – осы баптың 4-тармағында белгіленген тәртіппен айқындалған табиғи тозу коэффициенті,

К аек. өзг - осы баптың 7-тармағында белгіленген тәртіппен айқындалған айлық есептік көрсеткіш өзгерісінің коэффициенті,

К айм - осы баптың 6-тармағында белгіленген тәртіппен айқындалған аймақтау коэффициенті.

Тұрғын үй-жайдың, саяжай құрылыстарының немесе аяқталмаған құрылыс объектісінің табиғи тозу коэффициенті амортизация нормаларын және тиімді уақытын есепке ала отырып, мына формула бойынша айқындалады:

К таб = 1 - М таб, мұнда:

М таб - тұрғын үй-жайдың, саяжай құрылыстарының немесе аяқталмаған құрылыс объектісінің табиғи тозуы.

Табиғи тозу мына формула бойынша айқындалады:

М таб = (Т баз - Т п.б) х Наморт/100, мұнда:

Т баз - салық есептелген жыл,

Т п.б - объектінің пайдалануға берілген жылы,

Н аморт - амортизация нормасы.

Ғимараттың сипаттамасына байланысты табиғи тозуды айқындаған кезде мынадай амортизация нормалары қолданылады:

Кесте 10.2.

Рет №	Күрделік тобы	Ғимараттың сипаттамасы	Н аморт %	Қызмет ету мерзімі (жыл)
1	2	3	4	5
1.	1	Тастан салынған, ерекше күрделі, қабырғаларының		

		қалыңдығы 2,5 кірпіштен астам немесе темірбетонды немесе металл қаңқалы кірпішті, аражабындары темірбетонды және бетонды ғимараттар; қабырғалары ірі панельді, аражабындары темір бетонды ғимараттар;	0,7	143
2.	2	Қабырғалары қалыңдығы 1,5-2,5 кірпіштен қаланған, аражабындары темір-бетонды, бетонды немесе ағаш; ірі блокты қабырғасы бар, аражабындары темірбетонды ғимараттар	0.8	125
3.	3	Қабырғалары жеңілдетіліп қаланған кірпіштен, монолитті шлакты бетоннан, жеңіл шлак блогынан, ұлу тастан қаланған, аражабындары темірбетонды немесе бетонды ғимараттар; ірі блокты немесе кірпіштен, жеңілдетіліп монолитті шлакты бетоннан, ұсақ шлакты блоктардан қаланған ғимараттар	1,0	100
4.	4	Қабырғалары аралас, кесілген ағаштан немесе бедерлі кірпіштен қаланған ғимараттар	2,0	50
5.	5	Шитіден жасалған, жиналмалы-қалқанды, құйма қаңқалы, балшықтан соғылған, саман ғимараттар	3,3	30
6.	6	Қамыс-қаңқалы және басқа да жеңілдетілген ғимараттар	6,6	15

Егер тастан қалағған немесе тасымалы панелді тұрғын үй-жайдың, саяжай құрылыстарының немесе аяқталмаған құрылыс объектісінің табиғи тозуы 70 проценттен жоғары болса, оның ішінде материалдардан салынған үйлерде 65

проценттен жоғары болса, онда 0,2-ге тең табиғи тозу коэффициенті қолданылады.

Тұрғын үй-жайдың, саяжай құрылыстарының немесе аяқталмаған құрылыс объектісінің сапасына қойылатын талаптарды ескеретін функционалдық тозу коэффициенті (К функц.) мына формула бойынша есептеледі:

К функц = К қаб х К бұр х К қ. мат х К жайл х К жылу, мұнда:

К қаб - тұрғын үй-жайдың немесе аяқталмаған құрылыс объектісінің орналасу қабатына байланысты базалық құнның өзгеруін есепке алу коэффициенті,

К бұр - тұрғын үй-жайдың немесе аяқталмаған құрылыс объектісінің құрылыстың бұрыштағы учаскелерінде орналасуын есепке алу коэффициенті,

К қ. мат - қабырға материалын есепке алу коэффициенті,

К жайл - тұрғын үй-жайдың, саяжай құрылыстарының немесе аяқталмаған құрылыс объектісінің жайлылығы мен оның инженерлік-техникалық құрылғылармен қамтамасыз етілу деңгейін есепке алу коэффициенті,

К жылу - жылыту түрін есепке алу коэффициенті.

Қабаттына байланысты мынадай қабаттылықтың түзету коэффициенті (К қаб) қолданылады:

Кесте 10.3.

№	Қабат	К қабат
1	2	3
1.	Бірінші	0,95
2.	Аралық немесе жеке тұрғын үй	1,00
3.	Соңғы	0,9

Биіктігі үш қабаттан аспайтын көп пәтерлі тұрғын үйлер үшін кез келген қабат үшін 1-ге тең қабаттылық коэффициенті қолданылады.

Тұрғын үй-жайдың немесе аяқталмаған құрылыс объектісінің құрылыстың бұрыштағы учаскелеріндегі орналасуына байланысты мынадай түзету коэффициенттері (К бұр) қолданылады:

Кесте 10.4.

Рет №	Тұрғын үй-жайдың немесе аяқталмаған құрылыс объектісінің құрылыстың бұрыштағы учаскесінде орналасуы	К бұр
1	2	3
1.	Бұрыштағы пәтер	0,95
2.	Бұрышта орналаспаған пәтер немесе жеке тұрғын үй	1,0

Қабырға материалына байланысты мынадай түзету коэффициенті (К қаб. мат.) қолданылады:

Кесте 10.5.

№	Қабырға материалы	Коэффициент
1	2	3
1.	Кірпіштен	1,1
2.	Керамзит бетон блоктардан құралған	1,0
3.	Керамзит бетон блоктардан құралған, кірпішпен қапталған	1,05
4.	Темірбетон панелден	1,0
5.	Кірпішпен қапталған темірбетон панелден	1,05
6.	Балшықтан - саманнан	0,5
7.	Саманнан, сыртынан 0,5 кірпішпен қапталған	0,6
8.	Монолитты шлакты-бетонды	0,7
9.	Темірбетон блоктардан	1,0
10.	Жиналмалы-қалқанды	0,6
11.	Жиналмалы-қалқанды, 0,5 кірпішпен қапталған	0,75
12.	Кесілген ағаштан	0,85
13.	Шпалдан	0,75
14.	Шпалдан, кірпішпен қапталған	0,95
15.	Қамыс қаңқалы	0,6

Тұрғын үй-жайды, саяжай құрылыстары немесе аяқталмаған құрылыс объектісін барлық тиісті инженерлік жүйелермен және техникалық құрылғылармен қамтамасыз ету кезінде 1-ге тең жайлылық коэффициенті (К жайл) қолданылады.

Адамдардың тұруы (тұрмыстық), келуі үшін нормативтік не қолайлы жағдай туғызатын инженерлік жүйелер мен техникалық құрылғылар (су құбыры, кәріз, басқа да жайлылық түрлері) болмаған кезде, 0,8-ге тең К жайл. қолданылады.

Жылыту түріне байланысты мынадай жылытудың түзету коэффициенттері (К жылу) қолданылады:

Кесте 10.6.

Рет №	Жылыту түрі	К жылу
1	2	3
1.	Орталықтан жылыту	1,0
2.	Газбен немесе мазутпен жергілікті жылыту	0,98
3.	Қатты отын арқылы сумен жергілікті жылыту	0,95

4. Пешпен жылыту 0,9

Салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын есепке алатын аймақтау коэффициентін (К айм.) жылжымайтын мүлікке құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді тіркеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган жергілікті атқарушы органдармен келісім бойынша айқындайды.

Айлық есептік көрсеткіштің өзгеру коэффициенті (К аек. өзг) мынадай формула бойынша айқындалады:

К аек. өзг = ағ. ж. аек/өткен ж.аек, мұнда:

ағ.ж. аек – мөлшері тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіш,

өткен ж. аек – мөлшері өткен қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіш.

Тұрғын үйлердің салқын жапсаржайлары, шаруашылық (қызметтік) құрылыстары, шығыңқы ірге қабаттары, жертөлелері, гаражы тұрғын үй-жайлардың немесе аяқталмаған құрылыс объектісінің бір бөлігі болып табылған жағдайда, салық базасы осы бапқа сәйкес жылжымайтын мүлікке және олармен жасалатын мәмілелерге құқықтарды тіркеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған осындай салық салу объектілерінің жиынтық құны ретінде айқындалады.

Бірнеше салық салу объектілері бойынша бір жеке тұлға салық төлеуші болып табылса, жылжымайтын мүлікке және олармен жасалатын мәмілелерге құқықтарды тіркеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган салық базасын әрбір объект бойынша дербес есептейді.

Жекелеген жағдайларда салықты есептеу мен төлеу

Салық базасы Салық кодексінің 406-бабына сәйкес айқындалатын тұрғын үй емес үй-жайларды қоспағанда, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырмайтын жеке тұлғаның меншік құқығындағы тұрғын үй емес үй-жайлары бойынша жеке тұлға Салық кодексінің 398-бабының 2-тармағында белгіленген ставкаларды қолдана отырып, патент негізінде арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер үшін Салық кодексінің 57-тарауында белгіленген тәртіппен мүлік салығын есептейді, төлейді және осы салық бойынша салық есептілігін табыс етеді.

Мұндай үй-жайлар бойынша салық базасы Салық кодексінің 397-бабының 4-тармағына сәйкес айқындалады.

Салық ставкалары

Салық базасы Салық кодексінің 406-бабына сәйкес айқындалатын жеке тұлғалардың мүлік салығы салық салу объектілерінің құнына қарай, мынадай ставкалар бойынша есептеледі:

Кесте 10.7.

1	2	3
1.	1 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	салық салу объектілері құнының 0,05 проценті
2.	1 000 000 теңгеден жоғары 2 000 000	500 теңге + 1 000 000 теңгеден

	теңгеге дейін қоса алғанда	асатын соманың 0,08 проценті
3.	2 000 000 теңгеден жоғары 3 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	1 300 теңге + 2 000 000 теңгеден асатын соманың 0,1 проценті
4.	3 000 000 теңгеден жоғары 4 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	2 300 теңге + 3 000 000 теңгеден асатын соманың 0,15 проценті
5.	4 000 000 теңгеден жоғары 5 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	3 800 теңге + 4 000 000 теңгеден асатын соманың 0,2 проценті
6.	5 000 000 теңгеден жоғары 6 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	5 800 теңге + 5 000 000 теңгеден асатын соманың 0,25 проценті
7.	6 000 000 теңгеден жоғары 7 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	8 300 теңге + 6 000 000 теңгеден асатын соманың 0,3 проценті
8.	7 000 000 теңгеден жоғары 8 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	11 300 теңге + 7 000 000 теңгеден асатын соманың 0,35 проценті
9.	8 000 000 теңгеден жоғары 9 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	14 800 теңге + 8 000 000 теңгеден асатын соманың 0,4 проценті
10.	9 000 000 теңгеден жоғары 10 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	18 800 теңге + 9 000 000 теңгеден асатын соманың 0,45 проценті
11.	10 000 000 теңгеден жоғары 50 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	23 300 теңге + 10 000 000 теңгеден асатын соманың 0,5 проценті
12.	50 000 000 теңгеден жоғары 120 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда	223 300 теңге + 50 000 000 теңгеден асатын соманың 0,75 проценті
13.	120 000 000 теңгеден жоғары	748 300 теңге + 120 000 000 теңгеден асатын соманың 1 проценті

Салықты есептеу мен төлеу тәртібі

Жеке тұлғалардың салық салу объектілері бойынша салықты есептеуді салық кезеңінің 1 тамызынан кешіктірмей тиісті салық ставкасын салық базасына қолдану арқылы, салық төлеушінің тұрғылықты жеріне қарамастан салық салу объектілерінің орналасқан жері бойынша салық органдары жүргізеді.

Егер салық салу объектісі салық кезеңі ішінде меншік құқығында он екі айдан аз болса, төленуге жататын мүлік салығы осы баптың 1-тармағына сәйкес

айқындалған салық сомасын он екіге бөлу және салық салу объектісінің меншік құқығында болған айларының санына көбейту жолымен есептеледі.

Бірнеше жеке тұлғаның ортақ үлестік меншігіндегі салық салу объектісі үшін салық олардың осы мүліктегі үлесіне барабар есептеледі.

Бірнеше салық салу объектілері бойынша салық төлеуші бір жеке тұлға болған жағдайда, салықты есептеу әрбір салық салу объектісі бойынша бөлек жүргізіледі.

Салық салу объектісі жойылған, қираған, бұзылған кезде жойылу, қирау, бұзылу фактілерін растайтын, уәкілетті орган беретін құжаттар болған жағдайда, салық сомасын қайта есептеу жүргізіледі.

Салық кезеңі ішінде салық төлеушінің салық төлеуден босатылу құқығы туындаған кезде, осы құқық туындаған айдың бірінші күнінен бастап салық сомасын қайта есептеу жүргізіледі.

Бюджетке салық төлеу салық салу объектілерінің орналасқан жері бойынша есепті салық кезеңінің 1 қазанынан кешіктірілмей жүргізіледі.

Салық кезеңі ішінде салық салу объектілеріне меншік құқықтары берілген жағдайда, салық сомасы мүлікке меншік құқықтарын іске асырудың нақты кезеңі үшін есептеледі.

Меншік құқығын берген тұлға салық салу объектісін иеленудің нақты кезеңі үшін төленуге жататын салық сомасын меншік құқықтарын мемлекеттік тіркеу кезіне дейін немесе тіркеу кезінде бюджетке енгізуге тиіс. Бұл ретте бастапқы төлеушіге ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан бастап, ол меншік құқығын берген айдың басына дейін есептелген салық сомасы көрсетіледі. Одан кейінгі төлеушіге мүлік салығының есептелген сомасы туралы салық органы жіберетін хабарламада оның меншік құқығы туындаған айдың басынан басталатын кезең ішінде есептелген салық сомасы көрсетіледі.

Салықтың жылдық сомасын салық салу объектісіне меншік құқығын мемлекеттік тіркеу кезінде тараптардың бірі (келісім бойынша) бюджетке енгізуі мүмкін. Аталған салық сомалары кейіннен қайталап төленбейді.

Жылжымайтын мүлікке және онымен жасалатын мәмілелерге құқықтарды мемлекеттік тіркеу кезінде (бастапқы тіркеуді қоспағанда) уәкілетті мемлекеттік орган салық салу объектілерінің құнын айқындамаған жағдайда, салық алдыңғы салық кезеңінде есептелген салық сомасы негізге алына отырып төленеді.

*Салық кезеңі*Жеке тұлғалардың мүлік салығын есептеу мен төлеу үшін салық кезеңі – күнтізбелік жыл.

Есептер

1 есеп. Кәсіпорындарда салық кезеңінің басына негізгі құралдар және материалдық емес активтерін баланстық құнды құрады:

здание офиса	2 250 000
здание производственное №1	5 650 000
здание производственное №2	9 150 000
здание склада	1 350 000

машины и оборудование	7 200 000
транспортные средства	180 000
нематериальные активы	126 000

Негізгі құралдарды жылдың ішінде түсті:

(жеңіл автомобиль) қаңтарда - 160 000 теңге; (токарь станогі) ақпан - 140 000 теңге; (дүкеннің ғимараты) мамыр - 7 250 000 теңге; 60 000 теңге (фрезерлік станок) шілде; (қойманың ғимараты) қараша - 2 130 000 теңге.

Сомаға негізгі құралдар жылдың ішінде кетті:

300 000 теңге (автокар) сәуірде; 100 000 теңге (автобус) тамызда; 7 500 000 теңге (№2-ші өндірістік ғимарат) желтоқсанда.

1) Мүлік салығына ағымдағы үшін төлеулерін соманы есептеп шығару.

2) Салық кезеңінің қорытындылары бойынша мүлік салығын есептеп шығару.

Амортизацияның нормалары

№ группы	Наименование фиксированных активов	Предельная норма амортизации, %
I	Здания, сооружения	10
II	Машины и оборудование	25
III	Компьютеры и оборудование для обработки информации	40
IV	Фиксированные активы, не включенные в другие группы	15

11. Көлік құралдарына салынатын салық

Меншік құқығында салық салу объектілері бар жеке тұлғалар және меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында салық салу объектілері бар заңды тұлғалар көлік құралдары салығын төлеушілер болып табылады.

Заңды тұлға өз шешімімен өзінің құрылымдық бөлімшесін Қазақстан Республикасының көлік туралы заңнамасына сәйкес осындай құрылымдық бөлімшеге тіркелген көлік құралдары бойынша көлік құралдары салығын дербес төлеуші деп тануға құқылы.

1) Егер есептеу қорытындылары бойынша жүк автомобильдерінің саны бір бірліктен аз болған жағдайда, двигателінің қуаты барынша аз бір жүк автомобилі босатылуға жатқызылады.

2) Өзінің ауыл шаруашылығы өнімін өндіруде пайдаланылатын мынадай мамандандырылған ауыл шаруашылығы техникасы бойынша бірыңғай жер салығын төлеушілерді қоса алғанда, ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер:

- сүт немесе ауыл шаруашылығы мақсаттарына су тасымалдауға арналған автомобиль-цистерналар;

- ветеринария қызметінің автомобильдері,
- автозообиологиялық зертханалар,
- автожемтасығыштар;
- автотиеуіштер,
- дән сепкіштерге автоқұйғыштар;
- тыңайтқыш енгізуге арналған автомашиналар;
- ұшақтарға минералдық тыңайтқыштарды және улы химикаттарды
- автотиеуіштер;
- тең штабельдерін автотасымалдауыштар;
- автоулыжемшашқыш;
- пәлекжинағыш машиналар;
- а/ш АН-2 әуе кемесі;
- өздігінен жүретін дестелегіштер;
- астық жинағыш комбайндар;
- доңғалақты тракторлар, өздігінен жүретін шассилер және оңтайлы энергетикалық құралдар;
- мал азығын жинағыш комбайндар;
- ауыл шаруашылығы машиналарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету жөніндегі автомобиль-шеберханалар;
- өздігінен жүретін шөп шапқыштар;
- маялағыштар;
- жинағыш комбайндар (тамыржемістілерді, картопты, қызанақты, көк бұршақты, мақтаны және басқа да ауыл шаруашылығы өнімін жинауға арналған)

3) мемлекеттік мекемелер;

4) салық салу объектісі болып табылатын бір автокөлік құралы бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушылар, соларға теңестірілетін адамдар, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағы ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусымнан 1945 жылғы 9 мамырға дейінгі аралықта кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет еткен) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағы ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар;

5) салық салу объектісі болып табылатын бір автокөлік құралы бойынша – меншігінде мотоколяскалары мен автомобильдері бар мүгедектер;

6) салық салу объектісі болып табылатын бір автокөлік құралы бойынша – Кеңес Одағының Батырлары мен Социалистік Еңбек Ерлері, «Халық қаһарманы», «Қазақстанның Еңбек Ері» атақтарына ие болған, Даңқ орденінің үш дәрежесімен және «Отан» орденімен наградталған адамдар, «Ардақты ана» атағын алған, «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған көп балалы аналар;

7) ауыл шаруашылығы құрылымынан шығу нәтижесінде пай ретінде алынған, пайдалану мерзімі жеті жылдан асқан жүк автомобильдері бойынша жеке тұлғалар көлік құралдары салығын төлеушілер болып табылмайды.

Салық төлеу мерзімдері

Заңды тұлғалар ағымдағы төлемдер сомасын төлеуді ағымдағы төлемдерді енгізу арқылы салық салу объектілерінің тіркелген жері бойынша салық кезеңінің 5 шілдесінен кешіктірмей жүргізеді.

Көлік құралына меншік құқығын, шаруашылық жүргізу құқығын немесе оралымды басқару құқығын салық кезеңінің 1 шілдесінен кейін алған жағдайда, заңды тұлғалар салық кезеңі үшін декларацияны табыс ету мерзімі басталғаннан кейінгі күнтізбелік он күннен кешіктірмей көрсетілген көлік құралы бойынша салық төлеуді жүргізеді.

Салық кезеңі және салық декларациясы

Көлік құралдары салығын есептеуге арналған салық кезеңі айқындалады. Төлеушілер - заңды тұлғалар көлік құралдары салығы бойынша ағымдағы төлемдердің есеп-қисабын ағымдағы салық кезеңінің 5 шілдесінен кешіктірмей, сондай-ақ декларацияны есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей салық салу объектілерінің тіркелген жері бойынша салық органдарына табыс етеді.

Көлік құралдары салығын төлеушілер және оны төлеуден босатылатындар

Салық төлеушілер

- Меншік құқығында салық салу объектілері бар жеке тұлғалар және меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында салық салу объектілері бар заңды тұлғалар;
- заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелері;
- Лизинг алушы қаржы лизингі шарты бойынша берілген (алынған) салық салу объектілері бойынша.

Көлік құралдары салығын төлеуден босатылатындар:

1) жалпы меншік құқығында, меншік құқығында өзінің мүшелеріне тиесілі және өзінің ауыл шаруашылығы өнімін өндіру, сақтау және қайта өңдеу процесінде тікелей пайдаланылатын мынадай көлік құралдары бойынша бірыңғай жер салығын төлеушілер:

- двигателінің көлемі 2500 текше см. дейінгіні қоса алғанда, бір жеңіл автомобиль;
- двигателінің жиынтық қуаты 1000 га егістікке 1000 кВт мөлшеріндегі жүк автомобильдері;

2) өзінің ауыл шаруашылығы өнімін өндіруде пайдаланылатын мынадай мамандандырылған ауыл шаруашылығы техникасы бойынша бірыңғай жер салығын төлеушілерді қоса алғанда, ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер:

- сүт немесе ауыл шаруашылығы мақсаттарына су тасымалдауға арналған автомобиль-цистерналар;
- ветеринария қызметінің автомобильдері,
- автозообиологиялық зертханалар,
- автожемтасығыштар;
- автотиеуіштер,
- дән сепкіштерге автоқұйғыштар;

- тыңайтқыш енгізуге арналған автомашиналар;
- ұшақтарға минералдық тыңайтқыштарды және улы химикаттарды
- автотиеуіштер;
- тең штабельдерін автотасымалдауыштар;
- автоулыжемшашқыш;
- пәлекжинағыш машиналар;
- а/ш АН-2 әуе кемесі;
- өздігінен жүретін дестелегіштер;
- астық жинағыш комбайндар;
- доңғалақты тракторлар, өздігінен жүретін шассилер және оңтайлы энергетикалық құралдар;
- мал азығын жинағыш комбайндар;
- ауыл шаруашылығы машиналарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету жөніндегі автомобиль-шеберханалар;
- өздігінен жүретін шөп шапқыштар;
- маялағыштар;
- жинағыш комбайндар (тамыржемістілерді, картопты, қызанақты, көк бұршақты, мақтаны және басқа да ауыл шаруашылығы өнімін жинауға арналған);

3) мемлекеттік мекемелер;

4) салық салу объектісі болып табылатын бір автокөлік құралы бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушылар, соларға теңестірілетін адамдар, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жан қиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағы ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусымнан 1945 жылғы 9 мамырға дейінгі аралықта кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет еткен) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жан қиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағы ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар;

5) салық салу объектісі болып табылатын бір автокөлік құралы бойынша – меншігінде мотоколяскалары мен автомобильдері бар мүгедектер;

6) салық салу объектісі болып табылатын бір автокөлік құралы бойынша – Кеңес Одағының Батырлары мен Социалистік Еңбек Ерлері, «Халық қаһарманы» атағына ие болған, Даңқ орденінің үш дәрежесімен және «Отан» орденімен наградталған адамдар, «Ардақты ана» атағын алған, «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған көп балалы аналар;

7) ауыл шаруашылығы құралымынан шығу нәтижесінде пай ретінде алынған, пайдалану мерзімі жеті жылдан асқан жүк автомобильдері бойынша жеке тұлғалар көлік құралдары салығын төлеушілер болып табылмайды.

Салық салу объектілері мен ставкалары

Салық салу объектілері - Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеуге жататын және (немесе) есепте тұрған, тіркемелерді қоспағанда, көлік құралдары.

Салық салу объектілеріне жатпайды:

1) жүк көтергіштігі 40 тонна және одан асатын карьерлік автосамосвалдар;

2) мамандандырылған медициналық көлік құралдары салық салу объектілері болып табылмайды.

Салық ставкалары

Салықты есептеу айлық есептік көрсеткіштермен белгіленген мынадай ставкалар бойынша жүргізіледі:

Кесте 11.1.

Рет №	Салық салу объектісі	Салық ставкасы (айлық есептік көрсеткіш)
1	2	3
1.	Двигателінің көлемі мынадай жеңіл автомобильдер (текше см.): 1100-ге дейін қоса алғанда 1100-ден жоғары 1500-ді қоса алғанда 1500-ден жоғары 2000-ды қоса алғанда 2000-нан жоғары 2500-ді қоса алғанда 2500-ден жоғары 3000-ды қоса алғанда 3000-нан жоғары 4000-ды қоса алғанда 4000-нан жоғары	 1 2 3 5 8 15 117
2.	Жүк көтергіштігі мынадай жүк таситын арнаулы автомобильдер (тіркемелерді есептемегенде): 1 тоннаға дейін қоса алғанда 1 тоннадан жоғары - 1,5 тоннаны қоса алғанда 1,5 тоннадан жоғары - 5 тоннаны қоса алғанда 5 тоннадан жоғары	 3 5 7 9
3.	Шынжыр табанды машиналар мен механизмдерді қоспағанда, өздігінен жүретін машиналар мен пневматикалық жүрістегі механизмдер	 3
4.	Автобустар: отыратын 12 орынға дейін қоса алғанда отыратын 12-ден жоғары - 25 орынды қоса алғанда отыратын 25 орыннан жоғары	 9 14 20
5.	Мотоциклдер, мотороллерлер, мотошаналар, двигателінің қуаты 55 кВт-дан аспайтын көлемі шағын кемелер Двигателінің қуаты 55 кВт-дан жоғары мотоциклдер	 1 1
6.	Катерлер, кемелер, буксирлер, баржалар, яхталар (двигателінің қуаты мынадай ат күшіне	

	тең): 160-қа дейін қоса алғанда 160-тан жоғары 500-ді қоса алғанда 500-ден жоғары 1000-ды қоса алғанда 1000-нан жоғары	6 18 32 55
7.	Ұшу аппараттары	әрбір киловатт қуаттан айлық есептік көрсеткіштің 4,0 проценті

Жеңіл автомобильдердің үш айлық есептік көрсеткіш ставкасы бойынша салық салынатын двигателінің көлемі 1500-ден жоғары - 2000 текше сантиметрді қоса алғандағы, бес айлық есептік көрсеткіш ставкасы бойынша салық салынатын 2000-нан жоғары - 2500 текше сантиметрді қоса алғандағы, сегіз айлық есептік көрсеткіш ставкасы бойынша салық салынатын 2500-ден жоғары - 3000 текше сантиметрді қоса алғандағы және он бес айлық есептік көрсеткіш ставкасы бойынша салық салынатын двигателінің көлемі 3000-нан жоғары - 4000 текше сантиметрді қоса алғандағы көлемде болған кезде салық сомасы двигательдің аталған көлемінен асып түскен әрбір бірлік үшін 7 теңгеге ұлғайтылады.

Пайдаланылу мерзіміне қарай ұшу аппараттарының салық ставкаларына мынадай түзету коэффициенттері қолданылады:

1) 1999 жылғы 1 сәуірден кейін Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерден сатып алынған ұшу аппараттарына:

- пайдаланылу мерзімі 5 жылдан жоғары - 15 жылды қоса алғанда – 2,0;
- пайдаланылу мерзімі 15 жылдан жоғары – 3,0;

2) 1999 жылғы 1 сәуірге дейін сатып алынған, сондай-ақ 1999 жылғы 1 сәуірден кейін сатып алынған және (немесе) Қазақстан Республикасында 1999 жылғы 1 сәуірге дейін пайдалануда болған ұшу аппараттарына:

- пайдаланылу мерзімі 5 жылдан жоғары - 15 жылды қоса алғанда – 0,5;
- пайдаланылу мерзімі 15 жылдан жоғары – 0,3.

4. Көлік құралының пайдаланылу мерзімі көлік құралдарының паспортында (әуе кемесін ұшуда пайдалану жөніндегі нұсқамада) көрсетілген көлік құралы шығарылған жыл негізге алына отырып есептеледі.

Салықты есептеу және төлеу тәртібі

Салық төлеуші салық салу объектілерін, әрбір көлік құралы бойынша салық ставкасын негізге ала отырып, салық кезеңі үшін салық сомасын дербес есептейді.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар және селолық тұтыну кооперативтері үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер салықты осы Кодекстің 451-бабында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып есептейді.

Көлік құралы меншік құқығында, шаруашылық жүргізу құқығында немесе оралымды басқару құқығында салық кезеңінен аз уақыт болған жағдайда, салық сомасы көлік құралы меншік құқығында, шаруашылық жүргізу құқығында немесе оралымды басқару құқығында іс жүзінде болған кезең үшін салықтың жылдық сомасын он екіге бөлу және көлік құралы меншік құқығында, шаруашылық жүргізу құқығында немесе оралымды басқару құқығында іс жүзінде болған айлардың санына көбейту арқылы есептеледі.

Салық кезеңі ішінде дара кәсіпкерлер, жекеше нотариустар, адвокаттар өз қызметінде пайдаланатын салық салу объектілеріне меншік құқығын, сондай-ақ заңды тұлғалар салық салу объектілеріне меншік, шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару құқықтарын берген кезде, егер осы бапта өзгеше көзделмесе, салық сомасы мынадай тәртіппен есептеледі:

1) беруші тарап үшін:

- салық кезеңінің басында қолда бар көлік құралдары бойынша салық сомасы салық кезеңінің басынан бастап көлік құралына меншік құқығын, шаруашылық жүргізу құқығын немесе оралымды басқару құқығын берген айдың бірінші күніне дейінгі кезең үшін есептеледі;

- салық кезеңінің ішінде сатып алынған көлік құралдары бойынша салық сомасы көлік құралына меншік құқығын, шаруашылық жүргізу құқығын немесе оралымды басқару құқығын алған айдың бірінші күнінен бастап көлік құралына меншік құқығын, шаруашылық жүргізу құқығын немесе оралымды басқару құқығын берген айдың бірінші күніне дейінгі кезең үшін есептеледі;

2) алушы тарап үшін - салық сомасы көлік құралына меншік құқығын, шаруашылық жүргізу құқығын немесе оралымды басқару құқығын алған айдың бірінші күнінен бастап, салық кезеңінің соңына дейін немесе алушы тарап одан кейін аталған көлік құралына меншік құқығын, шаруашылық жүргізу құқығын немесе оралымды басқару құқығын берген айдың бірінші күніне дейінгі кезеңге есептеледі.

Салық кезеңі ішінде дара кәсіпкерлер, жекеше нотариустар, адвокаттар болып табылмайтын жеке тұлғалар салық салу объектілеріне меншік құқығын берген кезде салық сомасы мынадай тәртіппен есептеледі:

1) көлік құралына меншік құқығын дара кәсіпкерлер, жекеше нотариустар, адвокаттар болып табылмайтын жеке тұлғаларға берген кезде салықтың жылдық сомасын тараптардың біреуі (келісім бойынша) есептеп, бюджетке енгізеді;

2) көлік құралына меншік құқығын дара кәсіпкерлерге, жекеше нотариустарға, адвокаттарға, заңды тұлғаларға берген кезде бюджетке төленуге жататын салық сомасын есептеу осы баптың 2-тармағында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Сатып алу кезінде Қазақстан Республикасында есепте тұрмаған көлік құралын сатып алған кезде салық сомасы көлік құралына меншік құқығы, шаруашылық жүргізу құқығы немесе оралымды басқару құқығы туындаған айдың бірінші күнінен бастап салық кезеңінің соңына дейінгі кезең үшін есептеледі.

Иелерінен айдап әкетілген және (немесе) ұрланған деп саналған көлік құралдарын тіркеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік органда көлік құралын есептен шығару кезінде көлік құралына іздеу салу кезеңінде салық төлеуден босату үшін осы негіз бойынша көлік құралын есептен шығарылғанын растайтын құжат негіз болып табылады.

Салық міндеттемесін орындау іздеу салынған көлік құралының иесіне қайтарылған кезден бастап, Салық кодексінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Салық төлеу мерзімдері

Егер меншік құқығында, шаруашылық жүргізу құқығында немесе оралымды басқару құқығында 1 шілдеге дейін болған көлік құралдары бойынша осы бапта өзгеше белгіленбесе, заңды тұлғалар бюджетке салық төлеуді салық салу объектілерінің тіркелген жері бойынша, ағымдағы төлемдерді енгізу арқылы салық кезеңінің 5 шілдесінен кешіктірмей жүргізеді.

Алу кезінде Қазақстан Республикасында есепте тұрған көлік құралына меншік құқығын, шаруашылық жүргізу құқығын немесе оралымды басқару құқығын салық кезеңінің 1 шілдесінен кейін алған жағдайда, заңды тұлғалар салық кезеңі үшін декларацияны табыс ету мерзімі басталғаннан кейінгі күнтізбелік он күннен кешіктірмей көрсетілген көлік құралы бойынша салық төлеуді жүргізеді.

Жеке тұлғалар меншік құқығында 1 қазанға дейін болған көлік құралдары бойынша бюджетке салық төлеуді салық салу объектілерінің тіркелген жері бойынша салық кезеңінің 1 қазанынан кешіктірмей жүргізеді.

Көлік құралына меншік құқығын, шаруашылық жүргізу құқығын немесе оралымды басқару құқығын салық кезеңінің 1 қазанынан кейін алған жағдайда, бюджетке салық төлеу көлік құралын мемлекеттік тіркеуге дейін немесе тіркеу кезінде жүргізіледі.

Көлік құралының меншік иесі атынан меншікті сенімгерлік басқару құқығымен көлік құралын иеленуші тұлғаның көлік құралдарына салық төлеуі көлік құралы меншік иесінің осы салық кезеңі үшін салық міндеттемесін орындауы болып табылады.

Салық кезеңі

Көлік құралдары салығын есептеу мен төлеуге арналған салық кезеңі күнтізбелік жыл.

Салық есептілігі

Төлеушілер - заңды тұлғалар көлік құралдары салығы бойынша ағымдағы төлемдердің есеп-қисабын ағымдағы салық кезеңінің 5 шілдесінен кешіктірмей, сондай-ақ декларацияны есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей салық салу объектілерінің тіркелген жері бойынша салық органдарына табыс етеді.

Есептер

1 есеп. ВАЗ 21099 автомобилі жеке меншік құқығы бойынша жеке тұлғаға жатады. Шығарылған жылы 2003, двигателдің көлемі - 2300 куб. см. Транспортқа салынатын салықтың сомасын анықтандар.

2 есеп. ВАЗ 21099 автомобилі жеке меншік құқығы бойынша жеке тұлғаға жатады. Шығарылған жылы 1999, двигателдің көлемі - 2600 куб. см. Транспортқа салынатын салықтың сомасын анықтандар.

3 есеп. АҚ «Венера» меншігінде келесі көлік құралдарының түрлері бар:

- автомобиль Ford Scorpio 2001 жылы шығарылған, двигателенің көлемі 3500 куб. см;
- автомобиль ВАЗ-21073 1994 жылы шығарылған, двигателенің көлемі 1690 куб. см;
- жүк автомобиль MAN F2000, 2001 жылы шығарылған, жүк көтергіші 19 тонн;
- автобус SETRA Kaess 1988 жылы шығарылған, 48- отыратын орны;

Көлік құралдырынның салығын есептеу.

12. Қосылған құн салығы (ҚҚС)

Төлеушілер:

- Қазақстан Республикасында қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне тұрған мынадай тұлғалар:

дара кәсіпкерлер;

мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, резидент – заңды тұлғалар;

қызметін Қазақстан Республикасында филиал, өкілдік арқылы жүзеге асыратын резидент еместер;

сенімгерлікпен басқару құрылтайшыларымен не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушылармен сенімгерлікпен басқару шарттары бойынша тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді өткізу бойынша айналымды жүзеге асыратын сенімгерлікпен басқарушылар;

- Кеден одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды импорттаушы тұлғалар қосылған құн салығын төлеушілер болып табылады.

Салық салу объектілері:

- салық салынатын айналым;
- салық салынатын импорт қосылған құн салығы салынатын объектілер болып табылады.
- Салық салынатын айналымды айқындау:
- салық салынбайтын айналымды қоспағанда, Қазақстан Республикасында тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді өткізу бойынша;
- Қазақстан Республикасында қосылған құн салығын төлеуші болып табылмайтын және қызметін филиал, өкілдік арқылы жүзеге асырмайтын резидент еместен жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сатып алу бойынша

қосылған құн салығын төлеуші жасайтын айналым салық салынатын айналым болып табылады.

Салық салынатын импорттың айқындамасы

Кеден одағының кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес декларациялануға жататын, кеден одағының аумағына әкелінетін немесе әкелінген тауарлар салық салынатын импорт болып табылады.

Бюджет жарнасына жатқызылуға тиіс салық сомасын анықтау кезінде, тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді алушының негізгі құралдарды, материалдық емес және биологиялық активтерді, жылжымайтын мүлікке инвестицияларды қоса алғанда, алынған тауарлар, жұмыстар мен қызмет көрсетулер салық салынатын айналым мақсатында пайдаланылса немесе пайдаланылатын болса, сондай-ақ, егер мынадай шарттар орындалса:

- тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді алушы қосылған құн салығын төлеуші болып табылса;

- шот-фактура жазылған күні қосылған құн салығын төлеуші болып табылатын өнім беруші Қазақстан Республикасының аумағында өткізілген тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің шот-фактурасын;

- тауарлар импорты жағдайында қосылған құн салығы бюджетке төленген және кедендік рәсімінің шарттарына сәйкес қайтаруға жатпайтын болса;

- қосылған құн салығын төлеу жөніндегі салық міндеттемесі орындалған болса.

Салық салынатын айналым бойынша бюджетке жарна ретінде қосылған құн салығының сомасы салық салынатын айналым бойынша есептеп шығарылған қосылған құн салығының сомасы есепке жатқызылған салық сомасы арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Қосылған құн салығының ставкасы 12 процентті құрайды және салық салынатын айналым мен салық салынатын импорттың мөлшеріне қолданылады.

Күнтізбелік тоқсан қосылған құн салығы бойынша салық кезеңі болып табылады.

Қосылған құн салығын төлеуші бюджетке жататын жарнаға салықты орналасқан жері бойынша есепті салық кезеңінен кейінгі екінші айдың 25-нен кешіктірмей әрбір салық кезеңі үшін төлеуге міндетті.

Импортталатын тауарлар бойынша қосылған құн салығы Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында кеден төлемдерін төлеу үшін айқындалатын күні төленеді.

Қосылған құн салықты төлеушілер және салық салу объектілер

Қосылған құн салығы дегеніміз тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өндіру және олардың айналысы процесінде қосылған, оларды өткізу бойынша салық салынатын айналым құнының бір бөлігін бюджетке аудару, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағындағы тауарлар импорты кезіндегі аударым.

Салық салынатын айналым бойынша бюджетке төленуге тиісті қосылған құн салығы сатылған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) үшін есептелген қосылған құн салығының сомасы мен алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) үшін төленуге тиісті қосылған құн салығының сомасы арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Қазақстан Республикасында қосылған құн салығы бойынша есепке тұрған мынадай тұлғалар қосылған құн салығын төлеушілер болып табылады:

1) Қазақстан Республикасында қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне тұрған мынадай тұлғалар:

- дара кәсіпкерлер;

- мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, резидент – заңды тұлғалар;

- қызметін Қазақстан Республикасында филиал, өкілдік арқылы жүзеге асыратын резидент еместер;

- сенімгерлікпен басқару құрылтайшыларымен не сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда пайда алушылармен сенімгерлікпен басқару шарттары бойынша тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді өткізу бойынша айналымды жүзеге асыратын сенімгерлікпен басқарушылар;

2) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды импорттаушы тұлғалар.

Қосылған құн салығының негізгі салық салу объектілері:

1) салық салынатын айналым;

2) салық салынатын импорт.

Салық салынатын айналым және салық салынатын импорт

Салық салынатын айналым мөлшерін түзету

Өткізілген тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) құны қандай да бір өзгеріске түскен жағдайда, салық салынатын айналым мөлшері тиісті түрде түзетіледі.

Салық төлеушінің салық салынатын айналым мөлшерін түзету:

1) тауарлар толық немесе ішінара қайтарылған;

2) мәміленің шарттары өзгерген;

3) өткізілген тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) үшін баға, өтем өзгерген;

4) өткізілген тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) үшін теңгемен төлеу кезінде құнының айырмасын алған.

5**)** айналымға енгізілген ыдыстарды қайтарған жағдайларда жүргізіледі.

Салық салу айналымының мөлшерін түзету қосымша шот-фактураның немесе осы аталған жағдайлардың болуын растайтын басқа да құжаттардың негізінде жүргізіледі.

Салық салынатын импорт мөлшеріне Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес белгіленетін импортталатын тауарлардың кедендік құны, сондай-ақ қосылған құн салығын қоспағанда, Қазақстан Республикасына тауарлар импорты кезіндегі салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомалары енгізіледі.

Қазақстан Республикасында қосылған құн салығын төлеуші болып

табылмайтын резидент еместен жұмыстар, қызмет көрсетулер алу кезінде салық салынатын айналым

Егер Қазақстан Республикасында қосылған құн салығын төлеуші болып табылмайтын резидент емес ұсынған жұмыстарды, қызмет көрсетулерді өткізу орны Қазақстан Республикасы болса, олар жұмыстарды, қызмет көрсетулерді алатын Қазақстан Республикасы салық төлеушісінің айналымы болып табылады және оларға Салық кодексіне сәйкес қосылған құн салығы салынуға тиіс. Жұмыстарды, қызмет көрсетулерді алушының салық салынатын айналымының мөлшері осы баптың мақсаттары үшін, оған Қазақстан Республикасындағы көздерден төленген табыстың төлем көзінен ұсталуға тиіс салық сомасы ескеріле отырып, резидент емеске төленуге тиіс сома негізге алына отырып анықталады. Төленуге тиіс қосылған құн салығының сомасы 12 пайыздық ставканы салық салынатын айналым мөлшеріне қолдану арқылы анықталады. Алынған жұмыстар, қызмет көрсетулер үшін төленетін төлем шетел валютасымен жүргізілген жағдайда салық салынатын айналым жасау күні валюта алмастырудың нарықтық бағамы бойынша теңгемен есептеледі.

Есептелген қосылған құн салығының сомасы салық кезеңінен кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей қосылған құн салығы бойынша декларация табыс етілетін мерзімнен кешіктірілмей төленеді. Қосылған құн салығының төленгенін растайтын төлем құжаты салық сомасын есепке жатқызуға құқық береді.

Қосылған құн салығы бойынша есепке қоюға қойылатын талаптар

Кез келген (он екі айдан аспайтын) кезеңнің қорытындысы бойынша тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізу бойынша айналымның мөлшері белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 15000 еселенген өткізу бойынша ең төменгі айналымнан асатын болса, жеке кәсіпкерлер, заңды тұлғалар, қызметін Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент еместер кез-келген кезең (он екі айлық кезеңнен аспайтын) аяқталған күннен бастап он бес күнтізбелік күннен кешіктірмей қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы салық органына өтініш беруге міндетті.

Шаруа қожалығына арналған арнаулы салық режимінде бюджетпен есеп айырысуды жүзеге асыратын салық төлеуші, өткізу бойынша айналым мөлшерін анықтау кезінде осы арнаулы салық режиміне кіретін қызметті жүзеге асырудан түскен өткізу бойынша айналымды есепке алмауына болады.

Заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелері болған жағдайда, өткізу бойынша айналым көлемі осы тұлғаның барлық құрылымдық бөлімшелерінің өткізу бойынша айналымдары ескеріле отырып айқындалады.

Өткізу бойынша айналымның ең төмен деңгейі салық кезеңнің соңғы айына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 15000 (2006 жылы 1 қаңтардан бастап) еселенген шамасын құрайды.

Қосылған құн салығы бойынша есепке қойылатын орын

Қосылған құн салығы бойынша есепке қою салық төлеуші ретінде мемлекеттік тіркеу орны бойынша жүзеге асырылады. Заңды тұлға арнайы экономикалық аймақтың аумағында объектілер салу жөніндегі қызметті жүзеге асырған жағдайда, ондай заңды тұлғаны не оның құрылымдық бөлімшесін

қосылған құн салығы бойынша есепке қоюды арнайы экономикалық аймақ аумағындағы салық органы жүзеге асырады. Егер осы аталған заңды тұлға өзін қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы өтініш бермесе, оның арнайы экономикалық аймақтың аумағында объектілер салу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі аталған заңды тұлғаның өтінішінсіз қосылған құн салығын дербес төлеуші деп қарастырылады.

Қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәлік

Қосылған құн салығы бойынша есепке қойған кезде салық органы тұлғаға оның қосылған құн салығын төлеуші ретінде есепке қойылғаны туралы куәлік беруге міндетті, онда:

1) тұлғаның атауы және оның деректемелері;

2) салық төлеушіге берілетін салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

3) тұлға қосылған құн салығын төлеуші болған күн көрсетіледі.

Қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәліктің бланкісі қатаң есеп беру бланкісі болып табылады және салық төлеушіге ақша төлетпей беріледі. Қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәліктің нысаны мен оны беру тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді. Қосылған құн салығы бойынша есепке қойылғаны жөніндегі куәлік қосылған құн салығын төлеушіде сақталады. Қосылған құн салығы бойынша есептен шығарылған жағдайда куәлік салық органына қайтарылады. Қосылған құн салығын төлеуші заңды тұлғаның атауы өзгерген жағдайда, оның қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәлігі ауыстырылады.

Қосылған құн салығы бойынша есептен шығару

Егер қосылған құн салығын төлеушінің соңғы он екі айлық кезеңдегі салық салынатын айналым мөлшері салық салынатын ең төмен айналым мөлшерінен аспаса, ол тіркелген жеріндегі салық органына өзін қосылған құн салығы бойынша есептен шығару туралы өтініш беруге құқылы. Қосылған құн салығын төлеуші мұндай құқықты өзін қосылған құн салығы бойынша есепке қойған кезден бастап, кем дегенде екі жыл өткеннен кейін пайдалана алады. Егер қосылған құн салығын төлеуші болып табылатын тұлға салық салынатын айналымдарға байланысты қызметін тоқтатқан жағдайда, мұндай тұлға қызметі тоқтатылған салық кезеңінен кейінгі алты айдың аяқталуынан кешіктірмей, өзін қосылған құн салығы бойынша есептен шығару туралы өтініш беруге міндетті. Салық органы қосылған құн салығын төлеуші болып табылатын әрекетсіз заңды тұлғаны тапқан жағдайда, қосылған құн салығы бойынша есептен шығаруды уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен салық органы жүргізеді. Қосылған құн салығын төлеуші болып табылатын заңды тұлға таратылған жағдайда, мұндай тұлға Салық төлеушілердің мемлекеттік тізілімінен алып тасталған күннен бастап қосылған құн салығы бойынша есептен шығарылуға тиіс.

11.2 Қосылған құн салығының ставкалары. Нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналым

Қосылған құн салығының ставкалары

1992 жылы қосылған құнға салынатын салықты төлеу мемлекеттердің – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мүшелерінің территориясында қолданылатын бірыңғай нарық бойынша 28 пайыз мөлшерінде жүргізілген.

1995 жылы 24 сәуірдегі «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес қосылған құн салығының ставкасы:

- салық салынатын айналым мөлшерінен 20 пайыз;
- нөлдік ставка бойынша;
- салық салынатын импорт мөлшерінен 20 пайыз.

Қазақстан Республикасының 1999 жылы 16 шілдеде ғ440-1 заңына сәйкес қосылған құн салығының ставкасы:

1. Салық салынатын айналым мөлшерінен 20 пайыз;

2. Тауарлар экспортына; халықаралық тасымалдарға; тоқыма, тігін, былғары аяқ киім өнеркәсібі салаларының өнімдеріне; тазартылған бағалы металдар – алтын мен платинаға нөлдік ставка бойынша салық салынады;

Салық кодексі қабылданған кезде қосылған құн салығы ставкасы 16 пайыз еді.

2004 жылдың 1 қаңтарынан бастап қосылған құн салығы ставкасы 15 пайызға төмендетілді.

Сонымен бүгінгі таңда қосылған құн салығының ставкалары (2009ж):

- бірінші, салық салынатын айналым мөлшерінен 12 пайыз;
- екінші, нөлдік ставка бойынша;
- үшінші, салық салынатын импорт мөлшерінен 12 пайыз.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев 2006 жылы 1 наурызда Халыққа арнаған «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» Жолдауында «2007 жылдан бастап қосылған құн салығы ставкасын 1 пайызға, ал 2008-2009 жылдары қосымша тағыда 1-2 пайызға азайту керектігін» атап өтті.

Нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар

Нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдаға жататындар:

1. Тауарлар экспорты

Түсті және қара металдар сынығының экспортын қоспағанда, экспортқа тауарлар өткізу бойынша айналым.

Тауарлар экспорты дегеніміз Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тауарлар әкету.

2. Халықаралық тасымалдарға салық салу

Халықаралық тасымалдар бойынша мынадай қызмет көрсетуді іске асыру жөніндегі айналымға:

1) Қазақстан Республикасының аумағынан экспортталатын және Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарларды, соның ішінде поштаны тасымалдауға;

2) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзит жүктерін тасымалдауға;

3) халықаралық қатынаста жолаушылар мен жолжүктерін тасымалдауға нөлдік ставкамен салық салынады.

Шот-фактура. Қосылған құн салығын есептеу тәртібі. Салық кезеңін анықтау тәртібі, салық декларациясы

Қосылған құн салығын есептеу және төлеу тәртібі

Шот-фактура

Шот-фактура барлық қосылған құн салығын төлеушілер үшін міндетті құжат болып табылады. Қосылған құн салығы салынатын тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) өткізуді жүзеге асыратын қосылған құн салығын төлеуші аталған тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) алушы тұлғаға, қосылған құн салығы көрсетілген шот-фактураны беруге міндетті.

Қосылған құн салығын есепке жатқызу үшін негіздеме болып табылатын шот-фактурада:

1) шот-фактураның реттік нөмірі мен толтырылған күні;

2) тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) беруші мен алушының тегі, аты, әкесінің аты не толық атауы, мекен-жайы және тіркеу нөмірі, сондай-ақ өнім берушінің қосылған құн салығы бойынша есепке қойылғаны туралы куәліктің нөмірі;

3) өткізілетін тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) атауы;

4) салық салынатын айналымның мөлшері;

5) қосылған құн салығының ставкасы;

6) қосылған құн салығының сомасы;

7) қосылған құн салығы ескерілген тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) құны көрсетілуге тиіс.

Егер осында өзгеше көзделмесе, шот-фактура өткізу бойынша айналым жасалған күннен кешіктірілмей жазылады және берушінің басшысы мен бас бухгалтерінің, не осыған уәкілетті өзге де лауазымды адамдардың қолымен куәландырылады. Қосылған құн салығы салынатын электр энергиясын, су, газ сатуды, байланыс қызметтерін, коммуналдық қызмет көрсетулерді, темір жол тасымалдарын, көлік-экспедиторлық қызмет көрсетуді, банк операцияларын жүзеге асыратын салық төлеушілер салық кезеңінің қорытындысы бойынша шот-фактуралар жазып беруге құқылы. Салық салынатын айналымның мөлшері шот-фактурада тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) әрбір атауы бойынша бөлек көрсетіледі. Егер мұндай шот-фактураға өткізілетін тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) тізбесі көрсетілген құжат қоса тіркелген болса, айналымның жалпы мөлшерін көрсетуге жол беріледі. Бұл ретте шот-фактурада құжаттың нөмірі мен күніне, сондай-ақ оның атауына сілтеме болуға тиіс. Лизинг беруші өзі беретін лизинг нысанасына жазатын шот-фактурада салық салынатын айналым мөлшері оған сыйақы және қосылған құн салығы сомалары енгізілместен қаржы лизингінің шартына сәйкес барлық лизинг төлемдерінің жалпы сомасы ескеріле отырып көрсетіледі.

Жүкті жөнелтушілер немесе алушылар үшін жүктерді тасымалдауға шот-фактураның жазбасын, егер аталған тасымалдау көлік экспедициясы шартына сәйкес жүргізілсе, экспедитор жүзеге асырады. Мұндай шот-фактураларда салық салынатын айналымның мөлшері тасымалдаушылар және басқа да

жеткізушілер көлік экспедициясы шартының шеңберінде орындаған және көрсеткен жұмыстар мен қызметтер құны ескеріле отырып көрсетіледі.

Осыған сәйкес шот-фактуралардың жазбасы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруші заңды тұлғаларға арналған арнаулы салық режимін қолданатын қосылған құн салығын төлеушілер уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен және нысан бойынша шот-фактуралар жазады.

Қосылған құн салығын төлеушілер табыс бойынша есептелген салық сомасынан аспайтын жалпы сомаға қосылған құн салығын қоса отырып шот-фактуралар жазады.

Сыртқы сауда келісім-шарттары бойынша тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) өткізу жағдайларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) құны және қосылған құн салығының сомасы шот-фактурада Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен көрсетіледі.

Шот-фактураны ресімдеу мынадай жағдайларда талап етілмейді:

1) бухгалтерлік есеп жүргізуде негіздеме болатын бастапқы құжаттарды қолдана отырып, банктер арқылы халыққа көрсетілген коммуналдық қызметтер, байланыс қызметтері үшін есеп айырысуды жүзеге асырғанда;

2) жолаушыларды тасымалдау жол билеттерімен ресімдегенде;

3) қолма-қол есеп айырысу арқылы халыққа тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізген жағдайда, сатып алушыға бақылау-касса машинасының чегін берген кезде;

4) қосылған құн салығынан босатылатын тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) табыс еткен кезде.

Салық салынатын айналым түзетілген кезде шот-фактуралар жасау

Салық салынатын айналым мөлшерін түзету кезінде қосымша шот-фактура жасалады, онда:

1) қосымша шот-фактураның рет нөмірі мен жасалған күні;

2) қосымша шот-фактурасы жасалатын шот-фактураның рет нөмірі мен жасалған күні;

3) тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) беруші мен алушының атауы, мекен-жайы және тіркеу нөмірі;

4) қосылған құн салығын есепке алмай, салық салынатын айналымды түзету мөлшері;

5) қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

Қосымша шот-фактураны тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) беруші жасайды және аталған тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) алушы растайды.

Салықты есептеу және төлеу тәртібі

Салық салынатын айналым бойынша бюджетке төленуге тиіс қосылған құн салығының сомасы салық салынатын айналым бойынша есептелген қосылған құн салығының сомасы мен есепке жатқызылған салық сомасы арасындағы айырма ретінде анықталады.

Салық кезеңі

Төменде көзделген жағдайларды қоспағанда, қосылған құн салығы бойынша *салық кезеңі - күнтізбелік ай* болып табылады.

Егер алдыңғы тоқсан үшін бюджетке төленуге тиіс қосылған құн салығының орташа айлық сомасы 1000 айлық есептік көрсеткіштен кем болса, онда *салық кезеңі - тоқсан* болып табылады.

Салық декларациясы

Қосылған құн салығын төлеуші әрбір салық кезеңі үшін қосылған құн салығы бойынша декларацияны салық кезеңінен кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей табыс етуге міндетті.

Декларациямен бірге салық кезеңі ішінде (есепті тоқсан ішінде) сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша шот-фактуралардың тізілімі табыс етіледі. Шот-фактуралар тізілімінің нысанын уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

Қосылған құн салығын төлеу мерзімдері

Қосылған құн салығын төлеуші қосылған құн салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін мерзімі белгіленген күнге дейін немесе сол күні бюджетке әрбір салық кезеңі үшін салық төлеуге міндетті.

Қосылған құнға салынатын салықты 1954 жылы М.Лоре (Франция) енгізіп, айналымға салынатын салықты алмастыруға қабілетті салық ретінде бейнеледі. Бұл салық Франция жерінде 1968 жылы толығымен енгізіліп болды. Кейін келе Европалық Одаққа мүше болғысы келетін мемлекетке қойылатын алғы шарттардың бірі болып саналды.

Қосылған құнға салынатын салықты есептеу барысында негізінен 4 әдіс қолданылады:

- тікелей аддитивтік немесе бухгалтерлік;
- жанама аддитивтік;
- тікелей шегерім жасау әдісі;
- жанама шегерім жасау әдісі немесе шоттар бойынша есепке жатқызу.

Аддитивті – қосу жолымен алынатын шама.

Бірінші және *екінші әдістер* балансқа негізделген, анығын айтқанда ол пайданы анықтау негізінде есептеледі. Бірақ компанияның балансында жасалған мәмілелер жалпылама түрде көрсетіліп, тауарлар түрлері бойынша жіктелмейді.

Үшінші әдіс өндірілген өнім құнынан жұмсалған шығындарды шегеріп тастағаннан кейін ғана салық сомасы есептеледі. Бұл үш әдісті біртұтас салық ставкасын қолданған жағдайда ғана пайдаланады.

Ал тәжірибеде негізінен *төртінші әдіс* кеңінен тараған. Бұл әдіс арқылы дифференцияланған салық ставкасы мәміле жасалған сәтте бірден қолданылады, сондай-ақ шот-фактураны толтыру арқылы жасалған мәміле туралы, компанияның салық міндеттемелері туралы ақпар алып отыруға мүмкіндік туады.

Көптеген елдерде қосылған құнға салынатын салықтан экспорттық операциялар, азық-түлік тауарлары, дәрі-дәрмек, кітап, газет-журнал өнімдері, пошта, сақтандыру, жолаушы тасымалдау қызметтері босатылады.

Тұтынуға салынатын салықтардың ішіндегі ең күрделісі – 1992 жылы енгізілген *қосылған құн салығы*. Қазіргі кезде қосылған құн салығы Қазақстан Республикасының бюджет кірістерінің ең негізгі көздерінің қатарынан саналады. Мемлекеттік бюджет кірістерінің 27.1 пайызын құрайды.

Салық төлеуші мемлекетке осы салықты төлеу нәтижесінде шеккен шығысының орнын бағаны көтеру жолымен толықтырады және салық төлеуді сатып алушыға аударады.

13. Акциз салығы

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген және Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын акциз салынады.

Төлеушілер:

- Қазақстан Республикасының аумағында акцизделетін тауарлар шығаратын;
- акцизделген тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына импорттайтын;
- Қазақстан Республикасының аумағында бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын көтерме, бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын;
- егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында аталған тауарлар бойынша бұрын акциз төленбеген болса, иесіз, мұрагерлік құқығы бойынша мемлекетке өткен және Қазақстан Республикасының аумағында мемлекет меншігіне өтеусіз берілген акцизделетін тауарларды өткізуді жүзеге асыратын;
- егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында аталған тауарлар бойынша бұрын акциз төленбесе, акцизделетін тауарлардың конкурстық массасын өткізуді жүзеге асыратын;
- акцизделетін тауарларды жинауды (жинақтауды) жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар акциз төлеушілер болып табылады.

Мыналар акцизделетін тауарлар болып табылады:

- спирттің барлық түрлері;
- алкоголь өнімі;
- темекі бұйымдары;
- бензин (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отыны;
- микроавтобустарды, автобустар мен троллейбустарды қоспағанда, 10 немесе одан да көп адам тасымалдауға арналған, двигателінің көлемі 3000 текше сантиметрден асатын моторлы көлік құралдары;

двигателінің көлемі 3000 текше сантиметрден асатын, адамдар тасымалдауға арналған жеңіл автомобильдер және өзге де моторлы көлік құралдары (арнайы мүгедектерге арналған, қолмен басқарылатын немесе қолмен басқару адаптері бар автомобильдерден басқа);

двигателінің көлемі 3000 текше сантиметрден асатын, жүкке арналған платформасы және жүк бөлігінен қатты стационарлық қабырғамен бөлінген

жүргізуші кабинасы бар жеңіл автомобиль шассиіндегі моторлы көлік құралдары (арнайы мүгедектерге арналған, қолмен басқарылатын немесе қолмен басқару адаптері бар автомобильдерден басқа);

- шикі мұнай, газ конденсаты.

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дәрілік зат ретінде тіркелген, құрамында спирт бар медициналық мақсаттағы өнім.

Акциз ставкалары заттай нысандағы өлшем бірлігіне абсолюттік сомада (тұрлаулы) белгіленеді.

Бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) бөлшек саудада өткізген кезде көлемнің өлшем бірлігі литр болып табылса, литрден тоннаға көшіру мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$M = \frac{V \times 0{,}730}{1000}, \qquad (1)$$

мұнда М – өткізілген бензиннің (авиациялық бензинді қоспағанда) тоннадағы көлемі;

V – өткізілген бензиннің (авиациялық бензинді қоспағанда) литрдегі көлемі;

0,730 – бензиннің (авиациялық бензинді қоспағанда) барлық түрлері үшін тығыздық көрсеткіші, кг/литр.

Дизель отынын бөлшек саудада өткізген кезде көлемінің өлшем бірлігі литр болып табылса, литрден тоннаға көшіру мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$M = \frac{V \times 0{,}769}{1000}, \qquad (2)$$

мұнда М – өткізілген дизель отынының тоннадағы көлемі;

V – өткізілген дизель отынының литрдегі көлемі;

0,769 – дизель отыны үшін тығыздық көрсеткіші, кг/литр.

Акцизге қатысты күнтізбелік ай салық кезеңі болып табылады.

Әрбір салық кезеңі аяқталған соң акциз төлеушілер өзінің орналасқан жері бойынша салық органдарына акциз жөніндегі декларацияны есепті салық кезеңінен кейінгі екінші айдың 15-нен кешіктірмей табыс етуге міндетті.

Акцизді төлеушілер.Акцизделетін тауарлар

Жанама салықтардың бірі – акциз салығы.

Акциздер – бағаға қосылатын және сатып алушы төлейтін тауарларға салынатын салық.

Акциз бюджет кірістерінің 2.7 пайызын құрайды.

Акциздерді өзінің айырмашылықты ерекшеліктеріне қарай монопольды түрде жоғары бағалары мен тұрақты сұранымы болатын тауарларды өндірушілер төлейді.

Акциз әмбебаптық және жеке-дара акциздер деп бөлінеді. *Әмбебаптық акциздер* тауарлар мен қызметтердің құнына пайызбен жалпы айналымнан өндіріледі. Оларға сатудан алынатын, айналымдардан алынатын салықтарды жатқызуға болады. *Ал жеке-дара акциздер* айтарлықтай көп болуы мүмкін. Мысалы, Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген және Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарлардың тізбесі және акцизделетін қызмет түрлері.

Акциз салығы:

- біріншіден, Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген және Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарларға;
- екіншіден, қызмет түрлеріне салынады.

Акциз салығын төлеушілер:

1) Қазақстан Республикасының аумағында акцизделетін тауарлар шығаратын жеке және заңды тұлғалар;

2) акцизделген тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағына импорттайтын жеке және заңды тұлғалар;

3) Қазақстан Республикасының аумағында бензиннің (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын көтерме, бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар;

4) егер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бұрын Қазақстан Республикасының аумағында аталған тауарлар бойынша акциз төленбесе, тәркіленген, иесі жоқ акцизделетін тауарларды, сондай-ақ мұрагерлік құқығы бойынша мемлекетке өткен және Қазақстан Республикасының аумағында мемлекет меншігіне өтеусіз берілген акцизделетін тауарларды өткізуді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар;

5) Қазақстан Республикасының аумағында қызметтің акцизделетін түрлерін жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар;

6) резидент емес заңды тұлғалар және олардың құрылымдық бөлімшелері.

Акцизделетін тауарлардың саны мен көлемі жыл өткен сайын ықшамдалып келеді.

Акцизделетін тауарлар тізбесі:

1) спирттің барлық түрлері;

2) алкоголь өнімі;

3) құрамындағы этил спиртінің көлемі 0,5 процентten аспайтын сыра;

4) темекі бұйымдары;

5) бензин (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отыны;

6) жеңіл автомобильдер (арнайы мүгедектерге арналған, қолмен басқарылатын немесе қолмен басқару адаптері бар автомобильдерден басқа);

7) шикі мұнай, газ конденсаты акцизделетін тауарлар болып табылады.

Қызметтің акцизделетін түрлеріне:

1) лотереяны ұйымдастыру мен өткізуді жатқызуға болады.

Мыналар салық салу объектісі болып табылады:

1) акциз төлеушінің өзі жасап шығарған, өндірген және ыдысқа құйылған акцизделетін тауарлармен жүзеге асыратын мынадай операциялары:

- акцизделетін тауарларды өткізуі;
- акцизделетін тауарларды алыс-беріс негізінде ұқсатуға беруі;
- алыс-беріс, оның ішінде акцизделетін шикізат пен материалдарды ұқсату өнімдері болып табылатын акцизделетін тауарларды беруі;
- жарғылық капиталға жарнасы;
- заттай ақы төлеген кезде акцизделетін тауарларды пайдалануы;
- тауар өндірушінің акцизделетін тауарларды өзінің құрылымдық бөлімшелеріне тиеп жөнелтуі;
- тауар өндірушілердің жасап шығарған, өндірген және ыдысқа құйылған тауарларды өздерінің өндірістік мұқтаждарына пайдалануы;

2) бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын көтерме саудада өткізуі;

3) бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын бөлшек саудада өткізуі;

4) тәркіленген немесе иесі жоқ, мұрагерлік құқығы бойынша мемлекетке өткен және мемлекет меншігіне өтеусіз берілген акцизделген тауарларды өткізуі;

5) ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асыруы;

6) лотереяларды ұйымдастыруы және өткізуі;

7) акцизделетін тауарлардың, акциздік маркалардың бүлінуі, жоғалуы.

Мыналарға акциз салынбайды:

1) белгіленген талаптарға сай келсе, акцизделетін тауарлардың экспортына;

2) этил спиртін өндіруді және оның айналымын бақылау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілейтін квоталар шегіндегі этил спирті:

- тауар өндірушіде аталған өнімді өндіру құқығына Қазақстан Республикасының лицензиясы бар болған жағдайда емдік және фармацевтік дәрі-дәрмек әзірлеу үшін;
- мемлекеттік медицина мекемелеріне босатылса.

Операция жасалған күн болып саналады:

- барлық жағдайларда акцизделетін тауарларды алушыға тиеп жөнелтілген немесе берілген күні;
- тауар өндіруші өзі өндірген акцизделетін тауарларды өзінің құрылымдық бөлімшелер желісі арқылы өткізген жағдайда тауарларды құрылымдық бөлімшелерге тиеп жөнелткен күні;
- акцизделетін алыс-беріс тауарларын беру кезінде аталған тауарларды мердігерге (ұқсатушыға) берген күн;
- алыс-беріс тауарларынан акцизделетін тауарлар әзірленген кезде әзірленген акцизделетін тауарларды тапсырыс берушіге немесе тапсырыс беруші көрсеткен тұлғаға берген күні;
- акцизделетін тауарларды өздерінің өндірістік қажеттеріне пайдаланған кезде аталған тауарларды осындай пайдалануға берген күні;
- лотерея ұйымдастырған және өткізген жағдайда салық органында лотерея билеттерін сатуға шығаруды тіркеген күні;

- акцизделетін өнім, акциздік маркалар бүлінген жағдайда бүлінген акцизделетін өнімді (акциздік маркаларды) есептен шығару туралы акт жасалған күн немесе оны өндірістік процесте одан әрі пайдалану туралы шешім қабылданған күні;
- акцизделетін тауарлар, акциздік маркалар жоғалған жағдайда акцизделетін тауарлар, акциз алымы маркалары жоғалған күн.

Салық базасы

Тұрлаулы акциз ставкасы белгіленген акцизделетін тауарлар бойынша салық базасы өндірілген, өткізілген заттай нысандағы акцизделетін тауарлар көлемі ретінде белгіленеді. Адвалорлық акциз ставкалары белгіленген акцизделетін тауарлар бойынша салық базасы өндіруші осы тауарды акциздер мен қосылған құн салығын енгізбей беретін бағалар бойынша анықталатын өндірілген, өткізілген акцизделетін тауарлар құны ретінде белгіленеді. Лотереяларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезіндегі салық базасы лотереяны ұйымдастырушы салық органында лотерея билеттерін сатуға шығаруды тіркеген кезде жүлде қорына жатқызылатын сома алып тасталған, оған акциз сомасы қосылмай мәлімделген түсім сомасы ретінде анықталады және шығарылым тіркелгеннен кейін ол өзгертілмеуге тиіс. Спирттің барлық түріне әр түрлі акциз ставкалары белгіленген жағдайда, салық базасы сол бір ставкамен салық салынатын операциялар бойынша жеке-жеке анықталады.

Төтенше оқиғалар салдарынан болған жағдайларды қоспағанда, өндірілген акцизделетін тауарлар бүлінген, жоғалған кезде акциз толық мөлшерде төленеді.

Осы ереже одан әрі өткізу үшін сатып алынған бензин (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отыны бүлінген, жоғалған жағдайда да қолданылады.

Лотереяларды ұйымдастыруға және өткізуге салық салу

Лотерея ұйымдастырушысының лотерея билеттерін сатуға шығаруы - лотерея бойынша салық салу объектісі болып табылады.

Лотерея ұйымдастырушы өткізуге әзірлеген лотерея билеттерінің саны *сатуға шығару* деп танылады.

Лотерея билеттерін сатуға шығарудың әрбір шығарылымы және оның ақша түріндегі көлемі лотерея билеттерін өткізу басталғанға дейін он күнтізбелік күннен кешіктірілмей салық органдарында міндетті түрде тіркелуге тиіс.

Лотерея билеттерін сатуға шығаруды тіркеу тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

Акциз ставкалары

Акциз ставкаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді және тауар құнына пайызбен (адвалорлық) және заттай нысандағы өлшем бірлігіне абсолюттік сомада (тұрлаулы) белгіленеді. Алкоголь өніміне акциздер ставкасы онда су араластырылмаған (жүз процеттік) спирттің болу көлеміне байланысты бекітіледі. Спирттің барлық түрлеріне акциз ставкалары спирттің бұдан әрі пайдаланылу мақсаттарына қарай сараланады. Алкоголь өнімдерін өндіру үшін өткізілетін спиртке акциз ставкасы алкоголь өнімдерін өндіру үшін

пайдаланбайтын адамдарға өткізілетін спиртке белгіленетін базалық ставкадан төмен белгіленуі мүмкін. Ойын бизнесі объектілеріне акциздің базалық ставкасының ең жоғары және ең төмен шектерін Қазақстан Республикасының Үкіметі бір жылға есептеп белгілейді. Жергілікті өкілді органдар ойын бизнесі объектілеріне белгіленген базалық ставкалар шегінде қызметін бір әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін бірыңғай акциз ставкасын белгілейді.

Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес жеке тұлғалар оңайлатылған тәртіппен өткізетін акцизделетін тауарларға акциз ставкалары тауар құнына пайызбен (адвалорлық) және заттай нысандағы өлшем бірлігіне абсолюттік сомада (тұрлаулы) белгіленеді және жиынтық кедендік төлем құрамына қосылуы мүмкін, ал оның мөлшері Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес айқындалады.

Кесте 13.1 - Акциз салығының ставкалары

1) акцизделетін тауарларға:

Рет №	ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН коды	Акцизделетін тауарлардың түрлері	Акциз ставкалары (өлшем бірлігі үшін теңгемен)
	2	3	4
1.	2207-ден	80 көлемдік процент немесе одан жоғары спирт концентрациясы бар денатуратталмаған этил спирті; этил спирті және кез келген концентрация дағы денатуратталған өзге де спирт түрлері (алкоголь өнімін, емдік және фармацев тикалық препараттарды өндіру үшін сатылатын, сондай-ақ белгіленген квоталар шегінде мемлекеттік медициналық мекемелерге берілетін спирттен басқа)	600 теңге/ литр
2.	2207-ден	Денатуратталған отындық этил спирті (этанол) (түссіз емес, ішкі нарықта тұтыну үшін боялған)	0,1 теңге/ литр
3.	2208-ден	80 көлемдік проценттен төмен спирт концентрациясы бар денатуратталмаған этил спирті; спирт тұнбалары және өзге де спиртті ішімдіктер (алкоголь өнімін, емдік және фармацевтикалық	100% спирт 750 теңге/ литр

		препараттарды өндіру үшін сатылатын, сондай-ақ белгіленген квоталар шегінде мемлекеттік медициналық мекемелерге берілетін спирттен басқа)	
4.	2207-ден	80 көлемдік процент немесе одан жоғары спирт концентрациясы бар денатураттал маған этил спирті; этил спирті және алкоголь өнімін өндіру үшін сатылатын кез келген концентрациядағы денатуратталған өзге де спирт түрлері	60 теңге/ литр
5.	2208-ден	80 көлемдік проценттен төмен спирт концентрациясы бар денатуратталмаған этил спирті; спирт тұнбалары және алкоголь өнімін өндіру үшін сатылатын өзге де спиртті ішімдіктер	100% спирт 75 теңге/ литр
6.	2208	Алкоголь өнімі (коньяктан, брендиден, шараптардан, шарап материалынан және сырадан басқа)	100% спирт 500 теңге/ литр
7.	2208	Коньяк, бренди (отандық өндірістің коньяк спиртінен жасалған коньяктан, брендиден басқа)	100% спирт 325 теңге/л
8	2208	Отандық өндірістің коньяк спиртінен жасалған коньяк, бренди	100% спирт 170 теңге/л
9	2204, 2205, 2206 00-ден	Шараптар	35 теңге/л
10	2204, 2205, 2206 00-ден	Шарап материалы (этил спирті мен Алкоголь өнімін өндіру үшін сатылатыннан басқа)	170 теңге/л
11	2204, 2205, 2206 00-ден	Этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру үшін сатылатын шарап материалы	20 теңге/ литр
12	2203 00	Сыра	26 теңге/ литр
13	2203 00-ден	Құрамындағы этил спиртінің көлемі 0,5 проценттен аспайтын сыра	0 теңге/ литр
14	2402-ден	Фильтрлі сигареттер	1000 теңге/ 1000 дана
15	2402-ден	Фильтрсіз сигареттер, папиростар	600 теңге/ 1000 дана

16	2402-ден	Сигариллдер	1200 теңге/ 1000 дана
17	2402-ден	Сигарлар	95 теңге/ дана
18	2403-тен	Құрамында никотині бар фармацевтикалық өнімді қоспағанда, тұтыну ыдысына қатталған және соңғы тұтынуға арналған түтіктік, шегетін, шайнайтын, соратын, иіскейтін, хорхорлы және өзге де темекі	1220 теңге/ килограмм
19	2709 00-ден	Шикі мұнай, табиғи газ конденсаты	0 теңге/ тонна
20	8702, 8703, 8704-тен	Двигателінің көлемі 3000 текше см-ден жоғары жеңіл автомобильдер	100 теңге/ текше см

2) осы Кодекстің 279-бабының 5) тармақшасында көрсетілген акцизделетін тауарларға:

Рет №		1 тоннаға арналған акциз ставкалары (теңгемен)	
		Бензин (авиациялық бензинді қоспағанда) (ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН коды 2710 11410 0- 2710 11590 0)	Дизель отыны (ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН коды 2710 19 3100-2710 19 490 0)
1	2	3	4
1	Өндірушілердің өз өндірісіндегі бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын көтерме саудада сатуы	4500	540
2	Жеке және заңды тұлғалардың бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын көтерме саудада сатуы	0	0
3	Өндірушілердің бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын бөлшек саудада сатуы, өзінің	5000	600

	өндірістік қажеттілігіне пайдалануы		
4	Жеке және заңды тұлғалардың бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын бөлшек саудада сатуы, өзінің өндірістік қажеттілігіне пайдалануы	500	60
5	Импорт	4500	540

Акциз сомасын есептеу және төлеу тәртібі. Салық кезеңі

Акциз сомасын есептеу белгіленген акциз ставкасын салық базасына қолдану арқылы жүргізіледі. Ойын бизнесі бойынша акциз сомасын есептеу салық кезеңіне белгіленген акциз ставкасын салық салынатын объектілердің санына қолдану арқылы анықталады. Салық кезеңінде салық салынатын объектілердің саны өзгерсе, енгізілген (шығып қалған) объектіге акциз сомасы толық көлемде төленеді. Салық төлеушінің белгіленген салық сомасын осында белгіленген шегерімдерге кемітуге құқығы бар.

Акцизделетін тауарларды (спирттің барлық түрін және газ конденсатымен бірге мұнайды қоспағанда) сатып алған немесе оны Қазақстан Республикасының кеден аумағына импорттаған кезде, егер аталған тауарлар бұдан әрі акцизделетін тауарлар өндіру үшін негізгі шикізат ретінде пайдаланылған болса, Қазақстан Республикасының аумағында төленген акциз сомалары шегерілуге тиіс.

Салық кезеңінде акцизделетін тауарлар дайындауға нақты пайдаланылған акцизделетін шикізат көлемі негізге алынып анықталған акциз сомасына шегерім жасалады.

Осы ережелер акцизделетін алыс-беріс шикізаты мен материалдарынан дайындалған акцизделетін тауарларды беру кезінде де, акцизделетін алыс-беріс шикізаты мен материалдарының меншік иесі акциздің төленгенін растаған жағдайда қолданылады.

Егер осында өзгеше көзделмесе, акцизделетін тауарларға акциз:

1) салық кезеңінің алғашқы он күні ішінде жасалған операциялар бойынша айдың он үшінші күнінен;

2) салық кезеңінің екінші он күні ішінде жасалған операциялар бойынша айдың жиырма үшінші күнінен;

3) салық кезеңінің қалған күндерінде жасалған операциялар бойынша есепті айдан кейінгі айдың үшінші күнінен кешіктірілмей бюджетке аударылуға тиіс.

Алыс-беріс шикізаты мен материалдарынан өндірілген акцизделетін тауарлар бойынша акциз тапсырыс берушіге немесе тапсырыс беруші көрсеткен тұлғаға өнім берілген күні төленеді.

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген газ конденсатын қоса алғанда шикі мұнайды өнеркәсіптік ұқсатуға берген кезде акциз ол берілген күні төленеді.

Өз өндірісінің акциз салынуға тиісті шикізатынан акцизделетін тауарлар өндірген кезде осы шикізатқа акцизделетін дайын тауарлар бойынша акциз төлеуге белгіленген мерзімде акциз төленеді.

Лотерея ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асырудан түскен акциз жүзеге асырылатын лотерея билеттерін сатуға шығару тіркелген күнге дейін немесе тіркелген күні төленеді.

Акциз төлеу акциз төлеушінің тіркелген жері бойынша жүргізіледі.

Акцизге қатысты күнтізбелік ай - салық кезеңі болып табылады.

Есептер

1 есеп. Салыққа белгілі келесі айғақтар ұстаның серіктестігі, (ҚҚС барлық тиісті цифрлар есепке алусыз) ҚҚС бойынша төлеуші ретінде тіркеулі Қазақстан республикасының резиденті үшін мерзім овый:

- коммуналдық қызметтегі төлеулері 75 000 теңгелерді құрады;
- 2 500 000 теңге қызмет қолданылатын материалдарда жабдықтаушыларға болды;
- қызметкерлердің еңбекақысы бойынша шығындар 750 000 теңгелерді құрады;
- 25 000 000 теңге сәуірде клиент тиеп қойылған тауарларда алынды;
- 17 000 000 теңге құнның тауарлары Қазақстан республикасына клиенттерге тиеп қойған, дегенмен оларға тек қана 12 000 000 теңге мамырда алынды;
- экспортқа 2 000 000 теңгенің өнімі тиеп қойған;
- клиенттерге жарнамалық науқан ретінде біреуге 230 теңгенің құнның 750 қаламдары сыйласты;
- серіктестіктер клиенттерге халықаралық тасымалдаулармен сабақтас 12 000 000 теңге сомаға қызмет көрсеткен.

Егер қызметтердің барлық жабдықтаушылары ҚҚС бойынша төлеушілермен болып табылса, пропорционал әдіске сәйкес табыңыз:

1) ҚҚС есептелген;
2) ҚҚС есепке жатқызылған;
3) ҚҚС шығындарға әкелетіні;
4) ҚҚС бюджетке төленуге тиісті

2 есеп. 20хх жылға кәсіпорын 5 000 000 теңге сомаға іске асыру бойынша айналымдарды алды.

Кәсіпорын 20 ХХ жылдағы ҚҚС бойынша есепке алуға міндетті тұрады ма? Егер иә болса, онда мерзімдер неткен онда?

4 есеп. Кәсіпорынды 20 ХХ жылда іске асыру бойынша келесі айналымдары болды

Кәсіпорын ҚҚС бойынша есепке алуға міндетті тұрады ма? Егер иә болса, онда мерзімдер неткен онда?

Қаңтар	3500000	Мамыр	6700000	Қыркүйек	5900000
Ақпан	4100000	Маусым	5000000	Қазан	7400000
наурыз	4200000	Шілде	3300000	Қараша	1800000
Сәуір	7000000	Тамыз	7100000	Желтоқсан	1200000

14. Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу

Төлеушілер

- келісімшарттар шеңберінде өндірілген шикі мұнай, газ конденсаты көлемін экспорттайтын жер қойнауын пайдаланушыларды қоспағанда, шикі мұнайды, газ конденсатын;

- көмірді экспортқа өткізетін жеке және заңды тұлғалар экспортқа рента салығын төлеушілер болып табылады.

Салық төлеуші бюджетке салықтың есептелген сомасын салық кезеңінен кейінгі екінші айдың 25-нен кешіктірмей төлеуге міндетті.

Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың шеңберінде жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізген кезде жер қойнауын пайдаланушылар осы Кодексте белгіленген барлық салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлейді.

Осы бөлім жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізген кезде жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері мен салықтарын есептеу және төлеу тәртібін, сондай-ақ өнімді бөлу туралы келісімнің (келісімшарттың) шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салық міндеттемелерін орындау ерекшеліктерін белгілейді.

Жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері мен салықтары:

1) жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдерін;

А) қол қойылатын бонусты;

Б) коммерциялық табу бонусын;

В) тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемдерді;

2) пайдалы қазбаларды өндіру салығын;

3) үстеме пайда салығын қамтиды.

Жер қойнауын пайдаланушылардың салықтары мен арнайы төлемдері

Жер қойнауын пайдаланушылар – Қазақстан Республикасының аумағында, мұнай операцияларын қоса алғанда, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жүзеге асыратын жеке және заңды тұлға.

Жер қойнауын пайдаланушылар мынадай салықтары мен арнайы төлемдерді төлейді:

1) үстеме пайда салығын;

2) жер қойнауын пайдаланушылардың арнайы төлемдерін:

а) бонустар (қол қойылатын және коммерциялық табу);

ә) роялтиді;

б) өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі;

в) қызметін өнімді бөлу туралы келісім-шарт бойынша жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемін есептеу мен төлеу тәртібі белгіленеді.

Пайдалы қазбалар өндіруді жер қойнауын пайдалануға келісім-шарт жасалғанға дейін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдаланғаны үшін республикалық бюджеттің кірісіне Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін мөлшерде роялти түрінде аударымдар жасайды.

Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу үлгілері

Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу екі үлгіге бөлінеді:

1) *бірінші үлгі* - өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушының Салық кодексінде көзделген салық пен басқа да міндетті төлемдерді төлеуін көздейді;

2) *екінші үлгі* - жер қойнауын пайдаланушының өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін төлеуін (беруін), сондай-ақ Салық кодексінде көзделген салық пен басқа да міндетті төлемдердің барлық түрлерін төлеуін көздейді, оларға:

- экспортталатын шикі мұнайға салынатын рента салығы;
- газ конденсатын қоса алғанда, шикі мұнайға салынатын акциз;
- үстеме пайда салығы;
- жер салығы;
- мүлік салығы қосылмайды.

Келісім-шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салық міндеттемелерін орындау жер қойнауын пайдаланушыны осындай міндеттемелердің пайда болған күні қолданылып жүрген салық заңдарына сәйкес, келісім-шарт шеңберінен тыс қызметті жүзеге асырғаны үшін Салық кодексінде көзделген салық міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

Өнімді бөлу туралы келісім-шарттарда белгіленген салық салу шарттары тараптардың келісімі бойынша салық заңдарының өзгеруіне байланысты түзетілуі мүмкін.

Салық заңдарындағы өзгерістер нәтижесінде жер қойнауын пайдаланушыға салық салу шарттары жақсарған жағдайда, өнімді бөлу туралы келісім-шарттарда Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін қалпына келтіру мақсатында салық салу шарттарына түзету жасалады.

Өнімді бөлу туралы келісім-шартта көзделген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жекелеген түрлерінің күші жойылған жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы осында айқындалған тәртіппен келісім-шартқа тиісті өзгерістер енгізілгенге дейін келісім-шартта белгіленген тәртіппен және мөлшерде оларды бюджетке төлеуді жалғастыра береді.

Салық сараптамасы - құзыретті орган жасаған өнімді бөлу туралы келісім-шарт жобасына, оған толықтырулар мен өзгерістерге талдау жасау мен баға беруді қамтитын, салық салу шарттарын анықтау, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жер қойнауын пайдаланушылардың

арнаулы төлемдері мен салығын белгілеу мақсатында өткізілетін міндетті сараптама.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі барлық келісім-шарттарға қол қойылғанға дейін олар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен және мерзімдерде міндетті салық сараптамасынан өткізіледі. Осы ереже бұрын жасалған келісім-шарттарға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларға да қолданылады.

Салық сараптамасының нәтижелері бойынша белгіленген салық салу шарттары өнімді бөлу туралы келісім-шарттың түпкілікті мәтініне міндетті түрде ешбір өзгертулер мен түзетулерсіз енгізіледі.

Бонус және оның түрлері

Бонустар жер қойнауын пайдаланушының тіркелген төлемдері болып табылады.

Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалануды жүргізудің жеке жағдайларын негізге ала отырып, бонустардың мынадай түрлерін төлейді:

1) қол қойылатын;

2) коммерциялық табу бонусы.

І. Қол қойылатын бонус

Қол қойылатын бонус жер қойнауын пайдаланушының келісім-шарт жасалатын аумақта жер қойнауын пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығы үшін біржолғы тіркелген төлемі болып табылады.

Қол қойылатын бонустың бастапқы мөлшерлерін пайдалы қазбалар көлемі мен кен орнының экономикалық құндылығы ескерілген есеп негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Қол қойылатын бонустың түпкілікті мөлшерін жер қойнауын пайдалануға құқық алуға өткізілген инвестициялық бағдарламалар конкурсының нәтижелері бойынша комиссия белгілейді және ол жер қойнауын пайдалану үшін берілетін кен орындарының (келісім-шарт аумақтардың) экономикалық құндылығы есепке алынып, келісім-шартта бекітіледі, бірақ бастапқы мөлшерлерден төмен болмауы керек. Қол қойылатын бонус келісім-шарт күшіне енген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей бюджетке төленеді. Жер қойнауын пайдаланушы қол қойылатын бонус бойынша декларацияны тіркелген жері бойынша салық органына төлеу мерзімі басталған айдан кейінгі айдың 15-іне дейін табыс етеді.

ІІ. Коммерциялық табу бонусы

Коммерциялық табу - келісім-шарт аумағы шегінде ашылған, өндіру үшін экономикалық жағынан тиімді пайдалы қазбалардың белгілі бір түрінің запастары.

Коммерциялық табу бонусы келісім-шарт аумағындағы әрбір коммерциялық табу үшін, оның ішінде кен орындарына қосымша барлау жүргізу барысында, бастапқы анықталған алынатын қорды арттыруға жеткізетін пайдалы қазбалардың табылғаны үшін төленеді. Пайдалы қазбалардың кен орындарына оларды кейіннен өндіруді көздемейтін барлау жүргізуге жасалған келісім-шарттар бойынша коммерциялық табу бонусы төленбейді.

Коммерциялық табу бонусының мөлшері - салық салу объектісі, есептеу базасы мен ставка негізге алына отырып белгіленеді.

Коммерциялық табу бонусының мөлшерін есептеу үшін:

1) кен орнынан алынатын пайдалы қазбалар қорының уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен осы мақсаттағы көлемі салық салу объектісі болып табылады;

2) алынатын пайдалы қазбалар қорының бекітілген көлемінің құны төлемді есептеу базасы болып табылады. Алынатын қордың құны осы пайдалы қазбаның төлем жүзеге асырылған күнгі Халықаралық (Лондон) биржада белгіленген биржалық баға бойынша есептеледі. Пайдалы қазбаларға биржалық баға белгілебеген жағдайда шығарылатын қордың құны құзіретті орган бекіткен жұмыс бағдарламасында көрсетілген өндіруге жұмсалатын жоспарлы шығындардың жоспарлы рентабелділік мөлшеріне түзетілген сомасынан айқындалады;

3) коммерциялық табу бонусы есептеу базасының 0,1 пайызы ставкасы бойынша бөлінеді.

Коммерциялық табу бонусын уәкілеттік берілген мемлекеттік орган кен орнындағы пайдалы қазбалар қорының шығарылатын көлемін бекіткен күннен бастап 90 күннен кешіктірілмей төленеді.

Коммерциялық табу бонусы жөніндегі декларацияны жер қойнауын пайдаланушы тіркелген жері бойынша салық органына төлеу мерзімі басталған айдан кейінгі айдың 15-іне дейін табыс етеді.

Роялти және оны есептеу тәртібі. Роялти төлеу тәртібі

Жер қойнауын пайдаланушы роялтиді Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін пайдалы қазбалардың әр түрі бойынша, оның сатып алушыларға өткізілгеніне (тиеп жөнелтілгеніне) немесе өз қажетіне пайдаланылғанына қарамастан, жеке төлейді.

Жер қойнауын пайдалану барлаумен және өндірумен байланысы жоқ жер асты құрылыстарын салу және пайдалану жолымен жүзеге асырылатын кезде жер қойнауын пайдаланушы роялтиді жер асты құрылыстарын салу кезінде жер қойнауынан алынатын пайдалы қазбалардың көлемі үшін, сондай-ақ мұндай құрылыстардың жер қойнауында алатын көлемі үшін төлейді.

Жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шартта белгіленген роялти, төменде көзделген жағдайларды қоспағанда, ақшалай нысанда төленеді.

Келісім-шарт бойынша қызметті жүзеге асыру барысында роялтиді ақшалай төлеу нысаны Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен құзыретті органмен қосымша келісімде белгіленген тәртіппен заттай нысанмен ауыстырылуы мүмкін.

Техногендік минералды құралымдардан пайдалы қазбалар алуды қоса алғанда, пайдалы қазбалар өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар, есепті кезеңде олардың өткізілген-өткізілмегеніне қарамастан, сондай-ақ барлаумен және өндірумен байланысы жоқ жер асты құрылыстарын салуға және пайдалануға жер қойнауын пайдалану құқығы бар тұлғалар роялти төлеушілер болып табылады.

Роялтиді төлеу тәртібі

Роялти мөлшері салық салу объектісі, есептеу базасы мен ставка негізге алына отырып айқындалады.

Пайдалы қазбалардың өндіріліп алынған көлемі немесе нақты өндірілген пайдалы қазбалардан алынған алғашқы тауарлы өнімнің көлемі *салық салу объектісі* болып табылады.

Мыналар:

1) пайдалы қазбалардың өзі:

- мұнай, табиғи газ және газ конденсаты;
- көмір және жанғыш тақтатастар;
- тауарлы кендер;
- жер асты сулары, оның ішінде бастапқы өңдеуден өткен сулар;
- слюда, керіш, құрылыс материалдары өндірісіне арналған шикізат;
- металлургияға арналған кен емес шикізат;

2) қымбат бағалы металдар, құмда, кенде, концентратта болатын металдар;

3) қара, түсті, сирек кездесетін және радиоактивті металдардың, кен-химия шикізатының концентраттары;

4) қымбат бағалы тастар, бастапқы өңдеуден өткен жарқырауық тас және пьезооптикалық шикізат;

5) басқа пайдалы қазбалар бойынша - бастапқы өңдеуден өткен минералдық шикізат алғашқы тауарлы өнім болуы мүмкін.

Жер қойнауын пайдалану барлаумен және өндірумен байланысы жоқ жер асты құрылыстарын салу және пайдалану жолымен жүзеге асырылатын кезде жер асты құрылыстарын салу кезінде жер қойнауынан алынатын пайдалы қазбалардың көлемі, сондай-ақ мұндай құрылыстардың жер қойнауында алатын көлемі *салық салу объектісі* болып табылады.

Айқындалатын пайдалы қазбалардың құны роялтиді есептеу үшін салық базасы болып алады.

Барлаумен және өндірумен байланысы жоқ жер асты құрылыстарын салу және пайдалану кезінде жоғарыда көрсетілген базадан басқа, мұндай құрылыстардың жер қойнауында алатын көлемі роялти есептеу үшін салық базасы болып табылады.

Кең таралған пайдалы қазбалар мен жер асты сулары бойынша роялтиді қоспағанда, пайдалы қазбалардың барлық түрлері бойынша роялти:

1) газ конденсатын қоса алғанда, мұнай бойынша - қызметтің күнтізбелік әрбір жылы үшін, газ конденсатын қоса алғанда, мұнайдың жинақталған өндірілімінің көлеміне байланысты айқындалған пайыз ретінде жылжымалы шкала бойынша және мынадай:

Кесте 14.1.

№	Жылдық өндіру көлемі	Ставкалар, %-пен
1.	250 000 тоннаға дейін қоса алғанда	7
2.	500 000 тоннаға дейін қоса алғанда	9
3.	1 000 000 тоннаға дейін қоса алғанда	10
4.	2 000 000 тоннаға дейін қоса алғанда	11

5.	3 000 000 тоннаға дейін қоса алғанда	12
6.	4 000 000 тоннаға дейін қоса алғанда	13
7.	5 000 000 тоннаға дейін қоса алғанда	14
8.	7 000 000 тоннаға дейін қоса алғанда	15
9.	10 000 000 тоннаға дейін қоса алғанда	17
10.	10 000 000 тоннадан жоғары	20

Егер газ тәріздес көмірсутектерді сұйық көмірсутектермен бірге жер бетіне шығару көзделген жағдайда, роялтиді есептеу мақсатында осындай газ тәріздес көмірсутектер мынадай арақатынас арқылы мұнайға ауыстырылады: газ тәріздес көмірсутектердің 1 мың текше метрі мұнайдың 0,857 тоннасына сәйкес келеді;

2) алтынды, күмісті, платинаны, басқа да қымбат бағалы металдар мен қымбат бағалы тастарды қоса алғанда, қатты пайдалы қазбалар бойынша - Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын ставкалар бойынша төленеді.

Осында белгіленген роялти ставкалары жүргізілетін өндіру түріне қарамастан, пайдалы қазбалардың барлық түріне қолданылады.

Жер қойнауына кері айдалатын газ тәріздес көмірсутектер бойынша роялти төленбейді.

Пайдалы қазбалардың құнын айқындау тәртібі

Роялтиді есептеу мақсатында, алтынды, күмісті және платинаны қоспағанда, өндірілген мұнайдың, жер асты сулары мен пайдалы қазбалардың құны өндірілген пайдалы қазбалардан алынған алғашқы тауарлы өнімнің салық кезеңіндегі орташа өлшемді өткізу бағасы негізге алына отырып, жанама салықтар мен оларды сату (тиеп жөнелту) пунктіне дейін тасымалдауға кеткен іс жүзіндегі шығыстар сомасы есепке алынбай айқындалады.

Жер қойнауын пайдаланушы салық кезеңінде өндірген алтынның, күмістің және платинаның құны Халықаралық (Лондон) биржада салық кезеңі ішінде қалыптасқан осы металдардың орташа құны негізге алына отырып есептеледі.

Алғашқы тауарлы өнім сатылмаған жағдайда, алтынды, күмісті, платинаны және кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда, өндірілген мұнайдың, жер асты сулары мен пайдалы қазбалардың құны осындай сату орын алған соңғы салық кезеңіндегі алғашқы тауарлы өнімінің орташа өлшемді өткізу бағасы негізге алына отырып айқындалады.

Алғашқы тауарлы өнім мүлде сатылмаған кезде алтынды, күмісті, платинаны және кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда, өндірілген мұнайдың, жер асты сулары мен пайдалы қазбалардың құны мұнайды, жер асты суларын өндіруге және көрсетілген пайдалы қазбаларды өндіруге салық кезеңінде іс жүзінде қалыптасқан шығындар негізге алына отырып айқындалады.

Келесі сату жағдайында жер қойнауын пайдаланушы алғашқы тауарлар өнімнің іс жүзінде сатылған бағасын негізге ала отырып, алғашқы сату орын алған салық кезеңінде есептелген роялти сомаларына түзету жүргізуге міндетті.

Кең таралған пайдалы қазбалардан алынған алғашқы тауарлы өнім сатылмаған кезде немесе оларды толығымен өз қажеттері үшін пайдаланған жағдайда, кең таралған пайдалы қазбалардың құны жер қойнауын пайдаланушының салық кезеңінде іс жүзінде қалыптасқан рентабельділік нормасына ұлғайтылған, өндіру мен бастапқы өңдеуде іс жүзінде қалыптасқан шығындар сомасы негізге алына отырып айқындалады.

Газ тәріздес көмірсутектерін одан әрі өңдеу үшін өтеусіз берген жағдайда, осындай көмірсутектерінің құны Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен салық кезеңінде іс жүзінде қалыптасқан рентабельділік нормасына ұлғайтылған, оларды өндіру мен бастапқы өңдеуге іс жүзінде қалыптасқан шығындар негізге алына отырып айқындалады. Бұл ретте, газ тәріздес көмірсутектері бойынша роялти ставкаларын айқындау үшін газ тәріздес көмірсутектердің 1 мың текше метрі мұнайдың 0,857 тоннасына сәйкес келетін ауыспалы коэффициент пайдаланылады.

Жер асты суларын шығарылатын өнімдердің және көрсетілетін қызметтердің негізгі компоненті ретінде пайдаланған жағдайда, өндірілетін жер асты суларының құны салық кезеңінде іс жүзінде қалыптасқан рентабельділік нормасына ұлғайтылған, оларды өндіру мен бастапқы өңдеуде іс жүзінде қалыптасқан шығындар негізге алына отырып айқындалады.

Кең таралған пайдалы қазбалар мен жерасты сулары бойынша роялтидің ставкалары

Кең таралған пайдалы қазбалар мен жерасты сулары бойынша роялтиді жер қойнауын пайдаланушылар, оның ішінде пайдалы қазбалардың басқа түрлерін өндіруге жасалған келісім-шарттар бойынша қызметті жүзеге асыратындар мынадай тіркелген ставкалар бойынша төлейді:

Бастапқы қайта өңдеуден (байытудан) өткен, минералды шикізатқа пайдалы қазбаларды және көмірді өндіру салығының ставкалары мынадай мөлшерде белгіленеді:

Кесте 14.2.

Рет №		Пайдалы қазбалардың атауы	Ставкалар, %-пен
1.	Қара, түсті және радиоактивті металдар кені	Хром кені (концентраты)	17,0
		марганец, темір-марганец кені (концентраты)	3,0
		темір кені (концентраты, окатыштар)	3,5
		уран (өнімді ерітінді, шахталық әдіс)	24,0
2.	Металдар	мыс	8,0
		мырыш	9,0
		қорғасын	8,50
		алтын, күміс, платина, палладий	6,0

		алюминий	0,3
		қалайы, никель	6,0
3.	Құрамында металдар бар минералды шикізат	Ванадий	4,0
		Хром, титан, магний, кобальт, вольфрам, висмут, сүрме, сынап, мышьяк және басқалар	6,0
4.	Құрамында сирек кездесетін металдар бар минералды шикізат	Ниобий, лантан, церий, цирконий,	7,7
		Галлий	1,0
5.	Құрамында шашыраңқы металдар бар минералды шикізат	Селен, телур, молибден	7,0
		Скандий, германий, рубидий, цезий, кадмий, индий, таллий, гафний, рений, осмий	6,0
6.	Құрамында радиоактивті металдар бар минералды шикізат	Радий, торий	5,0
7.	Құрамында металл еместер бар минералды шикізат	Тас көмір, қоңыр көмір, жанғыш тақтатастар	0
		фосфориттер	4,0
		бор ангидриті	3,5
		барит	4,5
		тальк	2,0
		флюориттер	3,0
		воластонит	3,5
		шунгит	2,0
		графит және басқалар	3,5
	Жарқырауық тас шикізаты:		
8.	Құрамында	Алмас, лағыл, жақұт, зүбәржат, анар,	

	қымбат бағалы тастар бар минералды шикізат	александрит, қызыл (асыл) шпинель, эвклаз, топаз, аквамарин және басқалар	12,0
9.	Құрамында жасанды тастар бар минералды шикізат	Нефрит, лазурит, радонит, чароит, малахит, авантюрин, агат, яшма, қызғылт кварц, диоптаз, халцедон және басқалар	3,5
10.	Құрамында техникалық тастар бар минералды шикізат	Алмас, корунд, агат, яшма, серпентинит, цирконий, асбест, слюда және басқалар	2,0

Кең таралған пайдалы қазбаларға, жерасты сулары мен емдік балшыққа пайдалы қазбалар өндіру салығының ставкалары мынадай мөлшерде белгіленеді:

Кесте 14.3.

Рет №	Пайдалы қазбалардың атауы	Ставка-лар, %-пен
1	2	3
1.	Металлургияға арналған кенге жатпайтын шикізат, қалыптық құм, құрамында глиноземі бар жыныстар (далалық шпат, пегматит), әктастар, доломиттер, әктасты-доломит жыныстары, тамақ өнеркәсібі үшін әктас	2,5
2.	Кенге жатпайтын басқа шикізат, отқа төзімді саз, каолин, вермикулит, ас тұзы	4,7
3.	Жергілікті құрылыс материалдары, вулкандық кеуек жыныстар (туфтар, шлактар, пемзалар), құрамында суы бар вулкандық шыны мен шыны тектес жыныстар (перлит, обсидиан), ұсақ жұмыр тас пен қиыршық тас, қиыршық тас-құм қоспасы, гипс, гипсті тас, ангидрит, гажа, саз және сазды жыныстар (баяу балқитын және тез балқитын саз, суглинка, аргиллит, алевролит, сазды тақта тастар), бор, мергель (құмды әк), мергельді-бор жыныстары, кремний жыныстары (трепел, опока, диатомит), кварцты-дала шпаты жыныстары, шой тас, шөгінді, атқылаудан кейінгі және метаморфалық жыныстар (гранит, базальт, диабаз, мәрмәр), қалыптықтан басқа құм (құрылыс, кварц, кварцты-	5,6

	дала шпаты), құм тас, табиғи пигменттер, ұлутас	
4.	Жерасты сулары, емдік балшық	10,6

Жер қойнауын пайдаланушы кең таралған пайдалы қазбалар мен жерасты сулары бойынша роялтиді, төменде көзделген жағдайларды қоспағанда, олардың тұтынушыларға сатылғанына немесе өз қажеттеріне пайдаланылғанына қарамастан төлейді.

Роялтиді:

1) жеке тұлғалар өзінің жеке меншік құқығындағы жер учаскелерінде өндіретін жерасты сулары бойынша, осы сулар сыртқа сатылмайтын және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде өндіріс пен технологиялық қажеттерге жұмсалмаған жағдайда;

2) жерасты суларын өзінің шаруашылық қажеттері үшін өндіруді жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер;

3) жер қойнауын пайдаланушылар ілеспе өндірілген жерасты суларын жер қабатының қысымын қалпында ұстау үшін кері айдағанда төлемейді.

Пайдалы қазбалардың барлық түрлері бойынша роялти салық кезеңінен кейінгі айдың 15-інен кешіктірілмей төленеді.

Төменде көзделген жағдайларды қоспағанда, *күнтізбелік ай* роялти төлеу жөніндегі *салық кезеңі* болып табылады.

Егер алдыңғы тоқсандағы роялти бойынша орташа айлық төлемдер 1000 айлық есептік көрсеткіштен кем болса, онда *салық кезеңі* - *тоқсан* болып табылады.

Жер қойнауын пайдаланушы роялти жөніндегі декларацияны тіркелген жеріндегі салық органына салық кезеңінен кейінгі айдың 10-ынан кешіктірмей табыс етеді.

Үстеме пайда салығы. Үстеме пайда салығының ставкалары

Өнімді бөлу туралы келісім-шарттар, кең таралған пайдалы қазбалар мен жерасты суларын өндіруге, сондай-ақ барлау мен өндіруге байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және пайдалануға жасалған келісім-шарттар бойынша қызметті жүзеге асыратындарды қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушылар осы келісім-шарттар пайдалы қазбалардың басқа түрлерін өндіруді көздемеген жағдайда, үстеме пайдаға салық төлеушілер бола алады.

Жер қойнауын пайдаланушының жинақталған табыстардың жинақталған шығыстарға қатынасы 1,2-ден жоғары болған салық кезеңіндегі әрбір жекелеген келісім-шарт бойынша таза табысының бір бөлігі *үстеме табысқа салық салу объектісі* болып табылады.

Жер қойнауын пайдаланушының салық кезеңіндегі әрбір жекелеген келісім-шарт бойынша таза табысының салық кезеңінің аяғына шегерімдер сомасының 20 пайызынан асатын бөлігі *салық базасы* болып саналады.

Осында *таза табыс* салық салынатын табыс және корпорациялық табыс салығы, сондай-ақ резидент еместің тұрақты мекемесінің таза табысына салынатын салық арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Салық базасы Қазақстандық кадрларды оқытуға іс жүзінде жұмсалған шығындардың және тіркелген активтер өсімінің сомасына түзетіледі, бірақ ол салық базасының он пайызынан аспайды.

Салықты есептеу тәртібі

Салық кезеңі ішінде үстеме пайда салығын есептеу айқындалған салық базасына 6.2-кестеде белгіленген ставканы түзетулер ескеріле отырып қолдану арқылы жүргізіледі.

Жинақталған табыстар жер қойнауын пайдаланушының келісім-шарт жасалған күннен бастап алған жиынтық жылдық табысының сомасы ретінде айқындалады. Жинақталған шығыстар салық базасын түзететін шығыстар сомасын қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушының келісім-шарт жасалған күннен бастап шегерімге жатқызылатын шығыстарының сомасы ретінде айқындалады.

Кесте 14.5- Үстеме пайда салығының ставкалары

№ Рет №	Жылдық жиынтық табыстың шегерімдерге қатынасының мәні	Салық базасы	Ставка, %-пен	Бюджетке төленуге жататын салық сомасы
1	2	3	4	5
1.	1,25-тен кем немесе соған тең	салынбайды	0	
22.	1,25-тен 1,3-ке дейін қоса алғанда	1,25-тен 1,3-ке дейінгі мәнге сәйкес келетін таза табыс бөлігі	10	10% ставка бойынша есептелген салық сомасы
33.	1,3-тен 1,4-ке дейін қоса алғанда	1,3-тен 1,4-ке дейінгі мәнге сәйкес келетін таза табыс бөлігі	20	10% және 20% ставкалар бойынша есептелген салық сомасы
44.	1,4-тен 1,5-ке дейін қоса алғанда	1,4-тен 1,5-ке дейінгі мәнге сәйкес келетін таза табыс бөлігі	30	10%, 20% және 30% ставкалар бойынша есептелген салық сомасы
55.	1,5-тен 1,6-ға дейін қоса алғанда	1,5-тен 1,6-ға дейінгі мәнге сәйкес келетін таза табыс бөлігі	40	10%, 20%, 30% және 40% ставкалар бойынша есептелген салық сомасы
66.	1,6-дан 1,7-ге дейін қоса алғанда	1,6-дан 1,7-ге дейінгі мәнге сәйкес келетін таза табыс бөлігі	50	10%, 20%, 30%, 40% және 50% ставкалар бойынша есептелген салық сомасы

77.	1,7-ден жоғары	1,7 мәнінен асатын таза табыс бөлігі	60	10%, 20%, 30%, 40%, 50% және 60% ставкалар бойынша есептелген салық сомасы

Есептер

1 есеп. «Нефтесинтез» ЖШС ресей федерациясына жерорта теңіздік Юралстың марканың дымды мұнайының іске асыруын жүзеге асырады. ЖШС (1 тоқсан) салық кезеңінде жүзеге асырды: сәуірде - 120 000 тонналар; мамырда - 98 000 тонналар; маусымда - 150 000 тонналар. Сәйкесінше құрады - (1 доллар - 122, 1 теңге) баррелге 39, 57 долларлары қаңтар, ақпан, наурыздағы мұнайды іске асырудың құны; (1 доллар - 149, 5 теңге) баррелге 45, 87 долларлары; (1 доллар - 151, 7 теңге) баррелге 56, 89 долларлары.

Uralstың маркасының экспорт тиеп қойылатын мұнайы үшін тонналардан баррелге дымды мұнайдың аудармасының коэффициентін 7 шақты, 28 баррелей/тонна құрайды. Жеңілдікпен әлемдік нарықтағы Uralsты сататын Brenttың маркасының жеңіл норвегиялық мұнайы үшін ұқсас коэффициент 7, 59 баррелей/тонна құрайды.

Argustың осы Petroleumдарымен арналған мұнайға әлемдік бағаның баға белгілеулері:

Ренты салығын есептеу.

2 есеп. «Көмір аксесс батыр» ашық әдісті кокстаушы көмірдің олжасын жүзеге асырады. ЖШС салық кезеңінде 8 500 000 тонналардың көлемінде, Қырғызстанға ресей федерациясына көмірдің іске асыруын жүзеге асырады - 208 000 тонналар, Румынияны - 120 000 тонналар. 1 тоннаның олжасының өзіндік құны - 850 теңге. РФға көмірдің 1 тоннасының іске асыруының құны - 3500 теңге; Қырғызстанды - 4200 теңге; Румынияны - 4880 теңге. Салық кезеңіндегі осы марканы көмірге әлемдік бағаны (1 доллар - 150 теңге) 29 долларов/тонна құрады.

Қазақстан республикасының салық заңымен сәйкес экспортқа рента салығын есептеп шығару.

3 есеп. Жер пайдаланушы шеңберінде ішіне алынған шарттың жер пайдалануы бойынша шартты аумақтағы Медиоларының саудалық табуы туралы операциялардың өткізуінде жариялайды. Шарт ары қарай Медиолардың алатын Запасоволарының пайдалы қазбалар өндіру уәкіл бұл мақсат үшін мемлекеттік құрылым бекітілген көлемдерін ескереді 850 000 тонналарды құрайды. Лондондық металл биржасында Медиолардың биржалық бағасы тоннаға 4 750 долларларын құрады. 1 доллар - 152 теңге.

Саудалық табуды бонус, жер пайдаланушы жататын төлеуге есептеп шығару

«Сарапшы» ЖШС мұнайды олжаға контракт жасайды. Көмбе ҚРлардың қорларына арналған Мемлекеттік комиссияның мұнайды бекітілген қорды дымды мұнайдың жиынтық Запасоволарының құны, өнеркәсіптік дәрежелер бойынша, С1 8 800 650 700 теңгені құрады.

Жазылып алып тұратын бонустың өлшемі, шартты аумақтағы жер пайдалануды құқығының алуына жер пайдаланушымен жататын төлеуге есептеп шығару.

15. Экспортқа рента салығы. Ойын бизнестеріне салық салу

Экспортқа өткізілетін шикі мұнайдың, газ конденсатының, көмірдің көлемі экспортқа рента салығын салу объектісі болып табылады.

Экспортқа нақты өткізілетін шикі мұнай, газ конденсаты бойынша шикі мұнайдың, газ конденсатының көлемі тәртіппен есептелген әлемдік баға негізінде есептелген экспортталатын шикі мұнайдың, газ конденсатының құны экспортқа рента салығын есептеу үшін салық базасы болып табылады.

Экспортқа іс жүзінде өткізілетін көмірдің көлемін негізге ала отырып есептелген экспортталатын көмірдің құны көмір бойынша экспортқа рента салығын есептеу үшін салық базасы болып табылады.

Күнтізбелік тоқсан экспортқа рента салығын төлеу бойынша салық кезеңі болып табылады.

Төлеушілер:

- казино;
- ойын автоматтары залы;
- тотализатор;
- букмекерлік кеңсе қызмет көрсетулер жөніндегі қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар ойын бизнесі салығын төлеушілер болып табылады.

Ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асыру кезінде:

- ойын үстелі;
- ойын автоматы;
- тотализатор кассасы;
- тотализатордың электронды кассасы;
- букмекер кеңсесінің кассасы;
- букмекер кеңсесінің электронды кассасы ойын бизнесіне салық салу объектілері болып табылады.

Салық салу объектісінің бірлігінен ойын бизнесіне салық ставкасы:

- ойын үстеліне – айына айлық есептік көрсеткіштің 830 еселенген мөлшерін;
- ойын автоматына - айына айлық есептік көрсеткіштің 30 еселенген мөлшерін;
- тотализатор кассасына - айына айлық есептік көрсеткіштің 125 еселенген мөлшерін;
- тотализатордың электронды кассасына - айына айлық есептік көрсеткіштің 125 еселенген мөлшерін;
- букмекер кеңсесінің кассасына - айына тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 75 еселенген мөлшерін;

- букмекер кеңсесінің электронды кассасына - айына тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 75 еселенген мөлшерін құрайды.

Ойын бизнесі салығы үшін салық кезеңі күнтізбелік тоқсан болып табылады.

Салық салу объектілері айдың 15-ін қоса алғанға дейін пайдалануға берілген кезде, ойын бизнесі салығы белгіленген ставка бойынша, 15-інен кейін белгіленген ставканың 1/2 мөлшерінде есептеледі.

Салық салу объектілері айдың 15-іне дейін шығып қалған кезде, ойын бизнесі салығы белгіленген ставканың 1/2 мөлшерінде, 15-інен кейін белгіленген ставка бойынша есептеледі.

Ойын бизнесі салығы есепті салық кезеңінен кейінгі екінші айдың 25-інен кешіктірілмей салық салу объектілерінің тіркелген орны бойынша бюджетке төленуге жатады.

Ойын бизнесі салығын төлеушілер үшін салық кезеңі ішіндегі табыстың шекті мөлшері:

- казино қызметінен - айлық есептік көрсеткіштің 135000 еселенген мөлшерін;

- ойын автоматтары залы қызметінен - айлық есептік көрсеткіштің 25 000 еселенген мөлшерін;

- тотализатор қызметінен - айлық есептік көрсеткіштің 2500 еселенген мөлшерін;

- букмекер кеңсесі қызметінен - айлық есептік көрсеткіштің 2000 еселенген мөлшерін құрайды.

Қосымша төлем табыстың шекті мөлшерінен асып түсетін сомаға ставканы қолдану арқылы есептеледі және ол есепті салық кезеңінен кейінгі екінші айдың 25-інен кешіктірілмей төленуге жатады.

Ойын бизнесі салығын төлеушілер ойын бизнесі саласындағы қызметтің бірнеше түрін жүзеге асырған кезде қосымша төлем ойын бизнесі саласындағы әрбір қызмет түрінен алынған табыстан бөлек есептеледі.

Ойын бизнесі салығы бойынша декларация есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-інен кешіктірілмей жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебі бойынша салық органына табыс етіледі.

Есептер

1 есеп. П.Н.Вишненко жеке кәсіпкер ойын автоматтарды зал ақшалай ұтыссыз алады. Салық органдарында Ойын өткізуі үшін 12 ойын автоматтар және 10 дербес компьюлер тіркелген. Жергілікті өкілетті органдар келесі өлшемдердегі бекітілген салықтың біртұтас жалакилері орнатты:

– ойын автоматтар бойынша - 10 айлық есептік көрсеткіштер;

– дербес компьюлер бойынша - 2 айлық есептік көрсеткіш.

Бекітілген салықтың төлеуін негізде бюджетпен есеп айырысу тәртіп түсіндіріңіз. Бекітілген салықты есептеп шығарыңыз.

2 есеп. ЖШС «Жұлдызды» бильярдқа Ойын бойынша қызметте болады. Салық органдарында 7 бильярд үстелдері тіркелген.

Жергілікті өкілетті органдар 20 айлық есептік көрсеткішті өлшемдегі бекітілген салықтың біртұтас жалакилерін орнатты.

«Жұлдызды» есепті мерзімге ЖШС бекітілген салықты есептеп шығарыңыз.

4 есеп. «Сәт» ЖШС букмекерлік қызметтердің көрсетуі бойынша қызметті алда жүзеге асырады. Салық органдарында 5 кассалар тіркелген. (салық) есеп беру мерзімінде букмекерлік қызметтердің көрсетуіненгі келесі табыстары алынған:

- қаңтарда - 1 650 000 теңге;
- ақпанда - 746 700 теңге;
- наурызда - 548 900 теңге.

«Сәт» ЖШС ойын кәсіпкерлігіне салықты есептеп шығарыңыз.

5 есеп. «Сағым» ЖШС казиноның қызметтерінің көрсетуі бойынша қызметті жүзеге асырады және ойын автоматтарды зал. Салық органдарында 7 ойын үстелдер және 10 ойын автоматтар тіркелген. Казиноның қызмет алған табыс (салық) есеп беру мерзіміне 250 600 000 теңгені құрады; 46 585 700 теңге ойын автоматтарды залды қызмет алған табыс.

«Сағым» ЖШС ойын кәсіпкерлігіне салықты есептеп шығарыңыз.

16. Шет елдік заңды және жеке тұлғалардың табыстарына салық салу ерекшеліктері

Қазақстан Республикасында резидент Қазақстан Республикасындағы көздерден түсетін табыстардан салық төлейді.

Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент еместер Қазақстан Республикасында мұндай тұрақты мекеменің қызметіне байланысты Қазақстан Республикасынан тысқары жерлердегі көздерден түсетін табыстардан да салық төлейді.

Табыстардың мынадай түрлері резидент еместің Қазақстан Республикасындағы көздерден алынатын табыстары болып танылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тауарларды өткізуден түскен табыстар, сондай-ақ сыртқы сауда қызметін жүзеге асыру шеңберінде Қазақстан Республикасындағы, одан тысқары жерлердегі тауарларды өткізуден түскен табыстар;
- Қазақстан Республикасының аумағында жұмыстарды орындаудан, қызметтер көрсетуден түскен табыстар;
- салық салудағы жеңілдігі бар мемлекетте тіркелген тұлғаның жұмыстарды орындаудың, қызметтер көрсетудің, тауарлар өткізудің нақты орындалған (көрсетілген, өткізілген) жеріне қарамастан, оларды орындаудан, көрсетуден, өткізуден түсетін табыстары, сондай-ақ көрсетілген тұлғаның.

Қызметін тұрақты мекеме құрмай жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғаның табыстарына шегерімдер жүзеге асырылмай, төлем көзінен табыс салығы салынады.

Бұл ретте төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығының сомасын салық агенті, төлем көзінен салық салынатын табыстардың сомасына ставкаларды қолдану арқылы есептейді.

Төлем көзінен табыс салығын салық агенті табысты төлеуді жүзеге асырудың нысаны мен орнына қарамастан, резидент емес заңды тұлғаға табысын төлеу кезінде ұстайды.

Төлем көзінен табыс салығын бюджетке есептеу, ұстау және аудару жөніндегі міндет пен жауапкершілік резидент емеске табысты төлейтін және салық агенттері деп танылған мынадай тұлғаларға:

- дара кәсіпкерге;

- егер филиал, өкілдік қосарланған салық салуды болғызбау туралы халықаралық шартқа тұрақты мекеме құрмаған жағдайда, Қазақстан Республикасында қызметін филиал, өкілдік арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғаға;

- заңды тұлғаға, оның ішінде Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емеске жүктеледі.

Бұл ретте резидент емес заңды тұлға оның филиалы, өкілдігі немесе филиал немесе өкілдік ашпаған тұрақты мекемесі Қазақстан Республикасының салық органдарында тіркеу есебіне қойылған күннен бастап салық агенті болып танылады;

- депозитарлық қолхаттардың базалық активінің резидент эмитентіне жүктеледі.

Қазақстан Республикасы тараптардың бірі болып табылатын, қосарланған салық салуды болғызбау және табысқа немесе мүлікке (капиталға) салық салудан жалтарудың жолын кесу туралы халықаралық шарттың ережелері осындай шарт жасасқан мемлекеттердің біреуінің немесе екеуінің де резиденті болып табылатын тұлғаларға қолданылады.

Егер халықаралық шарт жасасқан мемлекеттің резиденті осы халықаралық шарттың ережелерін халықаралық шарт жасасқан мемлекеттің резиденті болып табылмайтын басқа тұлғаның мүддесінде пайдаланса қолданылмайды.

Халықаралық шарттардың ережелерін қолдану осы Кодексте және тиісті халықаралық шартта белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

17. Арнаулы салық режимдері

Салық режимі – Салық кодексінде белгіленген салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу жөніндегі барлық салық міндеттемелерін есептеу кезінде салық төлеуші қолданатын салық заңдары нормаларының жиынтығы.

Салық режимдері екі топқа бөлінеді:

- жалпы режим;
- арнаулы салық режимі.

Жалпы салық режимі - салық төлеушілердің барлық санаттары үшін белгіленетін және барлық салық және басқа да бюджетке төленетін басқа

міндеттердің түрлерін есептеу мен төлеудің, сондай-ақ олар бойынша салық есептілігін берудің жалпы тәртібін қолдануды көздейтін тәртіп.

Біз бұл тарауға дейін жалпы салық режимдерінің қолдану тәртіптері мен ережелеріне тоқталып өттік.

Ал енді бұл тарауда арнаулы салық режимдерін қолданатындарды және салықты есептеу мен төлеу тәртіптері баяндалады.

Арнаулы салық режимі - салық төлеушілердің жекелеген санаттары үшін белгіленетін және жекелеген салық түрлерін есептеу мен төлеудің және жер учаскелерін пайдаланғаны үшін ақы төлеудің, сондай-ақ олар бойынша салық есептілігін берудің оңайлатылған тәртібін қолдануды көздейтін бюджетпен есеп айырысудың ерекше тәртібі.

Арнаулы салық режимдерін қолданатын тұлғалар:

- шағын бизнес субъектілері;
- шаруа қожалықтары;
- ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар;
- кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлері.

Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, біржолғы талон және патент бланкілері қатаң есептілік бланкілері болып табылады және ақша алынбай беріледі. Оларды басқа адамдарға беруге тыйым салынады.

Жеке кәсіпкер - заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын резидент немесе резидент емес жеке тұлға.

Арнайы салық режимдері қолданылатын тұлғаларға салық салу мақсатында салық төлеушінің өзге оқшауланған құрылымдық бөлімшесі болып оның функцияларының бір бөлігін орындайтын, орналасқан жері бойынша тұрақты жұмыс орындары жабдықталған аумақтық оқшауланған бөлімше танылады. Егер жұмыс орны бір айдан асатын мерзімге құрылса, ол тұрақты болып есептеледі.

Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар бюджетпен есеп айырысуды шағын бизнес субъектілеріне арналған арнаулы салық режимінде жүзеге асыра алады.

Базарларда тауар сату бойынша (жалдау шарттары бойынша базарлар аумағындағы киоскілерде, тұрақты үй-жайларда өткізуді қоспағанда) бюджетпен есеп айырысу, кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерінен басқа, біржолғы талон негізінде шағын бизнес субъектілеріне арналған арнаулы салық режимі бойынша ғана жүргізіледі.

Бұл ретте, рыноктарда өткізу бойынша бюджетпен есеп айырысуды жүзеге асыратын тұлғаларға шағын биснес субьектілеріне және шаруа қожалықтарына арналған ережелер қолданылмайды.

Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлері бойынша айналысатын тұлғалар бюджетпен есеп айырысуды кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлеріне арналған арнаулы салық режимінде ғана жүзеге асырады.

Шағын бизнес субъектілеріне арналған арнаулы салық режимі

Арнаулы салық режимін қолданатындар, оның ішінде біржолғы талон, патент және оңайлатылған декларация негізіндегі талаптарға сай келетін *жеке кәсіпкерлер және заңды тұлғалар шағын бизнес субъектілері* деп аталады.

Арнаулы салық режимі шағын бизнес субъектілері үшін, төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, әлеуметтік салықты және корпорациялық немесе жеке табыс салығын есептеу мен төлеудің оңайлатылған тәртібін белгілейді.

Бұл орайда, төлем көзінен салық салынатын табыстарды қоспағанда, жоғарыда аталған салықтарды есептеу, төлеу және салық есептілігін табыс ету тәртібі шағын бизнес субъектілеріне қолданылмайды.

Жоғарыда аталмаған салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша есептеу, төлеу және салық есептілігін табыс ету жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Әлеуметтік салықты және корпорациялық немесе жеке табыс салығын есептеудің оңайлатылған тәртібі салық салу объектісіне патент және оңайлатылған декларация негізіндегі салық ставкаларын қолдану жолымен жүргізіледі.

Төлем көзінен салық ұсталғанын растайтын құжаттар және біржолғы талон болған кезде, бұрын салық салынған табыстарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында және оның шегінен тыс жерлерде алынған табыстардың барлық түрлерінен тұратын салық кезеңі ішіндегі табыс салық салу объектісі болып табылады.

Жеке кәсіпкердің мүлікті жалға беруден түскен табыстарын қоспағанда, төлем көзінен салық салынбайтын мүліктік табысы мен өзге де табыстары салық салу объектісі болып табылмайды.

Арнаулы салық режимін қолданатын шағын бизнес субъектілері кәсіпкерлік қызметтің бірнеше түрін жүзеге асырған жағдайда табыс қызметтің барлық түрлерін жүзеге асырудың жиынтығымен айқындалады.

Арнаулы салық режимін қолданатын және қосылған құн салығын төлеушілер болып табылатын шағын бизнес субъектілері үшін салық кезеңі ішінде қосылған құн салығының сомасы табысқа қосылмайды.

Арнаулы салық режимін қолдану талаптары

Шағын бизнес субъектілері салықтарды есептеу мен төлеудің, сондай-ақ олар бойынша салық есептілігін тапсырудың төменде аталған тәртіптерінің біреуін ғана дербес таңдауға құқылы:

1) жалпыға бірдей белгіленген тәртіп;

2) біржолғы талон негізіндегі арнаулы салық режимі;

3) патент негізіндегі арнаулы салық режимі;

4) оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимі.

Бұл талап базарларда (жалдау шарттары бойынша базарлар аумағындағы тұрақты үй-жайларда сауда жасайтындарды қоспағанда) тауарлар өткізетін адамдарға қолданылмайды.

Салықтарды есептеу мен төлеудің жалпыға бірдей белгіленген тәртібіне ауысқан кезде жалпыға бірдей белгіленген тәртіп екі жыл қолданылғаннан кейін ғана арнаулы салық режиміне қайта ауысуға болады.

Мына аталғандардың арнаулы салық режимін қолдануға құқығы жоқ:

1) филиалдары, өкілдіктері бар заңды тұлғалар;

2) филиалдар және өкілдіктер;

3) заңды тұлғалардың еншілес ұйымдары және тәуелді акционерлік қоғамдар;

4) әр түрлі елді мекендерде өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері бар салық төлеушілер.

Арнаулы салық режимі мынадай қызмет түрлеріне қолданылмайды:

1) акцизделетін өнімді өндірушілер;

2) кеңес беру, қаржы, бухгалтерлік қызмет көрсетулер;

3) мұнай өнімдерін өткізушілер;

4) шыны ыдыстарды жинау мен қабылдаушылар;

5) жер қойнауын пайдаланушылар;

6) төменде аталған басқа да жұмыстар мен қызмет түрлері:

- медициналық, дәрігерлік қызметті, мал дәрігерлік саласындағы қызметтерді: мал дәрігерлік мақсаттағы препараттарды өндіру және өткізуді; мал дәрігерлік мақсаттарға арналған дәрі-дәрмек құралдарды, биологиялық препараттарды өткізуді; жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарға мал дәрігерлік-санитарлық сараптама жүргізуді; мал дәрігерлік емдеу-профилактикалық қызметтер;
- тұрғын үй коммуналдық-тұрмыстық объектілерді газбен жабдықтау жөніндегі өндіру, жөндеу және құрылыс жұмыстары;
- күзет, өрт сигналы мен өрт сөндіру автоматикасы құралдарын жобалауды, монтаждауды, жөнге келтіруді және оларға техникалық қызмет көрсету;
- өртке қарсы қолданылатын техниканы, жабдықтарды және өрттен қорғау құралдарын өндірушілер;
- жолаушылар лифтілерін монтаждауды, жөндеуді және оларға қызмет көрсетушілер;
- автокөлік көлігімен халықаралық жолаушылар және жүк тасымалдаушылар;
- емдік препараттарды дайындау мен сатушылар;
- жобалау-іздестіру, сараптау, құрылыс-монтаждау жұмыстарын, құрылыс материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру жөніндегі жұмыстар;
- алкоголь өнімдерін бөлшек саудада сатушылар;
- пошта байланысы және телекоммуникациялар саласындағы қызметті, теледидарлық және дыбыстық (радио-хабарларын тарату) бағдарламаларды тарату жөніндегі қызметті жасау мен көрсету, жалпы республикалық магистральды, халықаралық байланыс желілерін жобалау, салу, іске қосу және радиожиілік спектрін пайдалану;
- жолаушылар мен жүкті өзен көлігімен тасымалдау;
- жерге орналастыру, топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстар;
- өлшеу құралдарын жасау және жөндеу;
- тарих және мәдениет ескерткіштерін археологиялық және жаңғырту жұмыстары;

- жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етумен байланысты қызметтер: жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын орнату, монтаждау, жөндеу және пайдалану;
- іздестіру-құтқару, тау-кен құтқару, газдан құтқару, фонтан атқылауға қарсы жұмыстар;
- пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдану жөніндегі қызметтер;
- жалпы бастауыш, негізгі жалпы немесе жалпы орта; бастауыш кәсіптік білім, оның ішінде кәсіптер бойынша; орта кәсіптік, жоғары кәсіптік, жоғары оқу орындарынан кейінгі кәсіптік, оның ішінде мамандықтар бойынша білім беретін заңды тұлғалардың білім беру қызметі, сондай-ақ мектепке дейінгі және мектептен тыс ұйымдардың қызметтері;
- жеке және заңды тұлғалардың күзет қызметін жүзеге асыруы;
- электр және жылу энергиясын өндіру, беру және тарату;
- өнеркәсіптік жарылыс-өрт қаупі бар және тау-кен өндірістерін, электр станцияларын, электр желілері мен қосалқы станцияларды, гидротехникалық құрылыстарды, магистральды газ-мұнай өнімдері құбырларын, көтергіш құралдарды, сондай-ақ қысыммен жұмыс істейтін қазандықтар, ыдыстар мен құбырларды жобалау және пайдалану;
- химиялық, бұрғылау, мұнай-газ кәсіпшілігі, геологиялық барлау, кен-шахта, металлургия, энергетика жабдықтарын, жарылыстан қорғалған электротехникалық жабдықтарды, көтергіш құрылғыларды, сондай-ақ қысыммен жұмыс істейтін қазандықтарды, ыдыстар мен құбырларды бақылау, авариядан қарсы және дабыл беру аппаратуралары мен жүйелерін жобалау, жасау, монтаждау және жөндеу;
- астық қабылдау, өлшеу, кептіру, тазалау, сақтау және тиеу;
- темір жолдың жылжымалы құрамын жасау мен жөндеу;
- қауіпті жүктерді тасымалдау үшін қолданылатын арнаулы контейнерлерді жасау мен жөндеу;
- шетелдік валютамен қолма-қол бөлшек сауда жасау және қызмет көрсетуді жүзеге асыру;
- ақпаратты қорғаудың техникалық құралдарын, ақпаратты өңдеудің қорғалған техникалық құралдарын әзірлеуді, дайындауды, монтаждауды, реттеуді, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және оларға сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын техникалық қорғау жөніндегі қызметтің барлық түрлері;
- экологиялық сараптама саласындағы табиғат қорғауды жобалауды, нормалауды және табиғат қорғау жұмыстарын қоспағанда, лицензияланатын қызмет түрлері.

Біржолғы талон және патент негізіндегі арнаулы салық режимі

Біржолғы талон - арнаулы салық режимін қолдану құқығын куәландыратын және төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығын қоспағанда, жеке табыс салығы бойынша бюджетпен есеп айырысу фактісін растайтын құжат.

Біржолғы талон негізіндегі арнаулы салық режимін қызметі ара-тұра

сипатта болатын жеке тұлғалар қолданады.

Жылына бәрін жинақтағанда тоқсан күннен аспайтын қызмет *ара-тұра сипаттағы кәсіпкерлік қызмет* деп аталады.

Біржолғы талон негізінде бюджетпен есеп айырысу тәртібі

Қызмет түрлерінің тізбесін, біржолғы талондардың нысаны мен берілу тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

Біржолғы талондардың құны кіріс алынатын объектінің орналасқан жерін, түрін, қызметті жүзеге асыру жағдайларын, сапасы мен көлемін, сондай-ақ қызметпен шұғылдану тиімділігіне ықпал ететін басқа да факторларды ескере отырып, салық органы жүргізген орташа күндік хронометраждық қадағалау мен зерттеу деректері негізінде жергілікті өкілді органдардың шешімімен белгіленеді.

Жалдамалы еңбекті қолданбай біржолғы талон негізінде ара-тұра сипаттағы қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар әлеуметтік салық төлемейді және жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеуден босатылады.

Патент негізіндегі арнаулы салық режимі

Патент - арнаулы салық режимін қолдану құқығын куәландыратын және салық сомаларының бюджетке төленгенін растайтын құжат.

Белгілі бір арнаулы салық режимін қолдануға арналған патент нысанын уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

Патент жоғалған немесе бүлінген жағдайда салық төлеушінің өтініші бойынша дубликат беріледі, ал салық төлеуші бүлінген патентті салық органына тапсырады.

Салық органдары берілген патенттерді тіркеуді патенттерді тіркеу (беру) журналында жүргізеді.

Тіркеу журналдарының нысандарын және оларды толтыру тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

Патент негізіндегі арнаулы салық режимін мынадай талаптарға сай келетін жеке кәсіпкерлер қолданады:

1) жалдамалы қызметкерлердің еңбегін пайдаланбау;

2) жеке кәсіпкерлік нысанындағы қызметті жүзеге асыру;

3) салық кезеңіндегі табысы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақының 200 еселенген мөлшерінен аспайтын (13470*200═2694000 теңге) дара кәсіпкерлер қолданады.

Патент негізінде арнаулы салық режимін қолдануға мүмкіндік бермейтін жағдайлар туындаған ретте, салық төлеуші оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режиміне не салықты есептеу мен төлеудің жалпыға бірдей белгіленген тәртібіне өтініш негізінде ауысады.

Аталған өтініш патент негізінде арнаулы салық режимін қолдануға мүмкіндік бермейтін жағдайлар туындаған кезде беріледі.

Патент жеке кәсіпкерге бір күнтізбелік жыл шегінде кемінде бір ай мерзімге беріледі (ставкасы 2 %).

Жеке кәсіпкер патент алу үшін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жері бойынша салық органына қызмет түрін көрсете отырып, уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысанда *өтініш* және *Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу*

туралы куәлікті табыс етеді (12.1. қосымша).

Оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимі

Оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режиміне салық кезеңі басталғанға дейін көшу үшін шағын бизнес субъектілері өз қызметін жүзеге асыратын жері бойынша салық органына уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысанда өтініш береді.

Қызметін бір елді мекен шегіндегі деген әр түрлі аумақтық-әкімшілік бірліктерде орналасқан бірнеше объектілерде жүзеге асырған кезде, салық төлеуші оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдануға өтініш беру үшін салық органын дербес анықтайды.

Төмендегідей талаптарға сай келетін шағын бизнес субъектілері оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимін қолданды:

22. 11.2005 жылғы N 89 Заңымен аталған талаптарға өзгерістер енгізілді және ол 2006 жылы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі:

1) жеке кәсіпкерлер үшін:

- жеке кәсіпкердің өзін қоса алғанда, қызметкерлердің шекті орташа тізімдік саны салық кезеңі ішінде жиырма бес адам болса;
- салық кезеңі ішінде шекті табысы 10000,0 мың теңге болса;

2) заңды тұлғалар үшін:

- қызметкерлердің шекті орташа тізімдік саны салық кезеңі ішінде елу адам болса;
- салық кезеңі ішінде шекті табысы 25000,0 мың теңге болса, оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимін қолданады.

Осы белгіленген талаптарға сай келмеген жағдайларда немесе арнаулы салық режимінен өз еркімен шыққан кезде шағын бизнес субъектісі есепті тоқсаннан кейінгі тоқсаннан бастап өтініш негізінде салықты есептеу мен төлеудің жалпыға бірдей белгіленген тәртібіне көшеді.

Жеке кәсіпкер үшін жоғарыда белгіленген талаптар өзгерген жағдайда (көрсеткіштер асып кетсе), ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген кездегі заңды тұлға ретінде оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдануға құқылы.

Салықты есептеу мен төлеудің жалпыға бірдей белгіленген тәртібінен оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режиміне көшкен кезде әлеуметтік, корпорациялық салық немесе жеке табыс салығын төлеу және олар бойынша есептілікті тапсыру жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Оңайлатылған декларация негізінде бюджетпен есеп айырысу тәртібі

Салықты оңайлатылған декларация негізінде есептеуді шағын бизнес субъектісі салық салу объектісіне есепті салық кезеңіне тиісті салық ставкасын қолдану арқылы дербес жүргізеді.

2007 жылы 1 қаңтардан бастап Салықты оңайлатылған декларация негізінде есептеуді шағын бизнес субъектісі салық салу объектісіне есепті салық кезеңіне 3 процент мөлшеріндегі ставканы қолдану арқылы дербес жүргізеді.

Оңайлатылған декларацияны табыс ету және салықтарды төлеу

оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдануға өтініш берген жері бойынша салық органында жүргізіледі.

Шаруа қожалықтарына арналған арнаулы салық режимі

Шаруа қожалықтарына арналған арнаулы салық режимі бірыңғай жер салығын төлеу негізінде бюджетпен есеп айырысудың айрықша тәртібін көздейді және акцизделетін өнімдерді өндіру, ұқсату және сату жөніндегі қызметті қоспағанда, ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру, өзі өндірген ауыл шаруашылық өнімдерін ұқсату және оны өткізу жөніндегі шаруа қожалықтары қызметіне қолданылады.

Жеке меншік құқығымен және жер пайдалану құқығымен (кейінгі жер пайдалану құқығын қоса алғанда) жер учаскелері болған кезде шаруа қожалықтарына арнаулы салық режимін қолдану құқығы беріледі.

Шаруа қожалықтары осы арнаулы салық режимін немесе салық салудың жалпыға бірдей белгіленген тәртібін дербес таңдауға құқылы.

Шаруа қожалықтары арнаулы салық режимін қолдану үшін жыл сайын 20 ақпаннан кешіктірмей жер учаскесі орналасқан жердегі салық органына уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша өтініш береді.

Салық төлеушінің аталған мерзімде өтініш бермеуі оның бюджетпен есеп айырысуды жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен жүзеге асыруға келісімі деп есептеледі.

20 ақпаннан кейін құрылған шаруа қожалықтары Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлігін алған күні арнаулы салық режимін қолдану құқығына өтініш береді.

Таңдап алынған салық салу режимі салық кезеңі ішінде өзгертуге жатпайды.

Күнтізбелік жыл - бірыңғай жер салығы бойынша салық кезеңі болып табылады.

Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруші заңды тұлғаларға арналған арнаулы салық режимі

Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруші заңды тұлғаларға арналған арнаулы салық режимі патент негізінде бюджетпен есеп айырысудың ерекше тәртібін көздейді және заңды тұлғалардың:

1) жерді пайдалана отырып, ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру, өзі өндірген осы өнімді ұқсату және өткізу жөніндегі;

2) толық кезеңді (төлді өсіруден бастап) мал шаруашылығы мен құс шаруашылығының (соның ішінде асыл тұқымды), ара шаруашылығының ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру жөніндегі, сондай-ақ өзі өндірген осы өнімдерді ұқсату және өткізу жөніндегі қызметіне қолданылады.

Мына аталғандардың ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруші заңды тұлғаларға арналған арнаулы салық режимін қолдануға құқы жоқ:

1) еншілес ұйымдары, филиалдары мен өкілдіктері бар заңды тұлғалар;

2) заңды тұлғалардың филиалдары, өкілдіктері мен өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері;

3) осы арнаулы салық режимін қолданатын басқа заңды тұлғалардың аффилиирлендірілген тұлғалары болып табылатын заңды тұлғалар.

Аффилиирлендірілген тұлға болып шешімдерді тікелей және жанама айқындауға және көрсетілген арнайы салық режимін қолданатын заңды тұлға қабылдайтын шешімге, оның ішінде шартқа және өзге мәмілеге сәйкес байланысты, ықпал етуге құқығы бар заңды тұлға, сондай-ақ көрсетілген арнайы салық режимін қолданатын заңды тұлғаға қатысты осындай құқығы бар тұлға танылады.

18. Шағын бизнес субъектілеріне арналған арнаулы салық режимі (АСР)

Дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар мақсаттары үшін шағын бизнес субъектілері деп танылады.

Арнаулы салық режимі шағын бизнес субъектілері үшін, төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, әлеуметтік салықты және корпорациялық немесе жеке табыс салығын есептеу мен төлеудің оңайлатылған тәртібін белгілейді. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша есептеу, төлеу және салық есептілігін табыс ету жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының аумағында және оның шегінен тыс жерлерде алынған (алынуға жататын) табыстардың барлық түрлерінен тұратын салық кезеңі ішіндегі табыс патент немесе оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер үшін салық салу объектісі болып табылады.

Шағын бизнес субъектілері салықтарды есептеу мен төлеудің, сондай-ақ олар бойынша салық есептілігін табыс етудің төменде санамаланған тәртіптерінің біреуін ғана дербес таңдауға құқылы:

- жалпыға бірдей белгіленген тәртіп;
- патент негізіндегі арнаулы салық режимі;
- оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимі.

Арнаулы салық режимін:

- филиалдары, өкілдіктері бар заңды тұлғалардың;
- заңды тұлғалар филиалдарының, өкілдіктерінің;

Арнаулы салық режимі мынадай қызмет түрлеріне:

- акцизделетін тауарларды өндіруге;
- акцизделетін тауарларды сақтауға және көтерме саудада өткізуге;
- мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін – бензинді, дизель отынын және мазутты өткізуге;
- лотереяларды (мемлекеттік (ұлттық) лотереялардан басқа) ұйымдастыруға және өткізуге;
- жер қойнауын пайдалануға;
- шыны ыдыстарды жинауға және қабылдауға;
- түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауға (дайындауға), сақтауға, қайта өңдеуге және өткізуге;
- консультациялық қызметтер көрсетуге;
- бухгалтерлік есеп және аудит саласындағы қызметке;

- сақтандыру брокері мен сақтандыру агентінің қаржы, сақтандыру қызметіне және делдалдық қызметіне қолданылмайды.

Патент негізіндегі арнаулы салық режимін мынадай талаптарға сай келетін:

1) қызметкерлердің еңбегін пайдаланбайтын;

2) жеке кәсіпкерлік нысанындағы қызметті жүзеге асыратын;

3) салық кезеңіндегі табысы Республикалық Бюджет туралы Заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болған ең төменгі жалақының 200 еселенген мөлшерінен аспайтын дара кәсіпкерлер қолданады.

Күнтізбелік жыл салық кезеңі болып табылады.

Оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимі

Мынадай шарттарға сай келетін шағын бизнес субъектілері:

- дара кәсіпкерлер үшін:

дара кәсіпкердің өзін қоса алғанда, қызметкерлердің шекті орташа тізімдік саны салық кезеңі ішінде жиырма бес адам болса;

салық кезеңі ішінде шекті табысы 10 000,0 мың теңгені құраса;

- заңды тұлғалар үшін:

қызметкерлердің шекті орташа тізімдік саны салық кезеңі ішінде елу адам болса;

салық кезеңі ішінде шекті табысы 25 000,0 мың теңгені құраса, оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимін қолданады.

Салық кезеңі күнтізбелік тоқсан болып табылады.

Есептер

1 есеп. «Мақам» ЖШС ықшамдалған декларацияның негізінде арнайы салық режимі бойынша салық міндеттемесін орындайды. Кәсіпорынның салық кезеңі басталғанға дейінгі осыған байланысты қойылған форманың өтінішінің қызметтің жүзеге асыруын орын-орныменге салық органына көрсетті.

Кәсіпорын есеп беру салық кезеңінің бірінші тоқсанында келесі табыстарды алды:

- қаңтар - 3 400 000 теңге;
- ақпан - 4 470 000 теңге;
- наурыз - 10 200 000 теңге.

Есепті мерзімнің қорытындылары бойынша қызметкерлердің орташа жұмысағын құрады:

- қаңтар - 30 400 теңге;
- ақпан - 34 470 теңге;
- наурыз - 36 540 теңге.

Есепті мерзім есептелген әлеуметтік аударымдарды сома 108 496 теңгені құрады.

Ықшамдалған декларация бойынша салықты есептеп шығару. Бірлескен табыс салығының сомасы және әлеуметтік салықтарды анықтау. «Мақам»

ЖШС мерзімдер неткен бюджетке салық міндетті төлесін және салық есеп беруін көрсетеді?

19. Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимі

Шаруа немесе фермер қожалықтары осы тарауда белгіленген арнаулы салық режимін немесе жалпыға бірдей белгіленген тәртіпті дербес таңдауға құқылы.

Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимі бірыңғай жер салығын төлеу негізінде бюджетпен есеп айырысудың ерекше тәртібін көздейді және акцизделетін тауарларды өндіру, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті қоспағанда, ауыл шаруашылығы өнімдерін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіру, өзі өндірген ауыл шаруашылығы өнімдерін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін қайта өңдеу және оны өткізу жөніндегі шаруа немесе фермер қожалықтарының қызметіне қолданылады.

Жеке меншік құқығындағы және (немесе) жер пайдалану құқығындағы (қайталап жер пайдалану құқығын қоса алғанда) жер учаскелері болған кезде, шаруа немесе фермер қожалықтарына арнаулы салық режимін қолдану құқығы беріледі.

Күнтізбелік жыл бірыңғай жер салығы бойынша салық кезеңі болып табылады.

Шаруа немесе фермер қожалықтары арнаулы салық режимін қолдану үшін осы режим қолданылған бірінші жылдың 20 ақпанынан кешіктірмей жер учаскесінің орналасқан жері бойынша салық органына салықтық өтінішті табыс етеді.

Аталған мерзімде салықтық өтінішті табыс етпеуі, салық төлеушінің бюджетпен есеп айырысуды жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен жүзеге асыруға келісімі деп есептеледі.

Салықтық өтінішпен бір мезгілде мынадай құжаттардың:

- нотариат куәландырған немесе селолық (кенттік) атқарушы органдар куәландырған жер учаскелеріне құқық белгілеу, сәйкестендіру құжаттарының;

- жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган берген, нотариат куәландырған немесе селолық (кенттік) атқарушы органдар куәландырған жер учаскелерінің бағаланатын құнын айқындайтын актілердің көшірмелері табыс етіледі.

Бірыңғай жер салығын төлеушілер салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің мынадай түрлерін:

- осы арнаулы салық режимі қолданылатын шаруа немесе фермер қожалықтарының қызметінен түскен табыстардан, оның ішінде қызметпен байланысты шығындарды (шығыстарды) жабуға мемлекеттік бюджет қаражатынан алынған сомалар түріндегі табыстардан алынатын жеке табыс салығын;

- осы арнаулы салық режимі қолданылатын қызметті жүзеге асырудан түскен айналым бойынша қосылған құн салығын;

- осы арнаулы салық режимі қолданылатын қызметте пайдаланылатын жер учаскелері бойынша жер салығын және (немесе) жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақыны;

- салық салу объектілері бойынша көлік құралдары салығын;

- салық салу объектілері бойынша мүлік салығын төлеушілер болып табылмайды.

Жер учаскесін бағалау құны бірыңғай жер салығын есептеу үшін салық салу объектісі болып табылады.

Жайлаулар, табиғи шабындықтар және арнаулы салық режимі қолданылатын қызметте пайдаланылатын басқа да жер учаскелері бойынша бірыңғай жер салығын есептеу жер учаскелерінің жиынтық бағалау құнының 0,1 % ставкасын қолдану арқылы жүргізіледі.

Есептер

1 есеп. «Айгүл» шаруа қожалығы жеке меншіктің құқығында алады:

- 200 гектар ауқыммен (мақсаттық тағайындау - мал жайылымы) жер телімі, бағалау құны - 16 800 000 теңге;

- 400 гектар ауқыммен (мақсаттық тағайындау - табиғи пішен шабулар) жер телімі, бағалау құны - 23 580 000 теңге.

«Айгүлдің» шаруа қожалығының СНР бойынша біртұтас жер салықты соманы есептеп шығару.

Салықтар неткен салық төлеушінің біртұтас жер салығын өлшемдерге кіреді?

2 есеп. «Шамшырақ» шаруа қожалығы жеке меншіктің құқығында алады:

- 250 гектар ауқыммен (мақсаттық тағайындау - шабындық) жер телімі, бағалау құны - 22 800 000 теңге;

- 780 гектар ауқыммен (мақсаттық тағайындау - шабындық) жер телімі, бағалау құны - 27 580 000 теңге;

- 430 гектар ауқыммен (мақсаттық тағайындау - шабындық) жер телімі, бағалау құны - 18 580 000 теңге

«Шамшырақтың» шаруа қожалығының СНР бойынша біртұтас жер салықты соманы есептеп шығару.

20. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтері үшін арнаулы салық режимі

Ауыл шаруашылығы өнімдерін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіруші заңды тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтері осы бапта белгіленген арнаулы салық режимін немесе жалпыға бірдей белгіленген тәртіпті дербес таңдауға құқылы.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіруші заңды тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтері үшін арнаулы салық режимі (бұдан әрі – арнаулы салық режимі) корпорациялық табыс салығын, қосылған құн салығын, әлеуметтік салықты, жер салығын, жер

учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемдерді, мүлік салығын, көлік құралдары салығын есептеудің ерекше тәртібін көздейді.

Арнаулы салық режимі:

1) ауыл шаруашылығы өнімдерін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіруші заңды тұлғалардың:

жерді пайдалана отырып ауыл шаруашылығы өнімдерін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіру, өзі өндірген осы өнімді қайта өңдеу және өткізу;

толық кезеңді (төлді өсіруден бастап) мал шаруашылығы мен құс шаруашылығының (оның ішінде, асыл тұқымды), ара шаруашылығының, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімдерін өндіру, сондай-ақ өзі өндірген осы өнімдерді қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметіне;

селолық тұтыну кооперативтерінің:

шаруа немесе фермер қожалықтары - осы кооперативтердің мүшелері (пайшылары) өндірген ауыл шаруашылығы өнімдерін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өткізу;

шаруа немесе фермер қожалықтары - осы кооперативтердің мүшелері (пайшылары) өндірген ауыл шаруашылығы өнімдерін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін қайта өңдеу және осы өнімдерді қайта өңдеу нәтижесінде алынған өнімдерді өткізу жөніндегі қызметіне қолданылады.

Корпорациялық табыс салығын, қосылған құн салығын, әлеуметтік салықты, жер салығын, жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақыны, мүлік салығын, көлік құралдары салығын есептеуге арналған салық кезеңі Кодекстің 148, 269, 363, 370, 392, 401, 482-баптарына сәйкес айқындалады.

Есептер

1 есеп. Түрлі түсті 15 ақпанның ЖШСы ауылшаруашылық өнімнің заңды тұлға-өндірушілері үшін Снрдың қолдануы үшін салық өтінішінің табылуын орын-орныменге салық органына ұсынады, сонымен бірге тізімі Салық кодексі 450-ші бап анықталған басқа құжаттар.

ЖШС Түрлі түсті сөзсіз төлемдер тағы басқалар салықтардың келесі сомалары есептеді:

- 8930000 теңге бірлескен табыс салығы;
- 3670000 теңге әлеуметтік салық;
- 95000 теңге жер салық;
- 367000 теңге мүлік салығы;
- 93900 теңге көлік құралдарына салынатын салық;
- 578000 теңге қосылған құнға салық;
- 948000 теңгенің төлеуді көз тыйылған жеке табыс салығы.

Түрлі түсті ағымдағы салық кезеңіндегі ЖШС бюджетпен есеп айырысу тәртіптің көрсету.

2 есеп. Дербес кәсіпкерліктің формасындағы орындайтын қызмет қызметкерлердің жалдамалы еңбек қолданушы емес жеке кәсіпкер айға 120000 теңгені сомада патенттің алуына өтініштің беруінің жанында табыс мәлімдеді.

Жеке кәсіпкерді нақты табыс 135000 теңгені құрады.

Жеке кәсіпкерді патенттің құнын есептеп шығару; жеке табыс және патенттің құн кіретін әлеуметтік салықтарды соманы.

Әсерлер неткен патент алу кезінде айтылған табыстың үстінде нақты табыстың асып кетуін жағдайдағы жеке кәсіпкер қолдануы керек?

Тестілер

1. Аталған салықтың қайсысы пропорционалдыға жатады?

А) көлік құралдарына салық

В) заңды тұлғалардың мүлікке салығы

С) жеке тұлғалардың мүлігіне салық

Д) үстеме пайдаға алық

Е) жеке табыс салығы

2. Қазіргі мемлекеттің көбінің салық жүйесінің құрылуына негізін салған қай ғалым-экономист?

А) Лука Пачоли

В) Адам Смит

С) Артур Лаффер

Д) Джон Кейнс

Е) Карл Маркс

3. Салық салудың «Бірқалыпты» қағидасының мағынасы:

А) салық төлеушіге ыңғайлы уақытта және ыңғайлы әдіспен салық алыну тиіс

В) салық салықтық жыл ішінде бірдей мөлшерде төленуі тиіс

С) салық салық төлеушінің табысының мөлшеріне сай төленуі тиіс

Д) салық салық төлеушінің мемлекеттен алатын пайдаға байланысты мөлшерде төлену тиіс

Е) салық – бұл заңды бекітілген төлем

4. Бүгінгі уақытта ҚР аумағында неше салық жұмыс істейді?

А) 13

В) 14

С) 9

Д) 11

Е) 10

5. Салықтың нормасы деп не аталады?

А) салықтық ставканың өзара әрекеттесудің нәтижесінде анықталған салық міндеттемесінің мөлшері және салық салу базасы

В) бюджетке салынатын құралдардың мөлшері

С) салық салу объектісінің бірлігіне есептегендегі салық мөлшері

Д) пайыз немесе төлемге арналған құралдардың бір бөлігі

Е) салық салу объектісінен бюджетке пайыздық аударымдар

6. Салықтық жалақы деген нені білдіреді?

А) субъектпен бір объекттен төленетін салықтық сома

В) барлық төленетін салықтардың сомаларының жиынтығы

С) субъектпен барлық болатын объекттерден төленетін салықтық сома

Д) заңнамаға қатысты толық немесе бөлшектеп салық төлеушілерді салықтан босату

Е) мемлекеттік табыстың барлық көздерінің сомасы

7. Салық салу барлығына ортақ және міндетті деп қай қағмдада қарастырылған?

А) әділдік қағидасы

В) анықтылық қағидасы

С) бірлік қағидасы

Д) жариялылық қағидасы

Е) міндеттілік қағидасы

8. Салық мөлшерінің өзгерісінің реті салық базасының өсуіне байланысты –

А) салық салу әдісі

В) салық салу реті

С) ставканың өзгеруі

Д) салу реті

Е) өзгеру реті

9. Алып жүрген біржолата және тегін сипат нақтылы өлшем шығарылған бюджетке біржақты сөзсіз шамасында ақшалай төлеудегі қойылған мемлекетпен Законодетельно:

А) төлем

В) жинақ

С) мемлекеттік баж

Д) салық

Е) кедендік төлемдер

10. Бірлескен табыс салығы бойынша салық төлеуші бағытталатын ескертуді негіз өткізілетін қарыздар ықтиярсыз төлетудің шаралары:

А) төленбеген салық сомасына пеняны есептеу

В) іске асыру есебінен шектелген дүниенің қарамағында

С) есеп айырысу шоты бойынша шығыстық операцияларды тоқтата тұру

Д) валюталық шот бойынша шығыстық операцияларды тоқтата тұру

Е) салық төлеушінің салық қарызының есебіне шектеу дүниенің қарамағында

11. Салық формалары салық төлеушілерде, салық агенттерінде сақталады:

А) оны құрастырғанна кейін 5 жыл аралығында

В) оны құрастырғанна кейін 3 жыл аралығында

С) Салық Кодексімен белгіленген заңды талап мерзімі аралығында

Д) оны құрастырғанна кейін 7 жыл аралығында

Е) салық төлеушінің қызметінің барлық жылдары аралығында және де бірігу, бөліну, қалдық жолымен оның қайта қалыптасуына дейін

12. Салық төлеушілер, салық агенттері салық есептілігін таңдау бойынша ұсынуға құқылы:

А) аталғандардаң барлығы дұрыс

В) келу тартібінде

С) ескертуі бар арнаулы хатпен пошта арқылы

Д) электронды түрде

Е) электронды нұсқада

13. Төленген табыстар бойынша жеке табыс салығын төлеу салық агенттерімен ұйымдастырылады:

А) табыстарды төлеу айынан кейінгі айдың 5 дейін

В) есептік айдың табыстарды төлеудің ақырғы күнінен кейін 5 жұмыс күн аралығында

С) табыстарды төлеу айынан кейінгі айдың 15-не дейін

Д) есептік тоқсаннан кейінгі айдың 15-не дейін

Е) төлем айының 25-не дейін

14. Төлем көзінен алынатын табыс салығын жеке тұлға төлейді:

А) жүйелік авантық төлемдер түрінде

В) салықтық агенттер арқылы

С) өз бетінше, келу түрінде

Д) В және С жауаптары дұрыс

Е) барлық жауаптар дұрыс

15. Әлеуметтік салықтың есептелінуі мен төленуі ұйымдастырылады:

А) ай сайын

В) тоқсан сайын

С) жарты жылда 1 рет

Д) жылына 1 рет

Е) салық органының шешімімен салық төлеуші белгілеген уақытында

16. Арнайы салықтық режимді қолданбау керек:

А) филиалдар мен представительстволары бар заңды тұлғалар

В) заңды тұлғалардың филиалдары мен представительстволары

С) әр түрлі елді мекенде басқа да оқшауланған құрылымдық бөлімшелері және салық салу объектілері бар салық төлеушілер

Д) басқа заңды тұлғаларда қатысу үлесі 25 пайыз аса құрайтын заңды тұлғалар

Е) барлығы дұрыс

17. Патент келесідей уақытқа беріледі:

А) 1 айдан кем емес
В) 12 айдан көп емес
С) 1 айдан кем емес және 12 айдан көп емес
Д) 1 айдан кем емес және 18 айдан көп емес
Е) мерзімсіз

18. Жеңілдетілген декларация салық органына салық төлеушінің жергілікті орнына байланысты беріледі:
А) есептік салықтық кезеңнен кейінгі айдың 15-нен кеш емес
В) есептік салықтық кезеңнен кейінгі екінші айдың 25-нен кеш емес
С) есептік айдан кейінгі екінші айдың 25-нен кеш емес
Д) есептіктен кейінгі жылдың 31 наурызынан кеш емес
Е) есептік салықтық кезеңнен кейінгі екінші айдың 25-нен кеш емес

19. Крестьяндық және фермерлік шаруашылыққа арналған арнайы салықтық режим төлем негізіндегі бюджетпен есептесудің ерекше ретін көрсетеді:
А) жер салығы
В) жер рентасы
С) бірыңғай жер салығы
Д) жер учаскесін қолдануға төлемдер
Е) жер қойнауын пайдаланылған төлемдері

20. Жер салығын төлеушілерге жатпайды:
А) жер пайдалануға арналған салық тәртібінің бірінші моделі бойынша салық салу жүргізілетін жер пайдаланушылары
В) әлеуметтік ортада қызметін атқаратын ұйымдар
С) діндік бірігулер
Д) басты қызметінің түрі транспорттық қызмет көрсетулер болып табылатын ұйымдар
Е) барлық жауаптар дұрыс

21. Төленуге тиісті жер салығы:
А) республикалық бюджет табысына енгізіледі
В) жергілікті бюджет табысына енгізіледі
С) барлық деңгейлі бюджеттерге бірдей (пропорционалды) бөлінеді
Д) корпоративтік табыс салығын есептегендегі алып тастауға жатады
Е) В және Д жауаптары дұрыс

22. Жер салығы бойынша декларация келесілерден кем емес берілу керек:
А) есептіктен кейін жүретін айдың 15 жұлдызынан
В) есептік тоқсаннан кейін жүретін айдың жұлдызынан
С) ағымдағы жылдың бірінші шілдесінен
Д) ағымдағы жылдың бірінші қазанынан

Е) есептік салық кезеңінен кейін жүретін жылдың 31 наурызынан

23. Жеке тұлғаның мүлкіне салық:

А) тура, прогрессивті

В) тура, пропорционалды

С) жанама, пропорционалды

Д) жанама, прогрессивті

Е) тура, регрессивті

24. Мүлікке салық төлеуден босатылады:

А) мемлекеттік мекемелер

В) бірыңғай жер салығын төлеушілер

С) діндік бірігулер

Д) қылмыстық жазаны орындау ортасындағы уәкілетті мемлекеттік органның түзету мекемелерінің мемлекеттік кәсіпорындары

Е) барлығы дұрыс

25. Жеке тұлғалардың мүлікке салықты есептейтін салық салу объектілерінің құны келесі формуламен анықталады:

А) С=Сб*S*Кфиз*К функц*Кзон*Кизм.мрп

В) С=Сб*S*Кфиз*Кфункц*Кзон

С) С=Сб*S*Кфиз*Кфункц

Д) С=Сб*S*Кфиз

Е) С=Сб*S

26. Катер, буксир, баржалар, яхталар сияқты транспорттық құралдарға салықтың ставкасы неден тұрады:

А) двигательдің көлемінен

В) отырғызу орнының санынан

С) жүк көтеруден

Д) двигательдің қуатынан

Е) қоршаған ортаның ластану дәрежесінен

27. Жеңіл автокөлік двигателі 1500 2000куб.смден 2000 2500куб.смден көп, 2500 3000куб.смден, және 3000 4000куб. смден жоғары болса, салықтың сомасы берілген двигатель көлемінің әр бірлігінің жоғарылауынан өседі:

А) 5 тенге

В) 7 тенге

С) 9 тенге

Д) 12 тенге

Е) 15 тенге

28. ҚҚС салу объектілері:

А) салыну айналымы

В) салыну импорты
С) салыну айналымы және салыну импорты
Д) салынбайтын айналым
Е) салынбайтын табыс

29. ҚҚСтан босатылған айналымдар:
А) жатақханада тұру үшін төлем
В) автокөлікті сақтау үшін төлем
С) тұрғылықты қорды басқару, күту және эксплуатация үшін қызметтер
Д) автокөлікті қою үшін төлемдер
Е) барлық жауап дұрыс

30. ҚҚСтан босатылған айналымдар:
А) адвокаттық қызметтер
В) нотариалды жүргізілімдер
С) аудиторлық қызмет көрсетулер
Д) А және В жауаптары дұрыс
Е) құрылыс-монтажды жұмыстар

31. Салық төлеуші ҚҚС бойынша есепке тұруы міндетті, тауар өткізуден айналымның минималды шамасы қандай:
А) 10000 МРП
В) 15000 МРП
С) 12**0**00 МРП
Д) 14000 МРП
Е) 30000 МРП

32. Туарлардың, жұмыстардың немесе қызмет көрсетулердің өткізу (реализация) жері болып табылады:
А) тауар транспортировкасының басталуы
В) жылжымайтын мүліктің табылуы
С) жұмыстар мен қызмет көрсетулердің факттық орындалуы
Д) жұмыстар мен қызмет көрсетуледі сатып алушының кәсіпкерлік немесе басқа қызметтерінің пайда болуы
Е) барлық аталғандар дұрыс

33. Салық төлеушіден алынатын айналым мөлшерінің дұрысталуы келесі жағдайларда жүргізіледі:
А) тауарлардың толық және жартылай қайтарылуы
В) келісімшарттың өзгеруі
С) өндірістік тауарлар, жұмыстар, көрсетілген қызметтерге компенсациялар мен бағалардың өзгеруі
Д) бағадан жеңілдіктер, сатудан жеңілдіктер
Е) барлығы дұрыс

34. Көмірдің экспортына ренттік салықты есептеуге салықтық база:

А) экспортқа өндірілген көмірдің көлемі

В) фактты өндірілген көмірдің көлемінен есептелген экспортталатын көмірдің құны

С) экспортталатын көмірдің құны

Д) экспортталатын көмірдің бағасы

Е) экспортқа өндірілген көмірдің нарықтық бағасы

35. Экспортқа ренттік салықтың бюджетке төлеу мерзімі:

А) есептік айдан кейінгі 2ші айдың 25нен кеш емес

В) салықтық кезеңнен кейінгі 2ші айдың 15нен кеш емес

С) салықтық кезеңнен кейінгі 2ші айдың 25нен кеш емес

Д) салықтық кезеңнен кейінгі айдың 25нен кеш емес

Е) салықтық кезеңнен кейінгі айдың 15нен кеш емес

36. КТС бойынша аванстық төлемдерді төлеу келесідей жүргізеді:

А) әр айдың 1 жұлдызынан кейін емес

В) есептік тоқсаннан кейінгі айдың 20нан кеш емес

С) 1)ай сайын салық кезең аралығындағы; 2) ағымдағы айдың 25нен кеш емес

Д) ай сайын салық кезең аралығындағы ағымдағы айдың 20нан кеш емес

Е) қаржылық жағдайына орай салық төлеушінің өзінен белгіленген мерзімде

37. Амортизацияға жатпайтын активтерге жатады:

А) табыс алуға бағытталған, қызметте қолданылмайтын, қолданылу қызметі 1 жылдан асатын активтер

В) жер учаскелері

С) аяқталмаған құрылыс объектілері

Д) құрастырылмаған құрал-жабдықтар

Е) барлығы дұрыс

38. Міндеттерді есептен шырудан табыстарға жатады:

А) салық төлеушңің ликвидауиясының негізінде қалдық балансты қабылдаған кезде кредитормен керекті мңндеттемелер

В) кредитормен салық төлеушіден міндеттемелерді есептен шығару

С) соттың шешімімен заңдық күшпен енген міндеттемелерді есептен шығару

Д) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген қолдану мерзімінің өтуімен байланысты міндеттемелерді есептен шығару

Е) барлық аталғандар дұрыс

39. Салық кодексінің 115 бабына сәйкес салық салу табысын есептегенде есептен шығаруға жатқызылады:

А) келесі шығыстармен

В) тіркелген активтердің амортизациялармен

С) мемлекет бюджетке жатқызылатын айыппұлдар мен пениялар
Д) көрсетілу шығыстармен
Е) барлығы дұрыс

40. ЖШС «Айсберг»тің есептік кезеңі салық салу табысы 1200мың теңге құрады. «Бөбек» қайырымдылық қорына қайтарымсыз 600мың теңге сомасына құрал-жабдық жіберілді: қайтарылып жатқан кәсіпорынның салық салу табысы қай сомаға жатқызылады:

А) 24 мың теңгеге өседі
В) 600 мың теңгеге азаяды
С) 1200 мың теңгеге азаяды
Д) 24000 мың теңгеге азаяды
Е) 36000 мың теңгеге азаяды

41. Кәсіптік қызметтен залалдар салық салынатын табыстың арасында салық кезеңін өтеу үшін мерзімге тасымалдайды:

А) 5 жалға дейін
В) 3 жалға дейін
С) 10 жылға дейін соның ішінде
Д) 3 жылға дейін, соның ішінде
Е) 7 жылға дейін

42. Тіркелген активтер – ол:

А) ХҚЕС және ҚР бухгалтердлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес салық төлеушінің бухгалтерлік есебінде есепке алынған және табыс алуға бағытталған қызметті орындауға арналған негізгі құралдар, жылжымайтын мүлікке инвестициялар, материалды емес және биологиялық активтер

В) ХҚЕС және ҚР бухгалтердлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес салық төлеушінің бухгалтерлік балансында есептелген негізгі құралдар және материалды емес активтер

С) ХҚЕС және ҚР бухгалтердлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес салық төлеушінің бухгалтерлік балансында есептелген негізгі құралдар, жылжымайтын мүлікке инвестициялар, материалды емес және биологиялық активтер

Д) ХҚЕС және ҚР салық туралы заңнамасына сәйкес салық төлеушінің бухгалтерлік балансында есептелген негізгі құралдар және материалды емес активтер

Е) ХҚЕС және ҚР кедендік заңнамасына сәйкес салық төлеушінің бухгалтерлік балансында есептелген негізгі құралдар және материалды емес активтер

43. Амортизацияға жатпайтын тіркелген активтерге жатады:

А) барлық аталғандар
В) жер

С) мұражай құндылықтары
Д) сәулет және өнер ескерткіштері
Е) автокөлік жолдары, тротуарлар, бульварлар, скверлер

44. Амортизациялық аударымдар келесілермен есептелмейді:
А) автотранспорттық құралдар
В) жұмыс малы
С) ғимараттар
Д) жер
Е) барлық аталғандар

45. Амортизациялық аударымдарды есептейтін тіркелген активтер неше топқа бөлінеді:
А) 4
В) 5
С) 3
Д) 7
Е) 10

46. Амортизацияға жатпайтын активтерге жатады:
А) салық кодексінің 97 бабының 2 тармағына сәйкес әлеуметтік саланың объектілеріне жататын мүлік
В) құнды қағаздар
С) қатысу үлесі
Д) 2000 жылдың 1 қаңтарына дейін жүргізілген ҚР салық заңнамасына сәйкес алдын ала шегерімге жатқызылған негізгі құралдар
Е) барлық аталғандар

47. Амортизацияға жатпайтын тіркелген активтерге жатады:
А) 2000 жылдың 1 қаңтарында қолданған ҚР заңнамасына сәйкес құны жалпы шегерімге жатқызылған инвестициялық жоба негізінде есептелген тіркелген активтер
В) аяқталмаған капиталды құрылыс
С) фильм қорына кіретін объектілер
Д) ҚР-ның шама бірліктерінің мемлекеттік эталондары
Е) баплығы дұрыс

48. Салық салу табысы осылайша анықталады:
А) шығарылған жылдық жиынтық табыс және шығарылған шегерімдер
В) жылдық жиынтық табыс және шығарылған шегерімдер арасындағы айырма
С) салық кодексіне сәйкес анықталған жылдық жиынтық табыс жіне корректировка есебінің және шығарылған шегерімдер арасындағы айырма
Д) салық кодексіне сәйкес анықталған шығарылған шегерімдер және жылдық жиынтық табыс пен корректировка есебінің арасындағы аыйрма

Е) салық кодексіне сәйкес анықталған жылдық жиынтық табыс және шығарылған шегерімдер сомасы

49. Күмәнді міндеттер салық кодексінің 160 бабының 2 тармағына сәйкес анықталған және қанағаттандырылмаған сатын алынған тауарлар, сонымен қатар есептелген жұмыскерлердің табысы мен т.б. төлемдерден пайда болған міндеттер танылады:

А) осындай міндеттемелердің пайда болу күнінен бастап 3 жыл аралығында

В) осындай міндеттемелердің пайда болу күнінен бастап 2 жыл аралығында

С) осындай міндеттемелердің пайда болу күнінен бастап 5 жыл аралығында

Д) осындай міндеттемелердің пайда болу күнінен бастап 4 жыл аралығында

Е) осындай міндеттемелердің пайда болу күнінен бастап 1 жыл аралығында

50. Экспортқа деген ренттік салық бойынша деклорация салық органына кеш емес беріледі:

А) есептік айдан кейінгі екінші айдың 15-нен

В) есептіктен кейінгі жылдың 31 наурызынан

С) есептік салық кезеңінен кейінгі екінші айдың 15-нен

Д) есептік салық кезеңінен кейінгі айдың 15-нен

Е) ағымдағы салықтық жылдың 5 шілдесінен.

Әдебиеттер

1 Нурхалиев Д. М., Омирбаев С. М., Омарова Ш. А. Налоги и налогообложение в Республике Казахстан : учебник для вузов. – Астана : «Сарыарка», 2007. – 210 с.

2 Сейдахметова Ф. С. Налоги в Казахстане : учебное пособие. – Алматы : LEM, 2006. – 349 с.

3 Байдусенов А. Д. Налоговая система Казахстана // Финансы Казахстана. – 2008. – № 4. – С. 23–31.

4 Бекболсынова А. Налоговая система: исторический аспект // Правительственный вестник. – 2008. – № 10. – С. 70–73.

5 Завалишина А. Анализ механизмов налогообложения в Республике Казахстан // АльПари. – 2006. – № 3–4. – С. 122–126.

6 Нурумов А. Влияние налоговой нагрузки на экономический рост Республики Казахстан // АльПари. – 2006. – № 1. – С. 30–32.

7 Нурумов А. Проблемы распределения налогового бремени в экономике // Саясат. – 2006. – № 4. – С. 37–39.

8 Афанасьев В. Н. Малый бизнес: проблемы становления : учебное пособие. – М. : Юнити, 2005. – 550 с.

9 Идрисова Э. К. Налогообложение субъектов малого и среднего предпринимательства. – Алматы, 2007. – 115 с.

10 Карагусова Г. Л. Налоги: сущность и практика использования. – Алматы : Жети жаргы, 2007. – 321 с.

11 Мельник В. Д. Налоговый менеджмент : учебник. – Алматы : Данекер, 2005. – 220 с.

12 Русакова Г. А. Налоги и налогообложение : учебное пособие. – М. : Юнити, 2009. – 467 с.

13 Худяков В. В. Налоговая система Республики Казахстан. – Алматы, 2008. – 372 с.

14 Худяков В. В., Наурызбаев А. К. Налоги. – Алматы : Каржы–Каражат, 2008. – 410 с.

15 Худяков Н. К. Налоги: понятие, элементы, виды : учебник. – Алматы : Юрист, 2008. – 250 с.

16 Швец С. Д. Налоги и налогообложение : учебное пособие. – Харьков, 2005. – 349 с.

17 Юткина М. Налоги и налогообложение : учебник. – М. : ИНФРА–М, 2008. – 320 с.

Мазмұны

	Кіріспе.....	3
1	Салықтардың экономикалық мәні мен табиғаты	4
2	Салық элементтері және салықтардың жіктелуі…….	8
3	Қазақстан Республикасының салық жүйесі: құрылу кезеңдері мен бүгінгі жағдайына сипаттама.....	22
4	Салық саясаты және оның мемлекетіміздің экономикалық саясатындағы алатын орны. Салық механизмі.....	33
5	Қазақстан Республикасы салық жүйесінің ерекшеліктері ……	37
6	Корпоративтік табыс салығы.....	39
7	Жеке табыс салығы.....	50
8	Әлеуметтік салық.....	60
9	Жер салығы.....	64
10	Мүлік салығы.....	79
11	Көлік құралдарына салынатын салық.....	96
12	Қосылған құн салығы.....	104
13	Акциздер.....	113
14	Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу.....	123
15	Экспортқа рента салығы. Ойын бизнестеріне салық салу.....	135
16	Шет елдік заңды және жеке тұлғалардың табыстарына салық салу ерекшеліктері.....	137
17	Арнаулы салық режимдері.....	138
18	Шағын бизнес субъектілеріне арналған арнаулы салық режимі.....	146
19	Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимі.....	148
20	Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар мен селолық тұтыну кооперативтері үшін арнаулы салық режимі.....	149
	Тестілер.....	152
	Әдебиеттер.....	162